

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ

БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ

Қараша айы 2021 жыл | № 11 (26)

**Білім беретін, ғылыми,
танымдық, жарнамалық басылым**

МББ аты: «БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ» журналы

МББ тілі: қазақша, орысша, ағылшынша

Шығу жиілігі: айына 1 рет Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы

Меншік иесі: «Қаламгер ТЕН» ЖШС Алматы қаласы Бас редакторы: Нагиев И. Б.

Негізгі тақырыптық бағыты: білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық

«БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ» журналына жарияланған ақпараттардың
авторлық құқы ақпарат авторына тиесілі, редакция жауапты емес.

Жарияланған ақпарат авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Журнал ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген.

Куәлік № KZ37VPY00015077. Нұр-Сұлтан қаласы. 19.09.2019 жыл

Тапсырыс: 562 Таралымы: 3000 дана.

Журнал «Қаламгер ТЕН» ЖШС баспаханасында басылды.

Алматы қаласы – 2021 жыл Телефон: 8 777 055 0590

ЖАС ҰРПАҚҚА САНАЛЫ ТӘРБИЕ МЕН САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ

СУЛТАНБЕКОВА ГУЛЬЗАДА ГАЙНЕДЕНОВНА

Атырау қаласы «№ 24 жалпы орта мектеп» КММ

Бастауыш сынып мұғалімі. Педагог-зерттеуші

Қазіргі әлемде болып жатқан өзгерістер әлемдік білім беру жүйесін қайта қарау қажет екендігін паш етті. Қарқынды өзгеріп жатқан әлемде білім саласындағы саясаткерлер үшін де, жалпы мектептер үшін де, соның ішінде мұғалімдер үшін де ең басты маңызды мәселе болып отырғаны: «XXI ғасырда нені оқыту керек?» , «Мұғалімдер оқушыларды XXI ғасырға қалай дайындауы керек?»

Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының мазмұны осы мәселені шешуге бағытталған. Даму мен үйрену бір үйдің егіз балалары секілді. Бір-біріңіз толық салынбаған сурет секілді шимай болып қала береді. Дамығың келсе үйренесің, үйрене бастасаң, дамып жатсың деген сөз!

Жаңа заман талабына сай, әлеммен бірге өзгеру мақсатымен менде деңгейлік курсты оқып, жаңа форматтағы ұстаз ретінде қалыптасып келемін. Мұғалімнің ұстанымы оның көзқарастарын қалыптастыру барысына зор ықпал етеді, ал көзқарасы белгілі бір шешімдердің қабылдануымен сыныптағы іс әрекеттерді түсіндіру көзі болып табылады. Сондықтан кез келген мұғалімнің оқыту құралдары оның өз болжамдарының, білімі мен ұстанымының, көзқарастарының жиынтығынан тұруға тиіс.

Оқытудың қандай жолы қолданылса да, қарастырылатын екі көзқарас бар. Біріншіден, оқушының жеке тұлға және әлеуметтік нысан ретіндегі келешегі, екіншіден оқытудың оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас нәтижесі ретінде қарастырылуы. Бірінші деңгей бағдарламасы құзырлы мұғалімнің алдына оқушының жан дүниесін жақсы түсіне білу жөнінде нақты міндеттеме қойып отыр. Сондықтан мұғалімнің бойында Шұльман «үш көмекші» деп атаған қасиеттер болуы тиіс.

Бала бойына ата-анадан кейінгі ақыл-ой, адамгершілік, әдептілік, ар-ұят, ұлттық сана-сезімді сіңіруші адам – Мұғалім.

Ендеше өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жанына нұр құйып, өмірге өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізсем деп жүретін ұстаздардың жөні де, жолы да бөлек.

“Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға” деп Абай атамыз айтқандай, ұстаз еңбегінің қыр-сыры мол, қиын да жауапты, шығармашылық еңбек екендігін баршамыз мойындаймыз.

Менде ұстаздық жолымды мемлекеттік тілді өзге ұлт өкілдеріне үйретуге жиырма жыл бойы арнап келемін.

Қазіргі кезде оқыту үрдісін жоспарлаудың, қолданудың және бағалаудың жүйелі әдісі ретінде жаңа педагогикалық технологиялар түрлері көбейе түсуде.

Сондықтан осындай жаңартылған педагогикалық техногиялар ішінен өз қажеттісін таңдап алу – әр мұғалім үшін жауапты да іскерлікті талап ететін іс.

Сабақ түрі жаңа заман талаптарына сай өзгеріп, жаңарып отырса, жеткіншектерге оның әсері мен ықпалы ерекше болады. Олардың эмоциялық сезім-түйсіктеріне әсер ете білген ізденістерден көп пайда болатыны айтпаса да түсінікті. Дайын білімді таратуға негізделген «дәстүрлі» әдіс арқылы алынған білім оқушылардың жинақтаған өзге білімдерімен тиімді сіңісе алмайды, сол себепті де механикалық есте сақтау, үстірт білім алу жағдайлары орын алады.

Бұндай жолмен оқытудан алынған механикалық түрде есте сақталған мәліметтерді емтихан кездерінде ұтымды пайдалануға болады, бірақ мән-мағынасы терең меңгерілмей, жай ғана жатталғандықтан, тақырыпты оқыту аяқталған соң немесе емтихан біткен соң керексіз болып қалады және оқушы оны өмірде пайдалана алмайды. Сындарлы оқытудың мақсаты – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету.

Оқыту туралы сындарлы түсінік оқушыға нақты білім беруді мақсат тұтқан мұғалімнің өз сабақтарын оқушының идеясы мен білім-біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай ұйымдастыруын талап етеді. Бұндай міндеттер оқушылардың оқыған тақырып бойынша білімдерін өз деңгейінде көрсетіп, кейбір болжамдар бойынша күмәнді ойларын білдіре алатындай, пікір-көзқарастарын нақтылап, жаңа ұғым-түсініктерін өрістетуге орайластырылып құрылады.

Мұғалім қызметіндегі маңызды дүние – кейбір оқушылардың тақырыпты өзіне оңтайлы бірегей тәсілдермен меңгеретіндігін жете түсінуі. Бұл жағдайда оқушының мәселені түсіну деңгейін анықтап, оның түсінігін толықтыруға немесе қайта құруға көмектесу мұғалімнің міндеті болып табылады.

Менде өз сабақтарымда жаңа технологияларды қолданып жүрмін. Деңгейлік бағдарлама бойынша жұмыс жасай бастағаннан бастап, оқушылардың бойынан өзгерістер байқала бастады.

Бұрынғы дәстүрлі сабақта оқушы мұғалімнің баға қоюын тосып, қатесін тауып бергенін күтіп отырса, қазір өз қатесін өзі тауып өзі түзетуге машықтанып келеді.

КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУ - ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН, БАҒДАРЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

ШОКИБАЕВА РИМА МАМРАЙМОВНА

*Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, С. Қожанов атындағы
№ 55 орта мектебінің директордың кәсіби бағдар беру жөніндегі орынбасары*

Кәсіптік бағдар беру – еліміздің халық шаруашылығындағы, жекелеген салалардағы, экономикалық аймақтағы еңбек ресурстарын бөлу қажеттілігін қанағаттандыра отырып, әрбір тұлғаның жеке-дара ерекшеліктерін ескеруді талап ететін, әрі жастарды таңдаған кәсібіне еркін және өз еркімен дайындаудың ғылыми негізделген жүйесі.

Өмірлік жоспар — бұл әлеуметтік этикалық тәртіптегі құбылыс. Бозбалалық кезеңдегі дамуда кім болу (кәсіптік өзін-өзі анықтау) және қандай болу (моральды өзін-өзі анықтау) сұрақтары ерекшеленбейді. Жасөспірім бір жақсы, маңызды, әлеуметтік мәнді іс тындырғысы келеді, бірақ оның бәрі көбінесе арман. Белсенді де, жарқын болатын арманнан гөрі өмірлік жоспар — бұл әрекет жоспары, сондықтан ол, біріншіден, мамандық таңдауға тіреледі. Жасөспірімдер үшін мамандық таңдау — белгілі бір деңгейде моральды мәселе. Мамандық таңдаудағы басты жетекші, бұл-өзіміздің қалауымыз, яғни таңдауымыздың өз көңілімізден шығуы. Мамандық таңдау диапазоны кең болған сайын, психология жағынан да дәл сондай ауыр.

Өзін-өзі анықтау барда өзін-өзі тежеу де бар. Оқушы профессионалды қатынаста әлі ешкім емес, таза парак. Ол слесарь, дәрігер, құрылысшы болуы мүмкін. Мамандық таңдауда өзін-өзі анықтау әр қырынан көруге болатын көп баспалдақты процесс.

Біріншіден, қоғамның жаңадан тұлғаға айналып келе жатқан адамға қоятын қызметтер сериясы. Ал, бұл тұлға белгілі бір уақытқа дейін оны шешуі тиіс.

Екіншіден, шешім қабылдау процесі, сол арқылы тұлға өз қабілеттері мен таңдауын оптимистік тұрғыда қарайды.

Үшіншіден, жеке өмір стилін жасау, ал оның бір бөлігі болып, мамандандырылған іс-әрекеті саналады.

Осы үш кіріспе жұмысты әр қырынан анықтайды: біріншіс і-қоғамның сұранысынан туындайды, үшіншіс і-тұлғаның қабілеті, екіншіс-екеуінің келісу мүмкіндігін көрсету, бірақ бұл үшеуі де бірін-бірі толықтырады; біріншісі — әлеуметтік, екіншісі — әлеуметтік-психологиялық, үшіншісі— дифференциалдық-психологиялық тұрғыда.

Жасөспірімнің психологиясында мамандық таңдаудағы өзін-өзі анықтау үш сатыдан бөлінеді:

- Балалық ойын. Бұл ойында бала өзіне әр түрлі маман рөлін алып, кейбіреулері өзін-өзі ұстау элементтерімен көрінеді.
- Бозбалалық-бойжеткендік фантазия, мұнда олар өзіне ұнайтын мамандықты армандайды.
- Бозбалалықпен осы жастың көп бөлігін қамтитын – алдын-ала мамандық таңдау.

Іс-әрекеттің түрлері таңдалынып ең алдымен жасөспірімнің көзқарасы бағаланады, (мен тарихты жақсы көремін, тарихшы болайыншы) сонан кейін қаб ілеттілік көзқарасы, (менде математика пәні жақсы келе жатыр, сонымен айналысайын ба?), ең соңғы көзқарасы бағалы мамандық (мен ауырған жандарға көмектескім келеді, дәрігер боламын, т.б.).

Мамандық таңдау көп баспалдақтылығымен ерекшеленеді. 9-сынып соңында оқушылар екі әлеуметтік бағдарлаудан таңдау жасауы керек: 10 - сыныпқа түсіп жалпы білімді жалғастыру немесе мамандандырылған білім. Көп жеткіншектер бұл кезеңде оқу мен жұмысты да бірдей алып жүргісі келеді.

Мүмкіндік қызығушылығынан және бағалық бағдарлауынан басқа мамандық таңдауға шешім қабылдау үшін, негізгі рөл атқаратын нәрсе өзінің объективтік мүмкіндіктерін бағалау болып саналады (жанұяның материалдық жағдайы, алған білімінің деңгейі, денсаулығы, т.б.).

Кәсіби білім алушылар мен жұмыс істеушілердің әлеуметтік және кәсіби бағдарын анықтау керек, яғни, қайда оқығысы, жұмыс істегісі келеді. Оқушыларда мамандық таңдау жайлы ақпарат екіге бөлінеді: бүкіл мамандықтар әлемі және олардың мүмкіндіктер і мен қоятын талаптары; өзінің ойын, қабілетін, қызығушылығы жайлы, бірақ жоғарыдағы, төмендегі айтылған мәліметтер жоғарыдағыға жетпейді.

Бозбалалық шақтың негізгі ерекшелігі — өмірлік жоспарларының құрылуы. Бір жағынан өмірлік жоспар тұлғаның өз алдына қойған мақсаттарының ұлғаюынан және ауыспалы мақсаттарды бағындыратын құндылықты бағыттың тұр ақты ядросының құрылуының нәтижесінде туады. Екінші жағынан, мақсаттар мен уәждердің нақтылануы мен дифференциялану процесі жүріп жатады. Бәрі де мүмкін болатын арманнан және абстрактілі идеядан, кейде қол жетпес үлгіден бірте-бірте біршама реальды шындыққа негізделген іс-әрекет жоспары жасалады.

Жоғары сыныптардағы оқушылардың білімге, кәсіби еңбекке қызығушылықтары және соған байланысты қалыптасатын кәсіби бағалы қабілеттері орта сыныптармен салыстырғанда елеулі түрде тұрақталынып, олардың күнделікті кәсіби іс-әрекеттеріне айтарлықтай ықпал етеді. Себебі, бұл жастағы оқушылардың негізінде барлық физиологиялық және психологиялық процестерінің жетілуі аяқталады, ары қарай тек дербес танымдық қызығушылықтары мен іскерлік тәжірибелері үздіксіз жетіліп отыруларына қажетті жағдай мен ықпал жасалынып отырылса ғана, олардың кәсіби бағалы қабілеттері өзара байланыста мейлінше өрістей алады. Осының негізінде орта сыныптарда қалыптасқан танымдық қабілет дүниетанымдылыққа, хабардарлыққа, болжамдық мақсаткерлікке, ізденімпаздық, шығармашылық деңгейлерге дейін көтеріліп, тұлғаның тұтас кәсіби іскерлік қабілетінің сапасын арттырады.

Кәсіби құндылық бағдардың нәтижелері оқушының жеке тұлғасының қалыптасуына, танымдық біліктерінің жетілуіне, психологиялық механизмдер арқылы оң әсерлердің туындауына, рефлексия нәтижесінде өз іс-әрекетіне жауапкершілік, өз болашағына және қоғам өміріндегі құндылықтар мен дұрыс қозғалыс ұстанымдарының қалыптасуына мүмкіндік береді.

Кәсіби құндылық бағдарды қалыптастыруды басқару үдерісінің алғашқы кезеңі - жоспарлау (бағдарлау).

Ол оқушылардың жас шамасына байланысты кәсіби құндылық бағдар беруді басқарудың жүйелілігін, сабақтастығын, үздіксіздігін, оқушыларға мектептің, отбасының ықпалын қамтамасыз етеді, жоспар негізінде кәсіби құндылық бағдарды қалыптастырудағы қиындықтар анықталынып, негізгі міндеттер белгіленеді.

Кәсіби құндылық бағдарды қалыптастыру көрсеткіштерін анықтау үшін бір-бірімен тығыз байланысты салалардан тұратын бірыңғай жүйе ретінде қарастыру қажет.

Атап айтсақ, олар: кәсіптік білім; іс-әрекеттің саласында оқушылардың ынтасын, икемділігін, талабын байқап, әрі қарай дамыту; кәсіби ақыл-кеңес; кәсіптік таңдау; кәсіби бейімдеу.

Кәсіптік білім - оқушылардың әлеуметтік-экономикалық, психикалық-физиологиялық ерекшеліктері бар түрлі мамандықтар туралы білім жиынтығы; сол кәсіптердің біреуін дұрыс таңдауға жағдай жасау; оқушылардың кәсіби және қоғамдық қызметтерге деген көзқарасын дұрыс тәрбиелеу, психикалық-физиологиялық мүмкіндіктерін және қоғамның әлеуметтік-экономикалық қажеттілігін дұрыс түсінуін қалыптастыру. Өз кезегінде кәсіптік ағарту, кәсіптік хабарламадан, кәсіптік насихат пен кәсіптік үгіттен тұрады. Мысалы, оқушыларға ауыл шаруашылығының кейбір салаларына қажетті мамандар жайында хабарлама және сол мамандықтарды оқып-үйренуге жағдай жасау, сонымен қатар, ауыл шаруашылығына қажетті мамандықтар туралы насихат жүргізу. Бұл жұмыстардың бәрі оқушылардың ой-өрісіне бағыт береді, мұны кәсіптік үгіт деп те қар ауға болады. Оқушыларға кәсіптік бағдар беруде олардың әр саладағы кәсіптік қызметке қызығуы мен бейімделуінің сәйкес келуі үлкен орын алады.

Оқушылардың жеке тұлғасын зерттеу – жеке адамға әсер ету оның психикалық ерекшеліктеріне қарай жүргізіледі. Балалардың ой-өрісі, мақсат-мұраты, пәндерді саналы оқытуда қалыптасады. Адамдардың белсенділігінің жоғары болуы да пәндерді оқыту арқылы іске асады. Әлеуметтік белсенділікті қалыптастыру - адамдар арасындағы қарым- қатынастың дамуына әсер етеді. Пәнді білім, білік, дағдыны игеруде, оқушылардың өмір тәжірибесінде, қоғамдық қатынас жүйесінде адамгершілік нормалары орнығады. Оқыту белсенділігі сабақ кезінде ғана емес, сабақтан тыс уақытта да жүзеге асырылады. Оқушылардың мамандық әлемімен, техника негізімен және өндіріс технологиясымен танысуы олардың қызығуына, бейімділігіне, белгілі бір жұмысқа ынталануына көмектеседі.

Кәсіби ақыл-кеңес беру арқылы оқушының өзіне тән ерекшелігіне, таңдаған кәсібінің талаптарына баса назар аударылады.

Кәсіби кеңес беру оқушыларға әлеуметтік кәсіптік жоспар жасауға көмектесумен ғана шектелмей, олармен бірігіп, жоспарды іске асыру, жалпы және кәсіптік білім алу деңгейін көтеру мәселелерін, мамандық таңдауға идеялық, адамгершілік негіздерінің қалыптасуын, сол сияқты оқушылардың мәдени-өсіп дамуын қалыптастырады. Мамандықтар туралы кеңес беру нәтижесі, атап айтқанда, оқушылардың қабілеттеріне байланысты іс-әрекеттерін ұйымдастыру жұмыстарымен тығыз байланысты. Сонымен қатар, бақылау қызметін атқарады.

Кәсіптік таңдау - мектептен тыс, арнайы зертханада және таңдаған мамандығының өзіне тән еңбек жағдайына байланысты жүргізіледі. Кәсіптік таңдаудың мақсаты - адамның белгілі бір еңбек түріне жарамдылығын анықтау. Егер адамның таңдаған мамандыққа негізгі бір кәсіби сапасы сәйкес келмесе, оны жұмысқа алудан бас тартады. Осыған байланысты кәсіптік таңдауды жеке бастың әлеуметтік еркін азайтуға бағытталған әрекет деп қарауға болмайды. Керісінше, ол жеке басты кейбір қауіптен алдын-ала сақтандыру болып саналады. Кәсіптік таңдау, кәсіби бағдардың негізгі бір бөлігі болып табылады.

Кәсіби бейімдеу - жас адамның өндіріске, жаңа әлеуметтік ортаға, еңбек жағдайына және белгілі бір мамандық ерекшелігіне белсенді араласуы. Кәсіби бейімдеу дұрыс мамандық таңдаудағы негізгі жетістік болып табылады. Кәсіби бейімдеу адамның ынтасын әрі қарай жетілдіруге, оның еңбекке белсенділігін әлеуметтік таныммен бірге жүзеге асыруға бағытталады.

* * * * *

«ҚАЗАҚ ҚЫЗЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ КӨЙЛЕГІ»

СЕРДАЛИНА АЙНАШ ИДЕЯТОВНА

Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы, Чапаев ауылы

Ақжайық аграрлық техникалық колледжінің

«Қолөнер» үйірме жетекшісі, қосымша пән оқытушысы

Қазақтың қыз-келіншектерінің ұлттық көйлегі киімдерінің өздік ерекшеліктері бар. Олардың көбі бұрынғы кейпінде сақталған, ал кейбіреулері, кішкене өзгеріске ұшыраған. Олардың әр-алуан түрлері бар, қыз балалар мен әйелдер киімі деп бөлінеді. Екі түрлі киімнің де өздік айырмашылықтары түсіне және сұлбасына байланысты. Сұлу да сымбатты қазақ қыздарының киім-кешектері неше түрлі үлгілері, түстері бар, қызыл, сары, жасыл, ақ сияқты ашық түсті болған. Қыз балалар мен әйелдер көркем заттарды, киімдерді киюді, әшекейлерді таққанды ұнатады. Қазақ халқының әлеуметтік деңгейін әйелдердің киіміне қарап анықтауға болады. Сол себепті ұлттық киімді қымбат матадан тігіліп, асыл тастармен әрлендірілген.

Негізінде қазақ қыздары бала кезінен ұлттық киімдерді киіп өскен. Олар өмірде болып жатырған белгілі бір себептерге орай ұлттық киім киген. Киімнің үлгісі қыздың жасына және мәртебесі мен дәрижесіне байланысты болған. Киілетін киімнің тігілуі де, әшекейі де әр түрлі болған. Қазақтың қыз-келіншектерінің ұлттық көйлегінің ерекшелігі тұла бойын жауып тігілуінде. Қыз-келіншектерінің әсіресе бас киімі,оның жасы мен отбасындағы жағдаймен байланысты өзгеріп отырған. Киімде барлық ұлттың, жалпы халықтың болмысы жатса,қызды қырық үйден тиым жасаған қазақ, қыз-келіншектерінің киімінде көшпелі ұлттың қатпарлы тарихы қатталып жатқандай. Қыз етегінің ұзын болуы да, ибалықты білдірсе, кимешек секілді басты жауып тұратын бас киімдер көшпелі халықты желдің өтінен,күннің ыстығынан,қыстың ызғарынан қорғаған.

Ғалымдар ұзақ жылдар бойы сан түрлі тәжірибе жасап барып, дәлелдеп жатқан дүниелерін бір ауыз сөзбен айтып кеткен көреген халық, біздің ата-бабаларымыз, ақ түстің денсаулықты қорғай алатын қасиеті бар екенін біліп,ақ үсті киелі түске айналдырған. Айтып кеткендей, киімдер қазақ қызының жасына байланысты тігіліп отырған. Мысалы жаңа туған нәрестеге иткөйлек кигізген. Ал есі кіріп қалған қыз баланың тұлымшағын өріп, басына тақия, үстіне тізесін жауып тұрған көйлектер кигізген. Бойжеткен жаздыгүні жұқа матадан тігілген тақия кесе, қыста бөрік киген.Тұрмысқа шықпаған бойжеткен барынша сәнді киініп жүрген.

Қыздардың киімдері аса ұқыптылықпен тігілген, ою–өрнектің: айшық, қошқармүйіз, балдақ, шұғыла, иттабан, бөрікөз, құсмұрын сынды түрлерімен әшекейленіп,түрлі тастармен безендірілген.

«Керім жібек басына сәлде орайды,бір ораған сәлдесін жүз орайды» дегендей келін өзге шаңырақтың босағасы аттаған сой, оған жаулық салып,еншілейді. Яғни, орамал тұрмысқа шыққандықтың белгісі.

Қазақ әйелдері көбіне үй шаруасымен айналысып, шаңырақтың ырысын сақтап отырған. Салт бойынша әйел адамдар балалары көрінгеннен кейін кимешек киген. Әйел егде тартқан сайын, кимешегі де қарапайымдала берген. Кимешек көшпелі өмірге бейімдедіп тігілгендіктен, көшіп –қонған заманда таза әрі жылуды ұстау үшін киген. Кимешектің үстінен жаулық тартқан. «Ақ жаулықты әже »тіркесі осыдан шықса керек. Жаулықтың маңдайына қатты қағаз салып орау әжелердің мәртебесін салтанатты көрсеткен.Үстіне тобыққа жететін көйлек кию қазақ қызына тән ерекшелік. Өйткені біздің елде қызды ибалы,инабатты етіп тәрбиелеген. Сондықтан,кішкентайынан үйреніп, өмір бойы ұзын етекпен жүрген. Кіндік тұрмақ аяғы ашылмаған қыздарды ата-бабаларымыз қатаң қадағадап, киім киісін, жүріс-тұрысын бірге сіңіріп тәрбиелеген.

Қазақ қызының көйлегі бүрмелі, тік етек, қос етек, үш етек, көп қатарлы етек деп бірнеше түрге бөлінеді. Көйлектің пішілуі, тігілуі, әшекейленуіне дейін зерттеліп, пішімі көп өзгеріп дамып отырғанымен, қазақ қызының киім үлгісінің бағыты өзгермей кейінгі ұрпаққа сақталды.

Бұл күні заманның заңына орай, киім киісімізді ұлттық бағытқа бейімдеуге болады.Ұлттық көйлегіміз сахналық үлгіде және күнделікті киетін үлгіде де дайындалып, күнделікті өмірде сауда үй сөрелерінен қолайлы бағаға табылып жатыр. Қазіргі заманауи киімдерді, ата-бабадан қалған нақыштар бойынша сәндеп жүрген дизайнерлеріміз аз емес. Отандық сән әлемінде көзге түсіп жүрген брендтер «Aya Barani», «Aida Kaumenova». Көпшілік ықыласына бөленіп жүрген танымал дизайнерлер: Ая Бапани,Аида Кауменова,Салтанат Баймухамедова,Леонид Жеребцов өз туындыларында өз туындыларында қазақ халқының бай мәдениеті мен ұлттық ою-өрнектерін әлдеқайда тартымды екенін дәлелдеп жүр.Ұлттық нақышта безендірілген киім үлгілерін шетелдік сән көрсетілімдеріне шығарылуда. Нәтижесі дамыған елдермен бәсекелестікте жоғары бағаланып сұранысқа ие болуда.

Халқымызға тән нақышта сәнделген киім-кешектер заманауи үлгіде халыққа тек сән қойылымдарынан ғана емес, күнделікті өмірде де кейбір элементтері қолданысқа ие болса, ел мәртебесінің артуына әсер етеді.

* * * * *

АТЕРОСКЛЕРОЗДЫҢ АЛДЫН АЛУДАҒЫ МЕДБИКЕНІҢ РӨЛІ

ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІ: АЯЗХАН ҰЛБИКЕ

АЙМАҒАНБЕТОВА ИЛЬМИРА АБДИГАЛИЕВНА

Кеңес Одағының Батыры Мәнишук Мәметова атындағы

Ақтөбе жоғары медициналық колледжінің бакалавр студенті

Атеросклероз - бұл негізінен серпімді немесе бұлшықет-серпімді типтегі артерияларға әсер ететін және май мен ақуыз алмасуының бұзылуынан туындаған созылмалы ауру. Липидтер мен белоктардың ошақты тұнбасы артериялардың қабырғасында болады, оның айналасында дәнекер тіндері өседі.

Атеросклероз ағымының бастапқы кезеңі мен үш кезеңге бөлінетін клиникалық көріністер кезеңін ажыратыңыз: ишемиялық, тромбоэкротикалық және склеротикалық.

Аурудың дамуына ықпал ететін факторлар:

- атеросклероз кезінде перифериялық қан айналымының бұзылуына байланысты құрғақ тері;
- өз ауруы, себептері мен нәтижелері, болжамы туралы білімінің болмауы;
- ұсынылатын диета, дәрі-дәрмектерді қабылдау ерекшеліктері туралы білімнің болмауы;
- зертханалық және аспаптық зерттеулерге дайындық ережесі
- Өзін-өзі бақылау, өз-өзіне көмектесу және өзара қамқорлық дағдыларының болмауы
- Өмір салтының өзгеруіне байланысты аурудың болжамы туралы алаңдаушылық сезімі

Медбике «Мейірбике ісіндегі коммуникация және педагогика негіздері» тарауларында көрсетілген ұсыныстарды қолдану арқылы білімнің жетіспеушілігін жоюда пациенттің мәселелерін қанағаттандыра алады.

- Құлау және жаракат алу қаупі (көру, есту, тепе-теңдіктің бұзылуы)
- Күйіп қалу қаупі
- Инфекцияны енгізу қаупі
- Препараттың жанама әсерлерінің қаупі

3-кезең . бұл анықтама:

- Қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді мақсаттар (шарттарды, мерзімдерді, критерийлерді көрсету)
- Анықтамасы бар тапсырмалар:

А) дәрігерге қатысты тактика;

В) науқасқа оның әл-ауқатын жеңілдету үшін көмек көрсету;

С) функционалдық жағдайды бақылау;

Д) мүмкін болатын асқынулардың алдын алу шаралары

Атеросклероз - бұл негізінен серпімді немесе бұлшықет-серпімді типтегі артерияларға әсер ететін және май мен ақуыз алмасуының бұзылуынан туындаған созылмалы ауру. Липидтер мен белоктардың ошақты тұнбасы артериялардың қабырғасында болады, оның айналасында дәнекер тіндері өседі.

Атеросклероз ағымының бастапқы кезеңі мен үш кезеңге бөлінетін клиникалық көріністер кезеңін ажыратыңыз: ишемиялық, тромбоэкротикалық және склеротикалық.

Аурудың дамуына ықпал ететін факторлар:

- Атеросклероз кезінде перифериялық қан айналымының бұзылуына байланысты құрғақ тері

Психологиялық мәселелер:

• Өз ауруы, себептері мен нәтижелері, болжамы, ұсынылатын диеталық талаптар, дәрі-дәрмектерді қабылдау ерекшеліктері, зертханалық және аспаптық зерттеулерге дайындық ережелері туралы білімнің болмауы

- Өзін-өзі бақылау, өз-өзіне көмектесу және өзара қамқорлық дағдыларының болмауы
- Өмір салтының өзгеруіне байланысты аурудың болжамы туралы алаңдаушылық сезімі

Қауіпсіздік мәселелері:

1. Құлау және жаракат алу қаупі (көру, есту, тепе-теңдіктің бұзылуы)
2. Күйіп қалу қаупі
3. Инфекцияны енгізу қаупі
4. Препараттың жанама әсерлерінің қаупі

3-кезең . бұл анықтама:

- Қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді мақсаттар (шарттарды, мерзімдерді, критерийлерді көрсету)
- Анықтамасы бар тапсырмалар:
 - A) дәрігерге қатысты тактика;
 - B) науқасқа оның әл-ауқатын жеңілдету үшін көмек көрсету;
 - C) функционалдық жағдайды бақылау;
 - D) мүмкін болатын асқынулардың алдын алу шаралары

Мейірбикелік араласу жоспары (тәуелсіз, өзара тәуелді, тәуелді)

Әрбір мәселе бөлек шешілетінін есте ұстаған жөн. Мақсат қою және мейірбикелік араласулар оқудың екінші жылында: «SPER», «Дезинфекция», «Стерилизация», «Ең қарапайым физиотерапия әдістері», «Науқастарды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету», «Мектеппен жұмыс істеудегі мейірбикелік процесс» тақырыптарында қарастырылды. ауыр науқастар, қозғалмайтын, қарт адамдар », сондай-ақ ағымдағы курстың алдыңғы лекцияларында.

4-кезең . манипуляцияның, процедураның және күтімнің белгілі стандарттарын қолдана отырып, мейірбикелік араласу жоспарын жүзеге асыру.

5-кезең . деңгейде мейірбикелік араласулардың тиімділігін бағалау

- Науқас (оның қажеттіліктерін қанағаттандыру дәрежесі)
- Медбикелер (тапсырмаларды, мақсаттарды орындау, интервенциялардың стандарттарға сәйкестігі)
- бас медбике

Мейірбикелік процестер

Атеросклероз кезіндегі мейірбикелік процесс

Атеросклероз (грек athera бастап - каша және склероз - тығыздау) нығыздау сипатталатын созылмалы ауру болып табылады, артерия қабырғаларының серпімділік жоғалуы, олардың қуысының тарылту, органдарының қанмен бұзу кейін. Байланысты артерияның ішкі шырышты Липидтер алмасуының бұзылуына, май тәрізді заттар, сақтауға осы жерлерде дәнекер тіннің өсуі кейін. Бұл процесс диффузды және жергілікті (бір атеросклероздық тақта қалыптасады) және оттегі жеткізу және басқа да маңызды қоректік заттар (көп дұрыс яғни, гипоксия немесе, дамытады органның немесе тіндердің ишемия) бір шектеу әкеледі болуы мүмкін. Әдетте органның бүкіл артериялық жүйесі (біркелкі болса) әсер етеді.

Май тәрізді заттардың шөгуі жас ұлғайған сайын артады. Атеросклеротикалық бляшка бірте-бірте қалыптасады, уақыт өте келе бляшканың кейбір жерлерінде кальцинация дамиды, жаралар пайда болады, қан ұйығыштары қосылады, қан ағымы қиындайды.

Атеросклероздың нәтижесінде қанмен қамтамасыз етілмейтін органда аурудың клиникалық көрінісін анықтайтын бұзылулар пайда болады.

Атеросклероз егде жастағы адамдардың айнымас серігі болып табылады, бірақ ол жастарда да болуы мүмкін. Тамырлардағы атеросклеротикалық бляшкалар жаңа туған нәрестелерде де табылды.

Егде жастағы адамдарда атеросклероздың дамуына эндокриндік байланыстың біртіндеп тоқтауы (әйелдердегі эстрогендердің қорғаныш рөлі), жоғары калориялы диетамен үйлесетін отырықшы өмір салты ықпал етеді.

Алдын ала факторларға сондай-ақ жүйке-психикалық шамадан тыс жүктеме, әртүрлі зат алмасу бұзылыстары - семіздік, подагра, созылмалы алкоголизм (қан айналымы процестерінің жүйкелік реттелуін өзгертеді) және т.б.

Атеросклероз және артериялық гипертензия

Бұл екі ауру бір-бірімен тығыз байланысты деп есептеліп, адамның артынан көлеңке түскендей атеросклероз гипертониядан кейін келеді деп бекер айтылмаған. Гипертония ұзақ уақыт бойы сақталса, әдетте атеросклероз дамиды және гипертония оның дамуына ықпал ететін фактор екені даусыз. Мұны да Н.Н. Аничков, белгілі патологоанатом, Ресей медицина ғылымдары академиясының академигі. Жиі қан тамырларының спазмы тамырдың интимасындағы май тәрізді заттардың тұндырылуын тездетеді.

Егер гипертония мен атеросклероздың өзара байланысы туралы айтатын болсақ, онда бұл екі аурудың жақындығы соншалық, бірқатар отандық және шетелдік клиникалар оларды патогенетикалық және этиологиялық жағынан бір-бірімен байланысты деп санайды.

Ресейдегі кардиологияның негізін салушылардың бірі академик А.Л. Мясников тіпті әртүрлі бағытта дамиды бірдей ауру болуы мүмкін деп есептеді: кейбір науқастарда тамыр-қозғалыс бұзылыстары (гипертония), ал басқаларында метаболикалық бұзылулар (атеросклероз) бағытында.

Қан тамырларының атеросклерозындағы мейірбикелік процесс Науқас проблемалары

Нақты:

- бас аурулары;
- бас айналу, есте сақтау қабілетінің жоғалуы, жүрек жұмысындағы үзілістер;
- жүру кезінде аяқтың ауыруы;
- физикалық жүктеме кезінде енгігу;
- кеудедегі ауырсыну ұстамалары. Физиологиялық;
- дефекация актісімен қиындықтар. Психологиялық;
- науқас өзінің ауруына, әртүрлі тамырлы асқынулардың даму болашағына байланысты қатты алаңдайды;
- аурудың себептері туралы;
- аурудың болжамы туралы;
- липидті төмендететін препараттарды қабылдау қажеттілігі туралы;
- диетаны сақтау қажеттілігі туралы (калорияны, тұзды, холестерині бар өнімдерді шектеу).

Атеросклероз кезіндегі мейірбикенің мейірбике іс-әрекеті

- Пациентке жалпы көмек көрсету
- іш киім мен төсек-орын жабындарын ауыстыру, белгіленген диета бойынша науқасты тамақтандыру, палатаны желдету (сызбалардың жоқтығына көз жеткізу);
- дәрігердің барлық рецепттерін орындау;
- дәрілік заттарды қабылдаудың жүйелілігі үшін;
- науқастың күн режимін, демалысын, тамақтануын сақтауы үшін.
- Сұхбат өткізу:
- шығарылғаннан кейін кардиолог пен невропатологтың бақылауында болу және олардың барлық нұсқауларын орындау қажеттілігі туралы;
- науқастың есте сақтау қабілетінің төмендеуін ескере отырып, диетаны сақтау және дәрі-дәрмектерді уақытылы қабылдауды қадағалау қажеттілігі туралы туыстарымен әңгімелесу.

Атеросклерозға арналған диета

Дұрыс тамақтану принциптері

Салауатты тамақтанудың заманауи үлгісі пирамидаға ұқсайды. Оған назар аударатын отырып, сіз күн сайын теңдестірілген диета жасай аласыз.

Пирамида нан, жарма және картопқа негізделген. Келесі қадам - көкөністер мен жемістер.

Келесі деңгейде сүт өнімдері (сүт, йогурт, ірімшік), сонымен қатар ет, құс еті, балық, бұршақ дақылдары, жұмыртқа және жаңғақтар.

Пирамиданың жоғарғы жағында майлар, майлар және кейде алкоголь мен тәттілер, яғни. ең аз мөлшерде тұтынылуы керек тағамдар.

Теңгерімді диета - бұл тағамды оңтайлы арақатынаста тұтыну. Ең алдымен, диетадан жануар майларын алып тастау арқылы калорияларды азайту керек.

Екінші орында – С, Е, А дәрумендерінің, бета-каротиннің, басқа дәрумендер мен минералдардың негізгі көзі болып табылатын көкөністер мен жемістердің максималды мөлшері.

Негізгі азық-түліктердің негізгі қатынасы: 55% көмірсулар, 15% белоктар және 30% майлар.

Анау. Атеросклероз кезінде теңдестірілген диета калорияны тұтынудың жалпы төмендеуімен (тәулігіне 1500-2000 ккал дейін) жануар майларының айтарлықтай төмендеуін білдіреді. 1 г майлар мен 1 г ақуыздар мен көмірсулар жағылғанда қанша калория түзілетінін есте сақтау маңызды.

* * * * *

ХИМИЯ ЖӘНЕ БИОЛОГИЯ ПӘНДЕРІ БОЙЫНША БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДАҒЫ ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ

ИЗТЛЕУОВА НУРЖАМАЛ АЗАМАТОВНА

*Ақтөбе облысы, Алға ауданы
Қарақобда мектеп-балабақшасы
Химия және биология пәнінің мұғалімі*

Заман талабына сай ғылым мен техниканың жетістіктерін білім беру саласында жүзеге асыру бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Жаңа заманғы білім беру жүйесі жаңа міндеттерді жүктейді.

Сондықтан қазіргі білім берудің жаңа ақпараттық технологияларын игермейінше, сауатты, жан-жақты, білімді маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің оқу-тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруына көмектеседі. Сонымен қатар мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбеттерінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Бүгінгі таңда білім ұйымдарындағы пәндерді дербес компьютер көмегімен оқыту нәтижелігін зерттеудегі ғылыми мәселелерді шешу ең басты орын алады. Мектептегі пәндерді оқыту процесінде компьютерді қолданып сабақ өткізу мұғалім мен оқушы қарым-қатынасы жүйесін, олардың іс-әрекетінің мазмұнын, құрылымын, өзгерте отырып, олардың мотивациялық эмоциональдық ортасына, сезімінің өсуіне әсер етеді.

Соңғы жылдары көптеген елдерде орын алып отырған ғаламдық өзгерістер — мемлекеттердің жаңа дәуірге, қоғамдық өмірлік негізін ақпараттық ресурстармен ақпараттық коммуникациялық технологиялар құрайтын ақпараттық кезеңге қадам басты.

Қазіргі таңда ғылыми техниканың даму қарқыны оқу-ағарту саласының оқу үрдісіне жаңа технологиялық әдістер мен жаңа технологияларды қолдануды кең көлемде қажет етеді. Білім берудің негізгі мақсаты — білім мазмұнын жаңартумен қатар, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, белсенділігін арттыру мақсатында интерактивті тақтаны пайдаланып сабақ өткізудің көптеген мүмкіншіліктері бар: біріншіден, интерактивті тақта арқылы электронды оқулықтарды қолдануға және оны көшіріп алып, белсенді жұмыс істеуге болады; екіншіден, қосымша материалдарды да көшіріп енгізіп, онымен белсенді жұмыс істеуге болады; үшіншіден, тақта ретінде жазуға, сызуға, өшіруге, дайын сызбаны жасап қоюға, жартылай жауап кезінде қолдануға т.с.с. көптеген іс-әрекеттерді жасауда уақытты үнемді пайдалануға болады.

Биология мен химия — ХХІ ғасыр ғылымдары. Сондықтан да олар жаңа ақпараттық технологияларымен тығыз байланысты. Қазіргі кездегі білім беру жүйесінде негізгі мақсат оқушыға жеке тұлға ретінде қарап оның дамуына көп көңіл бөлу. Бұл пәндерді оқыту мұғалімге зор міндеттерді талап етеді, өйткені ол бүкіл сыныптың қажеттіліктеріне жауап беруі тиіс. Міне, осы жағдайда жаңа технологиялардың көмегі зор.

Қазіргі кезде оқыту үрдісін жоспарлаудың, қолданудың және бағалаудың жүйелі әдісі, адамдардың техникалық ресурстардың білімді игеру жолында өзара тиімді әрекет етуінің негізі ретінде жаңа педагогикалық технологиялар түрлері көбейе түсуде. Сондықтан жаңа педагогикалық технологиялардың ішінен өз қажеттісін таңдап алу - әр мұғалім үшін жауапты да іскерлікті қажет ететін іс.

Бес бағытқа бағдарланған елуге жуық технологиялар ғылыми түрде негізделген. Оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруда сын тұрғысынан ойлау технологиясын сабақ беру үрдісінде қолдану өте тиімді жолдардың бірі. Бұрынғы әдетке айналған оқу үрдісінде мұғалімге басымдылық роль берілсе, ал қазіргі технологияларда оқушы белсенділік көрсетуі тиіс, оқушыны оқытпайды, ол өздігінен оқып білім алуы керек. арқылы оқушы өз қажеттігін біліп, өз жолын таңдап, жетістікке жетуге мүмкіндігі бар. Ал, мұғалім әрбір оқушыны жеке қызығуын және қабілеттерін ашуға көмектеседі.

Оқушының іс - әрекеті көптеген мінез - құлық параметрлерімен (іс - әрекет сипаты, жеке интеллектуалды дамуы, сөйлеу мәдениеті, өз бетінше жұмыс істеуі, жауапкершілігі, еркімен ұсыныс жасауы, т. б) бағаланады. Әрбір оқушы басқа оқушымен салыстырылмайды, керісінше дамуына қарай өзімен - өзі салыстырылады. Оқушылардың өз нәтижелерін бағалай білуге үйренуі аса маңызды. Сонда баға оның жіберген қатесіне берілген жазалау емес, қайта жеткен жетістігіне берілген мадақтау, қызығуы мен қажетін көтермелеу құралына айналады. Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасының түпкі мақсаты: білімге құштар, ой өрісі еркін дамыған, ашық қоғам азаматын тәрбиелеу.

Ұстанатын қағида:

- Оқушымен оқытушы арасындағы тепе - теңдік жағдай, екі тұлға да үйренушілер, үйретушілер;
- Оқушымен оқытушы арасындағы өзара сыйластық, бір - бірінің үйренудегі
- және үйретудегі көмегінің маңыздылығы;
- Оқушыны өз пікірін білдіруге жетелеу және оның пікірін құрметтеу;
- Оқушының ойлау, талдау, іздену қабілеттерін арттыру;

Әрбір оқушыны білім дәрежесін басқа оқушымен салыстыру емес, оқушының кешегі нәтижесін, бүгінгі және ертеңгі нәтижелерімен салыстыру арқылы даму динамикасына мониторинг құру.

Сабақ кезеңдерінде қолданылатын стратегия:

Оқушылардың таным белсенділігін «іске қосып», одан туындаған ойды шешуге бағыттау үшін, сол ойдың белгілі бір жақтары болуы керек және шығармашылық іздестіруге, ойлануға итермелейтін бастапқы мәліметтер болуы тиіс.

Топтастыру (кластер) стратегиясында мәтіннің мәнін білдіретін бірліктерін жекелеп, белгілі бір ретпен сатылаған түрде сызбанұскалық бейнелеу. әртүрлі жазулар арқылы оларды категорияларға біріктіріп, ерекше бөлініп орналастыру арқылы кез – келген нәрсені есімізде сақтаймыз.

Мысалы: «Металл» сөзін естігенде көз алдыңа не елестейді?

Алдымен әр оқушы өз ойымен дәптерге жазады, жұппен, топпен талдайды. Әр топпен бірнеше сөздерді тақтаға жазып, соңынан оны топтайды.

Жигсо стратегиясын қолдануда мәтіннің көлемі үлкен, күрделі, ғылыми тұрғыда болуы керек. Себебі қарапайым мәтін болса, оқушылар тәжірибелік топсыз ақ өздері оқып тіпті жаттап алып айтып береді

Түртіп алу жүйесі (инсерт) - оқушыларға дайын мәтін беріледі, оқып отырып “білетінім сәйкес келмеді”, “мен үшін жаңа” деген бөліктері бар кестені оқушылар толтырады. Кестені толтырып болған соң оқушылар топпен өзара пікір алмасады. Түсініксіз жерін мұғалім түсіндіреді немесе кітапханадан, ақпарат құралдарынан іздеуге үйге тапсырма береді. Оған адамға аз таныс, әрбіреуін қызықтыратын академиялық мәтіндер, энциклопедиялық сипаттағы, яғни құбылыстар жайлы мәліметтер алуға болады.

Педагогикалық теория тек қана мұғалімнің әдістемелік шеберлігімен және осы шеберлікті шыңдай түскендігімен ғана шын күшіне ие бола алады. Сондықтан оқушылардың ынтасын арттыруға арналған әдістемелік құралдардың жүйесімен амалдары әр оқытушының оларды іс жүзінде асыруын, игеруін және оған сай болатын іскерлікті керек етеді.

Мұғалім ретінде сын тұрғысынан ойлау жобасы бойынша берілген сабақты оқушының өз бетімен білім алып, алған білімді іс жүзінде дәлелдей алатын және «үндемейтін», «енжар» оқушының қызығушылығын оятып, оны «сөйлетуге» болатындығын өз тәжірибемнен байқадым. 6 - сыныпта биология пәнінен Сто технологиясының әдістерін қолданып бірнеше сабақтар өткіздім. Онда ЖИГСО, белгілер әдісі, венн диаграммасы, бес жолды өлең, топтастыру әдістерін қолдандым және жеке, топтық, рольдік ойын жұмыстар жүргізілді. Үй тапсырмасын «үндемей қалмау» ойыны түрінде ұйымдастырып, қай топта сұраққа жауап бермеген оқушы саны көп сол жеңіледі. Сабақты жарыс түрінде ұйымдастырып «үндемей» қалған баланы назардан тыс қалдырмай, қайта оның есебін алып, оны сол бала үшін топтың артта қалғанын түйсігіне жаймен жеткізсе, ол оқушы да басқа оқушылардан қалмай жауап беруге тырысатынын және оған топтағы басқа оқушылар міндетті түрде көмектеседі.

Сол сияқты СТО технологиясының әдіс тәсілдерін 7 - 9 сыныптарда да пайдаланып, жақсы нәтижелерге жетіп жүрмін. Жоғары сыныптар үшін көбіне ЖИГСО стратегиясын қолданамын. ЖИГСО стратегиясын қолдануда мәтіннің көлемі үлкен, күрделі, ғылыми тұрғыда болуы керек. Себебі, қарапайым мәтін болса, оқушылар тәжірибелі топсыз - ақ өздері оқып, тіпті жаттап алып айтып береді. Мысалы: «Химиялық байланыс типтері», «Химиялық реакциялар жылдамдығы, оған әсер ететін факторлар», «ЖМҚ химиясы», биология пәні бойынша генетика тарауының тақырыптары әрі күрделі, әрі оқушыны қызықтыратын тақырыптар.

Қандай технологияны пайдаланған кезде де оқушының белсенділігі мақсатқа ұмтылуы, ақпаратты өзі іздеп табуы, шапшаңдығы мен еркіндігі, шығармашылдығы, көңіл күйдің көтеріңкі болуы қамтамасыз етіледі.

Сабақ түрі жаңа заман талаптарына сай өзгеріп, жаңарып отырса, жеткіншектерге оның әсері мен ықпалы ерекше болады. Олардың эмоциялық сезім – түйсіктеріне әсер ете білген ізденістердің пайдасы өте көп.

Ақыл - парасаттан көрі сезім түйсігі ұшқыр балаларға көп жағдайда бағдарламалық тақырыптарды тосын тәсілдер арқылы түсіндіру пайдалы.

* * * * *

РАЗВИТИЕ ТВОРЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ ЛИТЕРАТУРЫ

СКАКОВА ЖАРҚЫН ШАРИПОВНА

*ШҚО, Ұржар ауданы, Алтыншоқы ауылы
«Алтыншоқы орта мектеп - бақшасы» КММ
Орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

Одна из самых серьезных и трудных задач - это научить детей думать, умение мыслить творчески, самостоятельно. Думаю, что этим и занимаемся мы, учителя русского языка и литературы, на своих уроках. "Литература развивает творческое начало в человеке, в конечном счете искусство направлено на то, чтобы сформировать воображение»

На уроках литературы я стараюсь своих учеников не только ввести в мир прекрасного, приобщить их к образцам ответственной и мировой художественной культуры, к духовным исканиям выдающихся писателей, воспитать потребность в чтении, интерес к литературе, научить понимать художественное слово, но и развивать литературно-художественные задатки, речевое творчество, потребность и умение владеть богатствами родной речи.

В.А. Сухомлинский ставил слово в основу творчества, чуткость к красоте слова считал огромной силой, облагораживающий духовный мир ребенка.

В своей работе стараюсь поощрять и развивать литературное творчество школьников, ведь это проявление активных сил души, формирование интеллекта. Использую систему индивидуальных творческих работ. От класса к классу характер заданий усложняется. Если в V -VI классах в качестве индивидуального задания дается сочинение загадки, сказки, небольшого рассказа из жизненного опыта, то в старших классах могут быть предложены такие творческие работы, как самостоятельные художественные зарисовки, создание литературных портретов, очерки, репортажи, стихотворения, а также исследовательские работы на основе литературного краеведения, музейных материалов.

Воспитывать у школьников глубоко личное, эмоциональное отношение к художественному произведению помогают небольшие письменные работы на один урок или часть урока. Они дают ученику чаще высказать свои мысли о прочитанном, делиться впечатлениями, эмоционально откликаться на мысли автора, воспитывают внимание и художественные детали, учат анализировать и сопоставлять литературные явления.

Развивают художественное воображение, творческое начало письменные работы по сопоставлению литературного текста и иллюстрированных материалов к нему, отдельного эпизода и его экранизации.

Хорошее знание содержания, интерес к произведению дают пищу и для таких работ, которые предполагают как бы продолжение авторской мысли.

Конечно, сочинение - одно из сильнейших средств, способствующих развитию мысли ученика, росту его сознательного отношения к жизни, но и немаловажное значение имеет и хорошее владение устной речью, умение отстаивать свою точку зрения. Этому способствует внимательное, глубинное проникновение в содержание художественного произведения. И я согласна с теми, кто утверждает, что этот практически бесконечный процесс в школе не завершается, а только начинается и продолжается в течение всей жизни человека. Успешно совершенное постижение художественного произведения протекает, когда в осмысление созданного писателем включаются чувства и весь опыт юного читателя, когда художественное восприятие и познание опираются на эмоциональную, нравственную, общеобразовательную подготовленность, когда восприятие становятся эстетическим фактором, в свою очередь активно развивающим культуру чувств, поэтическую наблюдательность, читательский интеллект. Непрерывно меняющийся опыт человека приводит к тому, что каждый раз воображение по-новому воссоздает нарисованные писателем картины, - отсюда ощущение новизны, углубление впечатлений при повторном и последующих обращениях к произведению.

Для глубокого понимания изображенного в искусстве слова необходимо, с одной стороны, мобилизовать прошлые представления, впечатления, понятия, с другой - творчески трансформировать их на основе ориентиров, намеченных писателем, довести до состояния образа, приближающегося к данному в произведении. Необходима социальная подготовка.

Мысль эта звучала еще в работах В.Г. Белинского: "Для полного, истинного постижения искусства, а следовательно, и полного, истинного наслаждения им, необходимо основательное изучение, развитие: эстетическое чувство, получаемое человеком от природы, должно возвыситься на степень эстетического вкуса, приобретаемого изучением и развитием. А это возможно только для тех, кто на искусство смотрит не как на приятно препровождение времени, веселое занятие от нечего делать или легкое средство от скуки, но кто видит в искусстве серьезное дело, требующее размышления, развивающее ум и сердце.

Это та же наука, та же ученость, потому что для истинного постижения искусства нужно много и много, всегда и всегда учиться, и притом, многому такому, что, по-видимому, находится совершенно вне сферы искусства".

Потребность в общении с искусством, интерес к нему удовлетворяются на основе трех каналов связи: при помощи непосредственного общения к произведениям, посредством получения информации об искусстве, в процессе собственной творческой деятельности.

На уроках в процессе самостоятельной домашней работы, регламентированной требованиями программ и направляемой учителем, школьники знакомятся с большим количеством литературно-художественных текстов, осваивают обширную информацию о языке искусства слова и закономерностях его развития. По-другому складывается собственно-творческая деятельность, но не репродуктивная, какой она преимущественно бывает, когда учащиеся пишут сочинения на темы, связанные с постижением изучаемых литературно-художественных произведений, а продуктивная, в основе которой - создание оригинальных собственных художественных решений.

Конкретность художественного образа не терпит абстрактного восприятия. Образ в этом случае рассыпается, перестает существовать, а стало быть, и не будет целенаправленно воздействовать на сознание учащихся своими специфическими свойствами, среди которых наиболее характерно и сильно эмоциональное воздействие. Вот почему изучение художественной литературы нельзя обособить от системы формирования образного мышления, которое является условием и создания, и постижения искусства.

Умение видеть изображенные в литературно-художественном произведении предметы, явления, события, людей, остро воспринимать их чувства - качества, развиваемые опытом. Увидеть созданную писателем картину, наполнить ее живыми красками, звуками, запахами, биением жизни может научить опыт деятелей искусства.

Постановка вопросов специальных вопросов, упражнений пробуждают мысль и воображение, увеличивают силу чувственного восприятия: оно приобретает конкретность, осязаемость, написанное яснее воплощается в звуках, формах, красках, запахах. Подготовленное определенным образом, целенаправленное общение с литературой может стать мощным средством познания запечатленного в произведении. Выработка способности самостоятельно проникать в образ, оценивать его эмоциональное и идейное содержание - на мой взгляд, первоочередная задача, цель в области литературного развития учащихся. Без чувственного восприятия не может быть сопереживания, сотворчества, искусство исчезает, в сознании запечатлевается лишь его перевод на язык литературотворческих понятий. Успешное решение задачи неразрывно связано с совершенствованием постижения литературно-творческих текстов, созданием условий, когда каждая нарисованная писателем картина заиграет в представлении учащихся всем богатством красок, когда, не ограничиваясь восприятием сюжетной канвы, юные читатели волшебством воображения, усиленного теоретико- и историко-литературной подготовленностью, сумеют максимально проникнуть в богатство идейно-художественного содержания.

* * * * *

МЕТОДИЧЕСКИЕ МАТЕРИАЛЫ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

МУСАБАЕВА БАҚЫТ ОРЫНБАЕВНА

ШҚО, Үржар ауданы, Алтынишоқы ауылы

«Алтынишоқы орта мектеп - бақшасы» КММ

Орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

На современном этапе развития общества перед школой стоит задача всестороннего развития личности ученика, обладающей необходимым набором знаний, умений и качеств, позволяющих ему уверенно чувствовать себя в самостоятельной жизни.

Ни для кого не секрет, что одна из главных серьезных проблем сегодняшней школы – резкое падение интереса учащихся к русскому языку и литературе, что ведет к снижению грамотности, неумение правильно, логично выразить свою мысль. Оба предмета считаются одними из трудных школьных предметов. Поэтому обучению русскому языку и литературе уделяется большое внимание. Передо мной, как и перед многими учителями, встал вопрос: как вовлечь ребенка в активный процесс познания? Как повысить качество знаний учащихся? Как сформировать всесторонне развитую личность, востребованную современным обществом? Ведь оно испытывает потребность в подготовке людей не только знающих, но и умеющих применять свои знания. В современном образовании наряду с традиционными средствами обучения, которые нам всем хорошо известны, учителя все больше используют современные образовательные технологии. Использование современных информационных технологий повышает эффективность урока, развивая мотивацию обучения, что делает процесс обучения более успешным. Современный учитель должен стремиться вперед, должен быть готов осваивать всё новое, инновационное и с успехом применять в практике своей работы.

Поэтому необходимо овладевать новыми педагогическими технологиями, с помощью которых можно реализовать новые требования.

Следовательно, главная задача моей педагогической деятельности - не только расширить словарный запас учащихся, показать неисчерпаемые богатства русской речи, представить ученикам русскую и мировую литературу как сокровище общемировой культуры, но и показать практическую ценность и необходимость в дальнейшей жизни, чтобы, покидая школу, дети могли уметь грамотно говорить, уметь мыслить.

Существуют **три основные группы технологий**:

- а. Объяснительно-иллюстративные (традиционные).
- б. Личностно-ориентированные.
- с. Технологии развивающего обучения.

Деятельность обучающихся	Деятельность учителя
1. Обучающиеся чувствуют себя на и уроке легко, расковано, каждый из них ощущает ответственность за свои действия и стремится к достижению цели.	1. Учитель с самого начала на всем протяжении учебного процесса демонстрирует детям свое полное к ним доверие.
2. Языковой материал урока соответствует возрасту, отвечает требованиям общепольности, образовательной и воспитательной ценности.	2. Учитель помогает обучающимся в формировании и уточнении целей и задач, стоящих как перед группами, так и перед каждым учеником в отдельности.
3. У обучающихся есть внутренняя мотивация к учению.	3. Широко используется система поощрений.
4. Обучающиеся активно участвуют в процессе педагогического общения (самостоятельно определяют грамматические формы, делают выводы, формулируют правила).	4. Учитель выступает как источник разнообразного опыта, к которому всегда можно обратиться за помощью.
5. Обучающиеся не только воспроизводят информацию, но и высказывают свои мысли, свое мнение, спорят, доказывают, т. е. реально общаются с учителем и друг с другом, учатся самостоятельно мыслить.	5. Учитель должен открыто выражать в группе свои мысли и чувства.
6. На уроке происходит не только движение от языковой — формы к мысли, но и от мысли, от задачи общения к воплощению ее в языковой форме — любое языковое явление подается в связном речевом отрывке (тексте, диалоге).	6. Учитель— активный участник группового взаимодействия, он должен стремиться к достижению эмпатии (“я чувствую, что ты чувствуешь”), позволяющей понимать чувства и переживания каждого школьника.

Какие же образовательные технологии можно использовать учителям-словесникам на уроках, для того чтобы повысить качество образования. Педагогическая технология – это *продуманная во всех деталях модель совместной деятельности всех участников образовательного процесса*.

Возникла необходимость в новой модели обучения, построенной на основе внедрения в образовательный процесс современных образовательных технологий, реализующих принципы личностно ориентированного образования.

В своей работе активно использую следующие основные технологии личностно-ориентированного обучения:

- групповые технологии (работа в парах, в группах);
- проблемно-поисковое обучение;
- информационно-коммуникационные технологии;
- здоровьесберегающие технологии.
- тестовая технология;
- технология использования игровых методов;

Средствами литературы, русского языка стараюсь создать условия для развития интеллектуальной культуры учащихся, обеспечивающей подготовку выпускников школы к жизни в условиях информационного общества, реализации социального заказа, обусловленного процессами глобальной информатизации, в необходимости изменения методов и технологий обучения на всех ступенях.

Моя задача – пробудить интерес детей к учебной деятельности, добиться проявления учащимися активности в изучении как программного, так и дополнительного материала.

Использование новых педагогических технологий на уроках русского языка и литературы и во внеурочное время мне в этом помогает.

Технология развивающего обучения

Основное требование к современному уроку — обеспечение коммуникативной деятельности обучающихся учителем, умеющим создать “соответствующую интеллектуальную и эмоциональную психосферу образования, атмосферу психологической поддержки” (концепция Роджерса К.).

Идеальной формой для сотрудничества и взаимопомощи является **парное обучение**. В паре ученики могут друг друга проверить, закрепить новый материал, повторить пройденное.

В устной работе я использую такие виды заданий:

1. взаимопроверка правила (устный опрос). Ученик рассказывает соседу по парте правило, приводит примеры, объясняет их. Затем учащиеся меняются ролями, оценивают друг друга. Учитель может спросить любую пару.

2. Это же задание несколько измененное: один ученик задает вопрос по изученному материалу, а другой отвечает. Их диалог звучит у доски. Учебный диалог привлекает внимание, заставляет включиться в работу.

3. С домашним заданием также использую устную форму работы: один спрашивает, другой отвечает. Вопросы могут быть самыми разнообразными: найти в домашнем упражнении два слова на безударную гласную в корне, определить тему и основную мысль, найти грамматическую основу предложения, привести примеры согласования, управления, примыкания. Такая работа полезна при проверке сложного домашнего задания.

4. В письменных работах в паре детям очень нравится такой вид работы, как словарный диктант для соседа. Дома ребята составляют на изученное орфографическое правило словарный диктант с пропущенными орфограммами на отдельной карточке с указанием «Составлял...». На уроке после обмена карточками и выполнения задания внизу подписывают «Выполнил...». Составление карточек развивает орфографическую и пунктуационную зоркость, ответственность, способствует расширению словарного запаса школьников, учит работать с учебной книгой, справочной литературой.

Я с пятого класса начинаю работу в группах, тем более, что это одно из требований нового ФГОС. Учащимся нравятся соревнования, основанные на групповой деятельности: кто больше подберет синонимов, однокоренных слов, существительных женского (мужского или среднего) рода.

После объяснения нового материала группам предлагается изложить материал в виде опорной схемы, рисунка, таблицы, чтобы данное правило было легче запомнить. Затем происходит коллективное обсуждение, понравившиеся схемы записываются в тетрадь.

* * * * *

ОҚЫТУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІН ТИІМДІ ТАҢДАП АЛУ

АЙТЫМ АЙДАНА РАХЫМБЕКҚЫЗЫ

Павлодар облысы білім беру басқармасының

КМҚК «Ertis жоғары инновациялық техникалық колледжі»

Пәні: Әлеуметтік педагог және өзін-өзі тану

Көрнекі педагог В.А. Сухомлинский «Сабақ жас өспірімдердің интеллектуалды өміріне құр ғана сабақ болып қоймас үшін ол қызықты болуы шарт. Осыған қол жеткенде ғана мектеп жас өспірімдер үшін рухани өмірдің түлеген ошағына, мұғалім осы ошақтың құрметті иесі мен сақтаушысына айналады» деп айтқан. Өйткені жай ғана сабақ құнарсыз тағам секілді адам бойына жұқпайды.

Қызықты сабақтар мұғалімнің ашқан жаңалығы, өзіндік қолтаңбасы, әдістемелік ізденістері, қолданған әдіс – тәсілдері арқылы ерекшеленіп, шәкірт жүрегінен орын алады. Сабақ үрдісінде пайдаланып жүрген әдіс – тәсілдер оқушылардың оқуға деген ынта – ықыласының, дағды мен ой – өріс, білім – біліктерінің артуымен сипатталары сөзсіз.

Оқытудың әдіс-тәсілдерін тиімді таңдап алу оқытуда табысқа жетуге негіз болады, әрі сабақтың тиімділігі мен сапасын барынша арттыруға мүмкіндік береді.

Талапкерлерге терең білім беру үшін мұғалім мына төмендегі қағидаларды есте сақтағаны жөн деп есептеймін.

1. Мұғалім пәнді жетік меңгеріп, оны оқушыларға ғылыми тұрғыдан негіздеп, қарапайым тілмен, өмірмен байланыстыра отырып бере білуі қажет.

2. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай жеке бастарының психологиясын, жан дүниесін жете біліп, әр оқушының жүрегіне жол таба білуі абзал.

3. Ғылым мен педагогика саласындағы жаңалықтарды үнемі пайдаланып отыруы тиіс.

4. Мүмкіндігінше, кейбір үлкен тақырыптарды топтап жеке блоктар түрінде топтастырып өткізе білуі керек.

5. Оқушыларға ұзақ уақыт есте сақтау қабілетін арттыру үшін жаңа сабақты, әсіресе заңдылықтар мен құбылыстарды тірек белгілері мен тірек конспектілері бойынша берген жөн.

6. Оқушылардың сапалы да тиянақты білім алуы үшін әр бөлім, әр тақырып бойынша олардың білімдерін тексеріп отырған жөн.

Импрессиивтік әдістер. Импрессия (латын сөзі, әсер, толғаныс, сезім) әдісі арқылы балалар мен жастар немесе ересектер шығарма және оның авторы туралы ақпарат алып, оны талдап, шығарманың негізгі идеясын айтады.

Экспрессиивтік әдістер. Экспрессия (латын сөзі, бейнелеу) әдісі арқылы жасалған жағдайда оқушылар нақты құндылықтар жасап, өздерін танытады.

Ынталандыру әдісі. Оқыту процесінде баланың оқу іс-әрекетіне оң көзқарасын туғызу керек. Оқылып отырған материалдың оқушыны тебірентуі, қуанышқа бөлеуі, таң қалдыруы, аяушылық сезімін тудыруы сабақтың мақсатына жетуді тездетеді.

Ой майданы әдісі. Бұл әдіс арқылы педагогикалық бөлімнің оқушылары шағын топтарға бөлініп, мектеп оқулығынан бір тақырыпқа әзірленіп 5-20 минут сабақ береді, содан кейін сабақ талқыланады, бағаланады, оны келесіде жақсы өткізу жолдары белгіленеді. Сабақты түгел бейне жазбаға жазу оны талдауды жеңілдетеді. Бұл әдіс мұғалімдік жұмысқа дағдыландырады.

Ойын – оқыту әдісі. Оқыту мақсатында қолданылатын ойындардың түрлері көп. Ойын – қанағат алу үшін жасалатын іс-әрекет. Ол мектеп жасына дейінгі балалардың іс-әрекетінің негізгі түрі, ал оқушылар мен ересектер ойынды сабақтан және жұмыстан қолы бос кездерінде ойнайды.

Әссе әдісі – оқушылар тақырыптың ішкі сырын терең түсініп, өз ойын, пікірін дұрыс жеткізіп, тақырыпты түсінгендігі жайында өз ойын ашық білдіре алады.

Тарсия әдісі – қағаз қиындыларындағы сұрақтар мен жауаптарды үйлестіре отырып, фигура құрастырады.

Интерактивтік әдіс – диалогтік әдіс, нәтижесінде сабаққа қатысушылар бір – бірімен байланыса отырып, мәселелерді шешеді.

Негізгі ережесі:

1. Адамдардың арасындағы қатынас өмірдің басты қажеттілігі екенін мойындау.
2. Барлық оқушыға тең мүмкіндіктер асау.
3. Әлеуметтік – психологиялық кезеңдерде тиімді әдіске топтың даяр болуы.
4. Топпен жұмыс істей білу, шешім қабылдай алу.

XXI ғасыр – әлемдік жаһандану ғасыры мәдениеті мен дәстүрін, тілі мен дінін сақтай отырып, менеджмент теориясы мен тәжірибесін ұштастыру бүгінде маңызды. Алдымен Әл-Фарабидің саяси, адам, қоғам жөніндегі ойларына тоқталсақ.

Әл-Фараби сезім мен ойлау, тәрбие мен іс-әрекет жүйесін жетілдіру мәселесіне қайта айналып соғып отырған. Мінез-құлқын түзей алмаған адамның ақиқат ғылымға қолы жетпейді деп ескертеді.

Әбу Насыр Әл-Фарабидің азаматтық, саяси, адам, қоғам жөніндегі ойлары “Фусул ал-мадани” (“Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері”) трактатында қаралады. Бұл трактаттың тақырыптары әр түрлі болса да, негізінен бір мақсатқа — адам мен қоғамның арақатынасы, оның жетілуіне арналған. Ол — шығыс елдерінде тұңғыш сындарлы педагогикалық жүйе жасаған ағартушы оқымысты. Жас ұрпақтың сана-сезімін қалыптастыру үшін үш нәрсенің ерекшелігін жүйелеп, дәйектеп алу шарт деп атап көрсеткен:

1. Баланың ішкі ынта-ықыласы, құмарлығы;
2. Ұстаздың шеберлігі, ар тазалығы;
3. Сабақ процесінің алатын орны.

Ғалым дене тәрбиесі мен адамгершілік тәрбиесінің ұқсастығына, оның бір-біріне тигізетін әсеріне ерекше мән берді. Бұл ұстаным осы кезде де өзекті. Оқытушының стилі, кәсіби нормаларды сақтауы қазіргі студент, ертеңгі маман үшін маңызды. Оқу процесінің, педагогикалық ұжымдағы қатынастар арқылы оқушылар да, студенттер де өздеріне тұлғалық және тәрбиелік қасиеттерді сіңіреді деп ойлаймын. Этикалық нормаларды сәйкес жүзеге асыруда қабылданған заңның ролі де орынды болмақ.

Педагогикалық әдеп нормасын толық жүзеге асыруда менеджменттің теориясы мен тәжірибесі үлкен мүмкіндік береді. Себебі бәсекеге қабілетті маман даярлау міндеті оқытушылар мен оқушыларды басқару объектісі деп қарастыруды талап етеді. - делінген

Қорыта айтқанда, бүгінгі сабақ кешегі сабақтан өзгеше, ал ертеңгі сабақ бүгінгі сабақтан жақсы болуы тиіс. Осылайша өзін-өзі тану пәнінің негізгі заңдылықтары мен құбылыстарын өмірмен байланыстыра қызықты етіп беру жолдарын қарастыруға болады. Мұндай тапсырмалар оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, оларға өмірде кеңінен қолданылатынын да ұғындыруға мүмкіндік береді.

Осы үлгідегі оқытудың әдіс-тәсілдері оқушылардың есте сақтау қабілетін арттырып, оларды жинақылыққа, дәлдікке, шығармашылыққа баулуға көмектеседі деп ойлаймын.

ОҚЫТУДЫҢ ИНТЕРАКТИВТІ ФОРМАЛАРЫ

КОШАНОВ ЕРНАР КАНАТОВИЧ

Павлодар облысы білім беру басқармасының

КМҚК «Ertis жоғары инновациялық техникалық колледжі»

Мамандық: Арнайы пәндер оқытушысы. Пәні: Менеджмент

Мамандық таңдау – әрбір мектеп бітіруші түлектің мақсаты. «Армансыз адам қанатсыз құспен тең» дейді халық. Барлық адам баласының арманы болады. Арманшыл адам болашақта дегеніне жете алады.

Мамандық пен өнерді өз қабілетіне қарай таңдап алады.

Адам өзінің болашақ кәсібіне әртүрлі жолдармен келеді. Біреулер үшін ол ойға алған арманның орындалуы, отбасы дәстүрін жалғастыру, келесі біреулер үшін – жаңалыққа, дербестікке талпыныс, үшінші біреулерге – әйтеуір бір мамандық алу керек болған соң, көштен қалмаудың қамын жасайды.

Мамандық таңдау үшін адам ең алдымен өз бейімділігін таңдау қажет. Өз-өзіне «Мен кімін?», «осы өмірдегі менің орным қандай?» «Қалай өмір сүремін?» деген сұрақ қоймайтын адам кем де кем.

Мынау көп салалы өмірде мамандықтың түрі көп. Әрине, таңдау жасау оңай емес.

Ең бастысы адам еңбекке қабілетті, зейінді болуы қажет және оның мамандығы өзі өскен ортаға маңызы бағалы үлес қосатындай болуы шарт. Өз ісіне сенімді дұрыс таңдаған адам ғана жетістікке жетеді.

Талапкерлерға кәсіби бағдар беру және болашақ мамандығын анықтап алуға ықпал жасау мектеп алдында тұрған міндеттердің бірі. Сондықтан психология мен педагогикада осы мәселеге үлкен көңіл аударылады.

Кәсіп - proaessio - деген француз мамандығымды тілінде ресми түрде жариялаймын деген мағынаны білдіреді. Кәсіби бағдарлау - әр адамның жекелік қасиеттеріне, қызығушылығына, қабілетіне, қоғамдық қажеттілікке байланысты мамандық таңдап алуына ықпал жасау.

Мамандықты дұрыс таңдаудың әр адамның өз өмірінде табысты болуына және әлеуметтік ортада барлық қабілетін толық ашуға негіз болатындығын көптеген ғалымдар өз еңбектерінде дәлелдеп шыққан.

Кәсіби бағдарлаудың негізін құрушылар Ф.Гальтон, А.Кершенштейнер, Г.Мюнстерберг, П.П.Блонский, Ю.П.Сокольников, Т.Н.Мальковская, Г.А.Уманов т.б. ғалымдар әлеуметтік-кәсіби бағдарлау идеяларын қалыптастырды. Осы идеяларға сүйене отырып барлық ізгі ниетті мемлекеттер өз ұрпақтарын тәрбиелеу барысында оларға кәсіби бағдар беру, кәсіп беру мәселелерін өз халқында қалыптасқан дәстүрлерге сүйене отырып ғылыми негізде шешу жолдарын іздестіруде.

Жалпы және кәсіби білім беру мектептерінің тұжырымдамасында Талапкерлерды қандай да бір іс-әрекет түріне баулу және әр баланың психофизиологиялық ерекшеліктерін, қабілеті мен білімділігін анықтауға мүмкіндік беру қажет екені анықталған. Бұл мәселені шешу әр мектепте әр түрлі жолдармен жүргізіліп жатыр. Психологиялық қызмет ұйымдастырылған мектептерде балалардың жекелік психикалық қасиеттерін анықтаумен шектелуде. Ал шын мәнінде бұл қызмет көпқырлы және көпсырлы болуға тиісті.

Кәсіби бағдарлауды жүргізуге негіз болатын идеялар жастарға білім беру тұжырымдамасында анықталады. Біздің мектеп тұжырымдамасында кәсіби бағдарлау идеясы әр адамға мамандықты дұрыс таңдауға қажетті қабілеттері мен қызығушылығын анықтауды ұйымдастыру. Әдіснамалық сипатта бұл проблема талапкерлердың өмірлік және кәсіби бағдарлау жұмысын жүргізудің даралық ұстанымы жатады. Бұл ұстаным бойынша Талапкерлердың өмірлік және кәсіби жоспарларына байланысты топтау арқылы, сыныптастыру жұмысын жүргізу негізінде оларға бағдар беру программасы анықталады.

Қазақстанның әлемдік оқу кеңістігіне енуі, Болон конвенциясының ережелерін қабылдауы жоғарғы білім беруді реформалаудың негізгі тенденцияларымен дамуын анықтайды.

Оқытудың міндетті мемлекеттік стандарттары оқу процесін де компетентті білім беру әдістерімен технологияларын енгізуді міндеттейді. Осы орайда, оқытудың интерактивті формаларын енгізу міндетті процесстердің бірі.

Оқытудың интерактивті формалары - оқу процесінде қатысушылардың диалог түріндегі ұйымдастырылуы. Оқытудың интерактивті формалары ең алдымен, студенттердің оқуға қабілетін, ақпаратты критикалық талдаумен өңдеуді, тиімді қарым- қатынаспен жан-жақты болуға бағытталған.

Интерактивті оқытуды ұйымдастыру мыналардан тұрады:

- сабақ тақырыптарын, берілген тапсырмалармен сұрақтардың мәселелерін табу, диалогқа шақыратын оқу кеңістігін ұйымдастыру,
- студенттермен оқытушылардың тану процесінде мотивациялық дайындықтарын қалыптастыру;
- студенттерді қойылған міндеттердің шешімін табу үшін арнайы ситуацияларды жасау арқылы белсендіру;

- студенттермен оқытушылардың бірлесіп оқу қызметімен ережелерін (сөз бостандығы хұқығын сыйлау, кез келген көзқарасты қабылдау, сыйластық және т.с.с.); жасаумен қабылдау;
- оқытуда «қолдаушы» әдістерді пайдалану: конструктивті сұрақтарды қоя білу, жылы интонациялар және т.с.с.

- бірлескен қызмет процесімен нәтижесін бағалау.

Бухгалтерлік есеп пәндерін меңгеру әр түрлі салада экономист мамандар дайындауда маңызды орын алады.

Материалдарды түсіндіруде схемалармен суреттер, әдістемелік нұсқауларды, есептер жинағын пайдалану, оқытуда техникалық құралдарды, заң, нормативті – хұқықтық актілерді пайдалану

Пәнаралық байланыс – оқыту процесінің міндетті элементі. Қазіргі оқу жоспарына сәйкес өз мамандықтары бойынша пәндерді мынадай тәртіппен «Бухгалтерлік есеп қағидалары», «Экономикалық талдау негіздері», «Салық және салық салу», «Аудит» пәндері арқылы оқиды. Осылайша пәнаралық байланысты жүзеге асырады. Бухгалтерлік есепті ұйымдастырудың негіздерін оқытпай, студентке салықтың түрлері бойынша салық салу базасымен оларды есептеуді үйрету мүмкін емес. Аталмыш пәндер бойынша олардың әрқайсысына нормативті-хұқықты базаның ролі жоғары: бухгалтерлік есеп пен аудит стандарттары, заң актілері, нұсқаулар. Осыларды пайдалана білу студенттерді бухгалтерлік есеппен аудиттің маманы етіп шығарады.

Есеп пәндерін студенттерді кәсіби даярлауда оқытудың интерактивті әдістерін пайдалану мынадай артықшылықтарға ие:

1. Жаңа материалдарды студенттер пассивті тыңдаушылар ретінде емес, активті қатысушылар ретінде меңгереді;

2. Болашақ мамандар ақпаратты өңдеудің қазіргі технологияларын пайдаланады;

3. Заң, нормативті – хұқықтық актілерді өздігінше меңгеру мен қолдану арқылы өзгерістерді қадағалау дағдыларын үйренеді;

4. Алынған ақпараттардың жеделдігімен өзектілігі – студенттер бухгалтерлік, экономикалық және аудиторлық қызметтің практикалық ситуацияларын шешуде пайдаланады.

5. Қол жетімділікпен икемділік, заң, нормативті – хұқықтық актілерді пайдалануды үйренеді.

6. Студенттермен оқытушылардың үнемі байланыста болуы, ол оқу процесін кәсіби деңгейге жеткізеді.

Сабақ өткізудің интерактивті формаларын дәріс оқуда, тәжірибелік және басқа да сабақтарда, дайындықтың әр түрлі деңгейлерінде пайдалануға болады.

Интерактивті дәріс әдеттегі дәріспен тренингтік ойындарды біріктіреді. Қателермен дәріс ертеректе оқытылған материалдарды бекітумен бақылауға пайдаланылады.

Дәріс мазмұны жеке парақтарға шығарылып, студенттерге меңгеру үшін алдын ала таратылады. Олар тексте қателерді тауып, коллективті түрде қателерді талқылауы қажет. Оқытудың мұндай формасы теориялық материалды меңгеруде өзіндік бақылау жасауға үйретеді.

Интерактивті дәріс оқудың кең тараған әдістерінің бірі – дәріс-дискуссия. Ол критикалық ойлаумен, материалды қабылдау процесін жетілдіреді, оны терең түсінуге мүмкіндік береді. Дискуссия - дәріс соңында барлық дәріс мазмұны бойынша жүргізілуі де мүмкін. Дәрістің мұндай түрі оқу процесін жандандырады, аудиторияның коллективтің пікірін басқаруға мүмкіндік береді.

Оқу процесінде интерактивті әсер ету оқытушы тек берген дәріс, оқулық материалдарын ғана пайдаланып қоймай, талдауға, қарама-қайшылықтарды зерттеуге, баға беруге, мәселелерді қорытындылауға, шешуге шақырады. Жаттығулар арқылы жұмыс істеу студенттердің ойлау қабілетін белсендіреді, білімін тереңдетеді, пәнге деген қызығушылығын жоғарылатады.

Оқу процесінде сабақ берудің интерактивті формаларын интенсивті әдістері: іскерлік ойындар, оқу ситуацияларын, тестер, жаттығулар, тәжірибелік мысалдармен есептер сияқты қолданылады.

Іскерлік қызметке үйретудің әдістерінің біріне – кейс-әдістер де жатады. Кейс әдіс – бұл іскерлік ситуациялармен міндеттерді студенттермен оқытушының бірігіп шешу әдісіне үйрету.

Студенттерге шынайы өндірістік жағдайды талдауға, тек практикалық жағынан емес теориялық жағынан да кешенді әдістерді пайдалану қажет. Мысалы, «Бухгалтерлік есеп», «Қаржылық есеп», «Аудит», «Салық есебі» сияқты пәндерді оқытуда заң, нормативті – хұқықтық актілерді үнемі болып отыратын өзгерістерді қарастыру арқылы үйрету. Осылайша, экономикалық пәндерді оқытуда, оның ішінде бухгалтерлік есепте, интерактивті педагогикалық әсер ету арқылы әдеттегі педагогикалық оқытудың альтернативасы, яғни баламасы ретінде қарастыруға болады.

* * * * *

ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУДА КОМПЬЮТЕРЛІК МОДЕЛЬДЕУ ТҮСІНІГІ

ТЛЕУБЕКОВА АНАР КОМЕКБАЕВНА

Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы

«Әлихан Бөкейхан атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ

Информатика пәні мұғалімі

Модельдеу - кез-келген құбылыстардың, процесстердің немесе объект жүйелерінің қасиеттері мен сипаттамаларын зерттеу үшін олардың үлгісін құру (жасау) және талдау; бар немесе жаңадан құрастырылған объектілердің сипатын анықтау немесе айқындау үшін олардың аналогтарында (моделдеріне) объектілердің әр түрлі табиғатын зерттеу әдісі. Модель төрт деңгейде түпнұсқаның гносеологиялық орынбасары бола алады: 1-элементтер деңгейінде, 2-құрылым деңгейінде, 3-қалыпқұй немесе қызметтік деңгейінде, 4-нәтижелер деңгейінде. Сипаты бойынша модельдеу материалдық және идеалдық болып бөлінеді.

Материалдық модельдеу объектінің геометриялық, физикалық, динамикалық және қызметтік сипатын нақты дәл береді. Идеалдық модельдеуге объектінің ойдағы бейнесі жатады. Ойша модельдеу тіл көмегімен іске асырылады.

Соңғы онжылдықта технологияның қарқынды дамуы, компьютерлік техника мен бағдарламалық қамтамасыз ету саласында да көптеген өзгерістер әкелді. Сол өзгерістердің арқасында, ерекше эффектілер арқылы жасалған фильмдер, эпизодтары қазіргі заманғы стандарттарға сәйкес келетін, толқудың және пікірталастың қалыптасуына себеп болды. Бүгін сіз фильмдерде және теледидарда арнайы әсерлермен ешкімді таң қалдырмайсыз. Өйткені, қазірде компьютерлік графиканы құруға арналған бағдарламалар және үш өлшемді модельдеуге арналған программалар кең таралған.

Үшөлшемді графикалық бағдарламалар өзінің мүмкіндіктері мен артықшылықтары арқылы қолданушылардың қызығушылығын арттырады. Компьютерлік модельдеу, соның ішінде үшөлшемді графика біздің өмірімізде соншалықты үлкен орын алады. Біз оны кез-келген жерде кездестіреміз, бірақ аңғарып қарамаймыз. Не себепті? Өйткені үшөлшемді графика өміріміздің бір бөлшегіне айналған. Үлкен билбордтар, сауда орталығындағы жарнамалар, ұшақты көруге арналған іс-әрекеттегі фильмде жарылыс жасаған күлгін жарқылына қарап, көптеген адамдар бұл нақты түсірілім емес, үш өлшемді графикалық шеберлігінің нәтижесі екенін түсінбейді. Үшөлшемді графиканың көлемі өте кең: жарнамалық және киноиндустриядан интерьер дизайнмен шектелмей, компьютерлік ойындар мен архитектуралық проектер кезінде де қолданылады.

Қазіргі таңда білім беру жүйесінің басты міндеті, ол қоғамды жаһандық ақпараттандыру. Сонымен қатар қазіргі заманғы ақпараттық ортада шығармашылығы жоғары, сапалы қызметке дайын маман даярлау. Кәсіби құзіреттіліктері жоғары информатика пәнінің мамандарын даярлау үшін, ғылыми әдістемелік құралдар керек.

Сонымен қатар материалдық-техникалық және ақпараттық-технологиялық оқытудың рөлі жоғары.

Адамдарды өмірге және ақпараттық қоғамдағы жұмысқа дайындау, білім беруді ақпараттандырудың басты мақсаты болып табылады. Ақпараттық технологияларды өздерінің практикалық мәселелерін шешу үшін пайдалану мүмкіндігін қалыптастырады. Сондықтан, компьютерлік технологияны оқушыларға кәсіби бағдарында қолданудың өзектілігі айқын: бұл қоғамды ақпараттандыру үдерісінің жылдам дамуына көмек береді. Информатика пәнін оқу процесінде шешілетін басты міндеттердің бірі оқушылардың танымдық мүдделерін, зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Информатика сабағының негізгі мақсатының біріне: оқушылардың заманауи ақпараттық технологияларды меңгеру үшін әртүрлі іс-шараларға қатысуға, оқушылардың өнімділігі мен шығармашылық сипатын ескере отырып, тиімді жағдай жасау.

Эксперимент жасауға, өз бетінше ізденуге ынталандыру. Осы жағдайлардың бірі, менің ойымша, компьютерлік модельдеу болып табылады. Қазіргі уақытта ғылыми-практикалық зерттеуге компьютерлік модельдеу әлемді түсінудің негізгі құралдарының бірі болып табылады. Компьютерлік сабақтар кезінде оқушылар модельдерді қалай құрастыруға, компьютерлік модельдеу программаларымен жұмыс жасауға үйрену керек. Қазіргі таңда кең таралған үшөлшемді модельдеу информатика сабағында, жоғарғы сынып оқушыларына арнайы сабақ ретінде үйретіледі. Ең көп қолданылатын танымал ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың бірі компьютерлік модельдеу. Бұл жұмыс тек кәсіпқой ғана емес, сондай-ақ жаңа пайдаланушыларды да қамтиды. Компьютерлік графикасыз заманауи мультимедиялық бағдарлама жасай алмайды. Оқушылар алдында тұрған міндеттер қызықты және жиі қиындық тудырады, бұл олардың мотивациясын арттыруға, кеңістіктік ойлауды дамытуға, компьютерлік ғылымның мүмкіндіктерін ашуға және математикамен қарым-қатынасты анықтауға мүмкіндік береді.

3D-технологиялық бағдарламамен жұмыс істеу, кез-келген деңгейдегі оқушыларды оқыту мен танымдық үдерісіне белсене араласуға және өзінше ой қабілетін білдіруге мүмкіндік береді. Сабақтар күрделі деңгейде өткізілуі мүмкін, бірақ барлығына қол жетімді программаны пайдаланған дұрыс.

Өйткені олардың сыныптағы және сыныптан тыс 3D-модельдеу элементтерін пайдалану, оқушылардың практикалық дайындығын жақсартуға ықпал етеді. Бұл техникалық мамандықтарды табысты меңгеруге әкеледі.

Компьютерлік модельдерді құру қызметі оқушылардың білімін тереңдетіп қана қоймай, сонымен қатар модельдеу саласындағы интеллектуалды дағдыларды дамытады. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Компьютерлік 3D модельдеу: математика, физика және басқа ғылымдармен информатика пәнаралық қосылыстарды барынша кеңінен пайдалану арқылы сипатталады.

Толық ғылыми көзқарас алу үшін, шығармашылық қабілеттерін дамыту, болашақта танымал мамандар болу үшін оқушылардың компьютерлік модельдеу негіздерін меңгеруі дұрыс.

Оқушылардың кәсіби құзыреттілігін дамытуда компьютерлік модельдеуді оқыту мұғалімнің оқу процесінде көптеген білім беру технологияларын қолдануды көздейтін шығармашылық міндеті болып табылады: көп деңгейлі оқыту, тез қабылдайтын оқушылар өздерінің қабілеттерін жүзеге асырады, әлсіз қабылдайтын оқушылар өздеріне мойна алып практикалық ой- өрісін дамытады;

жобаға негізделген оқыту әдістері оқушылардың жеке шығармашылық қабілеттерін дамытуға, олардың кәсіби және әлеуметтік өзін-өзі тануына саналы түрде жақындауға мүмкіндік береді;

Оқудың зерттеу әдісі оқушыларға өздерінің білімін дербес толтыруға, зерттелетін проблемаға тереңірек қарауға және оны шешу жолдарын ұсынуға мүмкіндік береді, бұл әлемдік көзқарас қалыптастыру кезінде маңызды болып табылады. Бұл әрбір оқушының жеке даму траекториясын анықтау үшін маңызды;

Компьютерлік модельдеуді тиімді оқыту үшін әдіснамалық және дидактикалық материалдар болуы тиіс. Өйткені модельдеуге қатысқысы келетіндердің қамтуы - 2-ден 9-ға дейін және оқытудың түрлі деңгейлеріндегі балаларға назар аудару қажет. Оқушылардың әрқайсысына берілген білім беру тапсырмаларын орындауға арналған егжей-тегжейлі нұсқаулардың болуы, әрбір балаға оның қабілеттеріне және оқу жылдамдығына сәйкес тиімді түрде орындауға мүмкіндік береді. Әрбір оқушы өзінің даралығын көрсете алады. Бұл тәжірибеде жеке, топтық және фронталистік жұмыс түрлері пайдаланылады: дәріс; практикалық жұмыс; шығармашылық жоба; білім беру ойындары; бәсекелестік; тақырыптық тапсырмалар.

Компьютерлік модельдеуге арналған бағдарламаларда практикалық тапсырмалар орындау, модельдеуге бастамашылық элементтерімен шығармашылыққа ие. Мұндай сабақтар төмендегі әдістерді көрсетіледі:

Оқушылардың білімін нығайтуға, тестілеу дағдыларын қалыптастыруға, оқушылардың дербес компьютерде жұмысқа дайындауға, арнайы компьютерлерде оқушылардың синхронды жұмыс істеуіне; компьютерлерде оқушылардың қажетті танымдық қызметін ұйымдастыру және ұйымдастыру қажет болған жағдайда, өзіндік жұмыстарды орындау.

Информатика сабағында компьютерлік модельдеу бағдарламасымен жұмыс жасаған оқушылар өздерінің ойлау қабілеттерін жақтартады. Практикалық жұмыс барысында топ мүшелері объектілерді модельдеу, пайда болған проблемаларды шешу жолдары туралы.

Сонымен қатар өз күштерін бағалау туралы өздерінің жорамалдарын ұсынуға мүмкіндіктері бар. Бұдан басқа, топтық белсенділік диалогта тәжірибе жинауға, оқушылардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруда маңызды болып табылатын көзқарастарын талқылауға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда информатика сабағында компьютерлік модельдеу жоғары сыныптарда қарастырылған. Ал компьютерлік модельдеу технологиясының элементтерін өз бетінше зерттеуге ниет білдірген 7-9 сынып оқушылары жеке кеңес алады. Бұл технология оқушыларға бұрын алынған білім мен дағдыларды пайдалана отырып, өз міндеттерін шешуге мүмкіндік береді. Практикалық жұмыс іс-әрекетте өзін таныту қабілеті арқылы білімді алу процесін қызықтыруға мүмкіндік береді. Оқушылар модельдеу жұмыстарын толық меңгеріп, өз қажеттілігіне қолдана алады.

Бұл табыстың жағдайын жасауға және білім беру және кәсіби қызметті жандандыруға әкеледі. Бұл жаңа оқу бағдарламасындағы басты мәселе.

Өзгерістер негізінде тұжырымдама жатырған сәйкес білімнің жалпы санына емес, функционалдық сауаттылыққа басымдық беріледі.

Басқаша айтқанда, жаңартылған білім берудің міндеті-оқушыларды алған білімдерін тәжірибеде қолдануға үйрету.

ЕСЕНТАЕВА ГУЛЬХАН БУЛАТОВНА

Қарағанды қаласы, Қазыбек би ауданы

«Әлихан Бөкейхан атындағы ЖББМ» КММ

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі. Педагог- зерттеуші

Сабақтың тақырыбы: Орхон-Енисей ескерткіштері. «Күлтегін» жыры		Мұғалімнің аты-жөні: Күні:
СЫНЫП: 7	Қатысқан оқушылар саны:	Қатыспаған оқушылар саны: 0
Сабақ негізделген оқу мақсаттары	әдеби шығармадағы тұлғалық болмысты гуманистік тұрғыдан талдау (Т/Ж2).	
Сабақ нәтижесі:	Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады: Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. Жазба жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады: Топтық жұмысты брлесе орындайды.Өз бетінше жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Қосымша үлестіріме ресурстармен жұмыс жасайды. Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады: Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмалады орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады.	
Бағалау критерийі	Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.	
Тілдік күзіреттілік	әдеби шығарма	
Ресурстар	Оқулық, суреттер, топқа бөлуге арналған кеспе қағаздар және әртүрлі заттар, топтық тапсырмалар, кері байланыс, стикер.	
Әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, ойын, көрнекілік. Рефлексия.	
Пәнаралық байланыс	Музыка, қазақ тілі.	
Алдыңғы оқу	6-сыныпта өткен білімді пысықтау,еске түсіру	
Сабақтың жоспары		
Жоспарланған уақыт	Сабақ барысы :	
Басталуы 5 минут	Бағалау парақшасымен таныстыру Топтарға бөлу. Себетпен конфет әкелу. Оқушыларға себеттен конфет алуларын сұраймын.Конфеттің түрлеріне қарай 3 топқа бөлініп отырады. 1-топ «Сары кәмпиттер» 2-топ «Көк кәмпиттер» 3-топ «Қызыл кәмпиттер» Психологиялық ахуал қалыптастыру: «Қызыл гүлім-ай» би	
Жаңа білім 10 минут	Білу және түсіну Берілген мәтіндерді балалар оқып алады. «Сақина салмақ ойыны» Балалар біз бүгін сақина салмақ ойынын ойнаймыз. Бұл ойынның бүгінгі ерекшелігі кімнің қолында сақина қалса менің сұрағыма жауап береді?	
Ортасы 10 минут	Қолдану Әр халықтың қалыптасу, даму жолында өзіне тән ерекшеліктері бар. Бұл тарихи құндылықты зерделеп жарыққа шығару қай мемлекетте болмасын маңызды мәселелердің біріне айналған. Кеңестер Одағы кезінде өткен тарихымызды зерттеу мүмкін болмады. Сондықтан болар ата-бабамыздың бай мұрасы Түркі әлемін зерттеуде ғалымдарымыздың негізгі еңбектері егемендіктен кейін ғана көріне бастады. Түркі халықтарының көне дәуірдегі ұзақ ғасырлық мәдени мұраларының бірі – Күлтегін ескерткіші. Орхон-Енисей жазуына жататын маңыздылығы жағынан баға жетпес құнды дүние.	

	Бізге жеткен Түркі тарихы да осы VII-VIII ғасырларда жазылған Орхон-Енисей жазба ескерткіштері арқылы белгілі болды. Ескерткіш бір заманда түркілер мекендеген Енисей өзенінің бойы мен қазіргі моңғол Халық Республикасының астанасы Улан-Батордың батысындағы 400 километр жердегі Орхон өзені бойындағы Кошо-Цайдам ойпатында орналасқан. Оны алғаш тауып, ғылым әлеміне мәлімдеуші-орыс ғалымы Н. М. Ядринцев. 1890 жылы Гейкель басфин – угор қоғамының, 1901 жылы В. Радлов бастаған Орыс ғылым Академиясының Экспедициялары ескерткіш орнатылған жерге барып, жазуды өз көздерімен көріп, тексеріп қайтады. 1902 жылы Ужжжоудағы ағылшын консулы К. Кэмппель Күлтегін ескерткішіне бірсыпыра зертеу жұмысын жүргізді. 1909 жылы француз саяхатшысы Де Ля Кост келіп кетсе, 1912 жылы ғалым В. Л. Котвич зерттеу жұмыстарын жүргізді. 1958 жылы монгол – чехославак біріккен ғылыми экспедициясы Күлтегін ескерткішінің орнына қазба жұмыстарын жүргізді. Бұған басшылық еткен чех археологы Л. Иисль. Бұл В.В. Радловтан кейінгі жасалған қазба жұмысы еді. Қазба жұмыстары үстінде қорған астынан екі кісінің тасқа әдемі ойылып жасалған бас мүсінін кездестірді. Оның бірі Күлтегінің, екінші әйелінің мүсіні екені анықталды. [1,13-6] Күлтегінге арналған ескерткіш пирамида тәрізді. Биіктігі 3,15 метр, ені 1,24 метр, қалыңдығы 0,41 метр. Ескерткіштің жоғарғы жағы бес бұрышты, қырларында айдаһардың суреттері мен қаған таңбалары бейнеленген. Екінші жағында ескерткіштің орнатылған күні – бірінші тамыз, 732 жыл деп жазылған. Ескерткіштің негізгі бетінде 40 жол жазу бар, ол ескерткіштің сол жақ бетіндегі 13 жол жазудың жалғасы. Түркологиялық әдебиеттерде ескерткіштегі 40 жол «Үлкен жазу» /КТБ/, ал 13 жол жазу кіші жазу /КТМ/ деп аталады. [2, 450-458-6] Ескерткіш негізінен табғаш (Қытай) және көне түркі жазуымен толтырылған. Ескерткіш бетіндегі Қытай жазуы 732 жылы Қытай императоры Хусен-Цунг тарапынан бедерленген. Мұнда қытайша ескерткіштің қысқаша мәні айтылған. Қытай жазуы алғаш орысша, французша, содан кейін неміс, ағылшын және кейінгі кездері түрік тілдеріне аударылды. Жазудың үстінде қытайша бір сөйлем бар, онда «Марқұм Күлтегін жазуы» делінген. [3, 177-6] Күлтегін ескерткішін зерттеуші ғалым Мырзатай Жолдасбековтың аудармасында: <i>«Он оқұлым, түргіс қағанынан» Мақраш таңбашы. Оғуз Білге таңбашы келді; Қырғыз қағанынан Тардуш ынанышы, Чур келді; Мазар тұрғызуға, Зер салынған жазба тасты тұрғызуға Табғаш қағанынан зергершісі Чаң сеңун келді.</i> Талдау «Ыстық орындық» орындық әдісі (Бір оқушы алдыңғы жақта, орындықтар оны айнала қоршай орналастырылады. Жаттығудың сипаттамасы: Бір оқушы алға шығып өз пікірін айтып және тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді. Сұрақты анағұрлым мазмұнды қылу үшін, оқушылар белгілі бір пікір бойынша бірлесіп алға шығып сөйлей алады.
Сергіту сәті 2 минут	«Қыдырып қайтайық!» би билеу
Аяқталуы Сабақты бекіту 10 минут	Синтез
Бағалау 5 минут Кері байланыс 3 минут	

Қосымша ақпарат		
Саралау – Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз?	Бағалау - Оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?	Пәнаралық байланыс Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері АКТ-мен байланыс Құндылықтардағы байланыс
Рефлексия Сабақ / оқу мақсаттары шынайы ма? Бүгін оқушылар не білді? Сыныптағы ахуал қандай болды? Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма? Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?	Төмендегі бос ұяшыққа сабақ туралы өз пікіріңізді жазыңыз. Сол ұяшықтағы Сіздің сабағыңыздың тақырыбына сәйкес келетін сұрақтарға жауап беріңіз.	
Қорытынды бағамдау Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)? 1: 2: Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)? 1: 2: Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетін не білдім?		

БОРАНБАЕВ ГАЛЫМ САДУАҚАСОВИЧ

Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы

«Әлихан Бөкейхан атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ


Дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі

Мектеп Мұғалімнің аты-жөні Сынып	Күні Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Бөлім	3-бөлім. Гимнастика арқылы денені басқару дағдылары.
Сабақ тақырыбы	Акробатикалық жаттығу тізбегі: алға, артқа қарай аунау әдістері.
Оқу мақсаттары	9.3.2.1 нақты дене шынықтыру сабақтарына арналған қыздыру жаттығуларын құру, түсіндіру және өткізу, олардың ағзаны қалпына келтіру тиімділігін бағалау; 9.1.2.1 қимыл-қозғалыс комбинацияларын және олардың кейбір дене жаттығуларындағы реттілігін жеткілікті техникалық деңгейде негіздеу және қолдана білу
Сабақ мақсаттары	Барлығы: Білім алушылар өзгермелі жағдайға жауап қайтара біледі, қимыл-әрекеттермен байланысты білімді түсінеді. Көбі: Білім алушылар өзгермелі жағдайға жауап қайтара біледі, өз ара талқылайды, қимыл-әрекеттермен байланысты білімді түсінеді, көрсетеді. Кейбірі: Білім алушылар өзгермелі жағдайға жауап қайтара біледі, өз ара талқылайды, қимыл-әрекеттермен байланысты білімді түсінеді, көрсетеді, бағалайды.
Бағалау критерийі	Көшбасшылық дағдыларын көрсетіп, жұмысты орындайды.
Тілдік мақсаттар	Оқушылар: акробатикалық жаттығуларындағы біріккен іс-әрекет арқылы негізгі білімдері мен түсініктерін көрсетеді және талқылайды

	Мыналарды қамтиды: - жинақталу, жинақталу түрлерін: - отырып жинақталу, - аяқ ұшына отырып жинақталу, - жатып жинақталу, - қауіпсіздік ережесі, Талқылауға арналған сұрақтар: - Берілген тапсырма меңгеру үшін қандай жинақталу әдісінен бастау қажет? - Жаттығуды орындауды қалай әлдеқайда тиімді етуге болады? - Жаттығуды орындаушы қандай қасиеттерге ие болуы керек? - Жаттығуды орындау кезінде қандай кемшіліктер кетуі мүмкін? - Осы жаттығуларды қозғалыс кезінде орындауға болады ма? - Қозғалыс кезінде, секіріп қайсы түрін орындауға болады? - Бұл жаттығулардың қай спорт түрімен байланысы бар?
Құндылықтарды дарыту	Ынтымақтастық: өзара жақсы қарым-қатынас орнатады, ептілік дағдыларын қалыптастырады, бір-біріне көмек көрсетеді. Академиялық әділдік: бір-бірін әділ бағалайды, идеялары мен ой-пікірлеріне құрметпен қарайды. Өмір бойы оқу: алған білімін өмірмен байланыстырады, кері байланыс орнатады, білім алуға деген сүйіспеншілікті қалыптастырады. Патриотизм және азаматтық борыш: отанға деген сүйіспеншілікті, адалдықты, өз іс-әрекеттерімен дәлелдейді. Өзіне және өзгеге құрмет: топтық жұмыс, жұптық жұмыс кезінде жүзеге асырады. Еңбек пен шығармашылық: альтернатив ойынды ұйымдастырады, ойын барысында жеңіске талпынады.
Пәнаралық байланыстар	Биология, физика, математика, қазақ тілі, өзін-өзі тану, музыка
АКТ қолдану дағдылары	Ұялы телефон, планшет, ноутбук
Бастапқы білім	Гимнастикаға ептілікке, шымырлыққа, батылдыққа үйрету. Білім алушылар гимнастика туралы ой-түсініктерін біледі.

САБАҚ БАРЫСЫ

Сабақтың кезеңдері	Оқушының әрекеті	Педагогтің әрекеті	Бағалау	Оқу ресурстары
Сабақтың басы 10 минут	Дайындық бөлімі: Оқушыларды қатарға тұрғызу. Сәлемдесу. Рапорт қабылдау. Оқушылардың спорттық киімдеріне назар аудару. Сабақтың тақырыбымен және мақсатымен таныстыру. Бағалау критерийлерін анықтау. Техника қауіпсіздігін ескерту. Бой жазу жаттығуларын орындау. Тыныс жолдарын қалпына келтіру.	Оқушылардың қатарда тұзу тұруын қадағалау. Келмеген оқушылардың себебін анықтау. Оқушылардың сабақтың тақырыбы мен мақсатын мұқият тыңдауын қадағалау. Бой жазу жаттығуларын ережеге сай орындалуын қадағалау.	Оқушылар бір-бірін бағалайды	Ысқырғыш доптар, гимнастикалық төсеніш, фишкалар. https://www.maam.ru/gimnastika/akrobatika
Сабақтың ортасы 25 минут	(С, Т, ҚБ) Оқушылар топтарға бөлінеді. «Акробатика» сөзі грек тілінен аударғанда «аяқ ұшымен жүру, жоғары өрмелеу» деген мағынаны береді.	Оқушыларға гимнастиканың шығу тарихын, акробатика туралы қысқаша мәлімет береді. Сұраңыз: Гимнастиканың		

	«Акробатика» ежелден келе жатқан дене жаттығуының бірі «Акробатиканы бұрын көпнесе көпшіліктің алдында цирк өнерін көрсететін әртістер жиі айналысып келді. Біздің республикамызда 1949 жылы алғаш рет арнайы жарыс өткізілді.- Акробатикалық жаттығулар барлық сы-нып оқушыларының бағдарламаларында кездеседі .Бұл жаттығулар 1.Күштілікті.2.ептілікті.3.жылдамдықты.4.шешімділікті.5.батылдықты.6.кеңістікте бағыт ұстауды,сезім мүшесінің қызметін жақсартуды дамытады.	ішінднгі қандай түрі? Қай жылдан бері бізде дамып келеді? Қай жерлерде, кімдер көп қолданады? Қандай дене қасиеттерін дамытады?		
	(Т, ЖЖ, ҚБ) Жаттығуларды орындауды жинақталудан бастау керек. 1.Толық отырып жинақталу әдісі. 2.Аяқ ұшына отырып жинақталу. 3.Арқада жатып жинақталу. Қозғалыста орындау жаттығулары: 1. Алға қарай аунау (тоңқалаң асу). 2.Артқа қарай аунау (тоңқалаң асу). Жас ерекшелігіне қарай секіріп (белгілі бір заттан немесе ұзындыққа, биіктікке) аунау. 	Жинақталу әдістерін көрсету,қалай орындалып жатқанын бақылап қателіктерді түзетіп көрсету.Жаттығулардың орындалу техникасын көрсету және бақылауға алыңыз. Оқушыларды ептілікке,жылдамдыққа үйрету. Жаттығуларды орындау үрдісінде әрдайым өзара әрекеттестік ауысып отырады: әрбір жаттығудың ауысуына байланысты не ұсына ұсына алар едіңіз?		
	Гимнастикалық және эстафеталық ойындар: Гимнастикалық төсеніште, артқа,алға қарай аунау әдістерін қайтлау.			

Сабақтың соңы 5 минут	Сабақты қорытындылау: Мақсаты: Қол жеткен нәтижелер туралы ойлану, өзіндік талдау жүргізуге дағдыландыру. Тақырыпты меңгеру деңгейін анықтау. Сипаттама: Оқушылар өз беттерінше сабақтың басында қойылған сұраққа жауап береді. Өткен тақырып туралы кері байланыс беру үшін мұғалім сұрақ қояды, оқушылар ауызша жауап береді. Мұғалім әрекеті: Сұрақ-жауап арқылы кері байланыс жүргізеді. Сабақ басында қойылған сұрағына әр оқушыдан жауап сұрайды. Жақсы нәтижеге қол жеткізген оқушылар мен үздіктерді атайды. Жетілдіру жаттығуларын ұсынады. Оқушының әрекеті: Қиын болған немесе жүзеге асыра алмаған мәселелер бойынша сұрақ қояды. Үздік нәтиже көрсету үшін өзіндік ойлармен бөліседі. Сабақ басындағы мұғалім сұрағына жауап береді.		
--------------------------	---	--	--

ҚОСЫМША АҚПАРАТ

Саралау-оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлау? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлау?	Бағалау-оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?	Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы
Саралау барысында оқушылардың деңгейін анықтап, деңгейлері бойынша тапсырмалар бердім. Сабаққа белсенді қатысып тапсырманы дұрыс орындаған оқушыларды ауызша мадақтау арқылы бағаладым. Деңгейі жоғары оқушылармен араластырып білім деңгейлерін көтердім.	Оқушылар бір-біріне кері байланыс берді. «Қолмен белгі беру», «Бір минуттық эссе», «Ауызша бағалау» әдісі арқылы рефлексия жасалды.	Тапсырмаларды орындау кезінде спорттық құралдардың дұрыс орналасуына көңіл бөлу. Дене қыздыру жаттығуларының орындалуына аса көңіл бөлу, икемділікті дамытуға септігін тигізеді. Дене қуатын үнемдеу шарттары. Дұрыс тыныс алу. Сабақтың барысында техника қауіпсіздік ережелерін сақтау
Сабақ бойынша рефлексия -Сабақ мақсаттары, оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? -Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме? -Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? -Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма? -Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен?		Сабақ мақсаттары, оқу мақсаттары жоспар бойынша нақты қойылған. Сабақ соңында барлық оқушы оқу мақсатына қол жеткізді. Сабақ соңында саралау жүргізіліп, сабақ қорытындыланды. Кіріспе бөлім 10 минут, негізгі бөлім 25 минут, қортынды 5 минут регламент сақталды. Сабақ жоспарынан ауытқулар болған жоқ
Жалпы баға Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)? Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)? Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?		

МАТЕМАТИКАНЫҢ БІЗДІҢ ӨМІРДЕГІ МАҢЫЗЫ

КУРЖУБАЕВА ПЕРИЗАТ АМАНГЕЛЬДИКЫЗЫ

Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы

«Әлихан Бөкейхан атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ

Математика пәні мұғалімі

Математика – объектілердің қасиеттері мен байланыстарын бейнелейтін математикалық моделді зерттейтін адамзаттық білімнің аймағы. «Математикалық модел адам ойынан туындай отырып, объективті зерттеу пәні ретінде жасалуы – керемет!

Математика – ғылымдардың ең басты тілі ретінде нақты әлемнің құбылыстарын сипаттайтын әртүрлі тәсілдердің ең қолайлысын көрсетеді. Математика – бұл бір ерекше әлем. Сырт көзге ол тек мылқау сандар мен суық есептен ғана жаралған құрғақ дүние болып көрінеді. Бірақ оның ішкі сырларына сұңғи білген адамға өзіндік айырықша әсемдіктері, пән сапалық түйіндері, қиялға қанат байлап, ойға қуат құятын, айналандағы жалғыз дүниеге жан бітіріп, құдіретті құбылыстары дайын тұр.

Математиканың нақты ғылымдар саласында алатын орны орасан зор.

Математика – ғылымдардың іргетасы. Математикасыз физика, химия, тіптен биология салаларын елестету мүмкін емес. Математиканы кез келген ғылым саласына енгізсеңіз, оған жан бітіп, бойына қан жүгіреді. Ол бізді қоршаған ортаны танып – білуге, заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік береді.

Табиғи құбылыстардың сипатын математика тілі арқылы моделін құрып, болашақтағы құбылыстың күйін болжай аламыз. Математикалық есептердің қағаз жүзінде ғана қалып қоймай, жан бітіп, іске асуын кез келген жерден көре аламыз. Мысалы, біз күнде мініп жүрген көлік, компьютерлер, ұялы телефондар, тіпті біз тұрып жатқан зәулім үйлерді де айтуға болады. Құрылыс пен сәулет өнері адамның алғаш пайда болуынан басталған көне кәсіп. Ғасырлар ауысса да ол бізбен бірге дамып, жетілуде.

Құрылыс саласының өзіне тән ережесі, тәртібі және нормативтік құжаттары болады. Соған сәйкес әрбір құрылысшы кірпішті қалай қалау керек, оның нормасы қандай болады деген сияқты құрылыс технологиясын меңгеруі қажет. Сондай-ақ жобаны оқи білуі керек. Бір нысан мен екінші бір нысанның ерекшелігін білу, технологияны, адамды орнымен пайдалану, алған білімді тиімді жұмсай білу, дәл, нақты есептей білу керек. Яғни математикадағы масштабты жақсы түсініп, оны практикада қолдана білу қажет. Медицина мен денсаулық сақтау саласында да көптеген есептеулер жүргізіледі.

Мәселен, медициналық құрылғыларды жасау барысында адам денсаулығына зиян келмес үшін математикалық есептеулер жүргізіледі. Тіптен ауа райын зерттеудің өзі математикалық моделсіз жүзеге асырылмайды. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні: математикалық есептеулердің арқасында, бүгінгі технологияларға қол жеткізіп, қауіпсіз үйлер салып, ғарышты зерттеп, мәдениетімізді дамытудамыз. Математикалық есептеулерсіз әлем тіптен басқаша болар еді!

Математика адамның интеллектуалды қабілеттерін дамытады. Сол қабілеттерге тоқталып кетейік.

- Жалпылау қабілеті. Белгілі бір оқиғаны жалпы тәртіптің көрінісі ретінде қарастыру. Дербес құбылыстардың жалпы құбылыс барысындағы жеке рөлін анықтау.
- Талдау қабілеті. Өмірлік қиын жағдайаттарда дұрыс таңдау жасап шешім қабылдау.
- Заңдылықтарды анықтау қабілеті.
- Логикалық тұрғыда ойлау және негіздеу.
- Тез ойлану және шешім қабылдау.
- Алдын-ала жоспарлау қабілеті. Алдын-ала бірнеше қадамдарды жоспарлап шешім қабылдау.
- Абстракты ойлау.

Жоғарыда айтылған қабілеттердің дамуы үшін математикалық әдіс қолданатын дәлдігі, тәртібі және логикасы басым болатын білімнің барлық салаларын айтып отырмын. Интеллектуалды қабілеттерді дамыту үшін қиын есептер жинағын алып шығару міндетті емес, математикалық әдістер қолданылатын логикалық сөз жұмбақтарды шешіп, интеллектуалды ойындарды ойнауға болады. Математиканың тағы бір құдіреті – онымен шұғылданған адамның бойында осы айырықша қабілеттердің біртіндеп қалыптасуына үлкен септігін тигізеді. Математика адамды ой еңбегіне тәрбиелейді. Сондықтан, достар, математикадан қашпау керек, оны сүю керек! Бұл математиканы оқуға дайындықтың ең алғы шарты.

Есептердің шешімін таба отырып – баланың ойлау жүйесінің дамуына ықпал етіп, өмірдің кез келген жағдайында дұрыс шешім таба алуға тәрбиелейді.

Қазақ халқының ежелгі баспанасы – киіз үйдің құрылымы да тұнып тұрған математика. Математикалық тұрғысынан қарағанда киіз үй негізі 3 бөліктен тұрады. Уықтары параболаның бір бөлігі. Шаңырағы, табаны шеңберлер. Цилиндр орнықты фигура болғандықтан киіз үйдің пішіні соған сәйкестендіріліп жасалған.

Киіз үйдің есігі тік төртбұрыш. Кереге арасы ромб. Киіз үйдің шаңырағынан дәл ортасынан табанына түсірілген биіктігі едендегі шеңбердің центрімен дәл келеді де, симметрия осін береді.

Бүкіл жан-жануарлардың баспаналары дөңгелек, сфера пішінді болатындығы белгілі. Мысалы, аю, қасқыр апандары дөңгелек үңгір етіп жасалады. Апанның ауыздары оңтүстік—шығысқа қарап қазылады. Торғайдың, құстардың ұясы да сфера пішінді болады. Міне қазақтың киіз үйі де, осындай заңдылық бойынша жасалған. Кереге жоғары жағына қарай тартыла береді де, уық арқылы күмбезге айналып кетеді. Киіз үйдің негізгі өлшемдері ерекше пропорциялы болып келеді. Киіз үй пішінінің айналу беттерін, яғни, дөңгелек болуы бұрыштардың болмауы киіз үйдің көркемдігін арттыра түседі. Ендеше, бұрышы жоқ киіз үйдің ішіндегі ауа тұрақты түрде алмасып отырады. Киіз үйді ойлап шығарудың өзі ақиқат ғылымға негізделген. Міне, даналық!

Математикалық білім алудың басты шарты – математикалық мәдениеттіліктің деңгейін көтеру болып табылады. Математика ең алдымен оқушылардың дұрыс ойлау мәдениетін қалыптастырады, дамытады, шыңдай түседі. Американдық педагог – математик Д.Пойа былай деген: «Математиканы білу деген не? Бұл есептерді шығара білу, онда стандарттық есептерді ғана емес ойлаудың еркіндігін, сананың салауаттылығын, өз болмысты, тапқырлықты керек ететін есептерді шығару».

Математиканы оқыту әдістемесі (методикасы) – педагогиканың бір саласы. Ол математика ғылымының белгілі бір даму дәрежесіне лайық қоғамның алға қойған оқыту мақсаттарына сай математиканы оқытудың заңдылықтарын зерттейді. Методика (әдістеме) терминінің төркіні «метод» «әдіс» – «жол» деген грек сөзінен шыққан. Математика әдістемесін басқаша «математика педагогикасы», «математика дидактикасы» деп те атайды. Олардың мағынасы бір-біріне өте жақын, сондықтан да оларды біз бір мағынада қолданамыз.

Математиканы оқыту әдістемесі ең алдымен математика ғылымымен тікелей байланысты дамиды. Сондықтан да математика әдістемесінің мазмұны мен даму барысын дұрыс бағдарлап түсіну үшін математика ғылымының даму тарихынан мағлұматтар білу қажет.

Математиканың даму тарихын төрт кезеңге бөледі.

- Математиканың тууы. Бұл кезең тарихқа дейінгі өте ерте дәірден басталып, біздің заманымызға дейінгі VI-V ғасырларға дейін созылды. Бұл аралықта математикалық білім дағдылар молайып, қорланады, математиканың алғашқы да негізгі ұғымдары (сан, фигура т.б.) қалыптасады.
- Тұрақты шамалар немесе элементар математика кезеңі. Біздің заманымызға дейінгі VI-V ғасырлардан басталып біздің заманымыздың XVII ғасырына дейін созылған бұл аралықта негізінен тұрақты шамалардың қасиеттері зерттеліп, ашылады. Арифметика, геометрия, алгебра, тригонометрия ғылымдары дербес салалар болып бөлініп шығады.
- Айнымалы шамалар немесе жоғары математика кезеңі. XVII ғасырдан бастап XIX ғасырдың орта тұсына дейін созылған бұл дәірде жоғары математикалық білім негізін қалайтын математика салалары болды. Олар Декарт (1596-1650) еңбектерінде жасалынған аналитикалық геометрия, Ньютон (1642-1727) және Лейбниц (1646-1716) негізін құрған дифференциалдық және интегралдық есептеулер, ықтималдықтар теориясы т.б.
- Қазіргі математика кезеңі. Бұл дәуір XIX ғасырдың ортасынан басталады. Мұнда математика пәні мен қолданылу облыстары мейлінше кеңейіп, көптеген математикалық жаңа теориялар пайда болады.

Математиканың оқыту әдістемесі соңғы жылдары қарқынды дамып мазмұны жағынан да, ғылыми әдіс-тәсілдері жағынан да кемелденген педагогиканың бір саласы. Болашақ математика мұғалімі математиканы оқытудың жалпы заңдылықтарын, мақсат-мазмұнын, әдіс-тәсілдерін, методикалық зерттеулерді, есеп шығаруды және оларды оқушыларға түсіндірудің жолдарын оқытудың техникалық және көрнекі құралдарын оқу процесінде пайдалану әдістемесін, оқушыларды оқу-ісіне жұмылдыру тәсілдерін, педагогика ғылымы мен озат тәжірибе жетістіктерін мектеп практикасына батыл енгізу тәсілдерін жоғары мектеп қабырғасында жүргенде игеруі тиіс.

Математиканы оқыту әдістемесі педагогикалық ғылым сондықтан да ол қазіргі қоғамның талаптарына сай педагогика ғылымы анықтап берген жалпы білім беру мен тәрбиелеудің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес құрылады. Математиканы оқыту әдістемесі мұғалімнің оқу материалдарын беру, оқушылардың математикалық білімді саналы меңгеру және алған білімін практикада қолдану іскерліктерін шыңдау әдістері мен құралдарын тағайындайды.

Математиканы оқыту әдістемесі болашақ мұғалімдерді оқыту мен тәрбиелеудің жалпы теориясын математиканың көмегімен жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Математиканы оқытудың негізгі міндеті – қазіргі қоғамның әрбір мүшесінің күнделікті тынысы мен еңбек әрекетіне қажетті білімін одан әрі жалғастыруға жеткілікті математикалық білім мен біліктілікті жүйелі түрде тиянақты әрі саналы меңгеруін қамтамасыз ету болып табылады. Болашақ математика мұғалімі математиканы оқытудың жалпы заңдылықтарын, мақсаттары мен мазмұнын, әдіс-тәсілдерін, әдістемелік зерттеулерді, есеп шығарудың және оларды түсіндірудің жолдарын жоғары мектеп қабырғасында игеруі тиіс.

* * * * *

ИНФОРМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ

ХАЛАМИ БЕРГЕНГҮЛ

*Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, ҚарМУ
Мамандық: Бакалавр. Информатика. Пәні: Информатика*

Қазіргі кезде мемлекетіміздің алдында білімді де іскер, ғылымға қабілетті заман талабына сай ұрпақ тәрбиелеу мәселесі тұр. Еліміздің білім беру жүйесінің жаңарып, толығымен түсуіне заман талабынан туындап отыр. Қабілетті және дарынды балалармен жұмыс қоғамда мемлекеттік деңгейінде басым бағыттар санатында көрінеді. Жас ұрпақ - еліміздің тірегі, ертеңіміздің кепілі.

Саналы тәрбие, сапалы білім беру мұғалімдердің басты міндеті. Олар жан-жақты жетілген білімді әртүрлі әдістемелерді меңгерген, шығармашылықпен жұмыс істей алатын шеберлік иесі болуы тиіс.

Ұстаз кәсіби білімін үздіксіз жетілдіріп отыруы керек. Қазіргі таңда еліміз дарынды балалар тәрбиелеуге зор көңіл бөліп отыр. Сондықтан оқыту мен дамытудың жаңа мазмұнын құруға, оның әдістемелік жүйесін іздестіру мәселелеріне мән берілуде. Балалардың интеллектуалды қабілеттерін анықтап, оны одан әрі дамытуда дамыта отырып оқыту технологиясының маңызы зор.

Информатиканы оқыту барысында жеке тұлғаны дамыту және қалыптастырудың негізгі үш кезеңін қарастыруға болады.

Информатика ғылымының оқушының рухани дамуына, ғылыми көзқарастарының қалыптасуына, этикалық, адамгершілік және ізгілік бағдар алуына, логикалық қабілетінің дамуына көмектеседі.

Информатиканың гуманитарлық, әлеуметтік шамасын көтеру арқылы оқушылардың ойлау қабілетін дамытып, өмірге көзқарасын қалыптастырып, ақпараттық қоғамның осы пәнмен байланысы қоғамдық сананың дамуын, информатиканың экологиямен, қоршаған ортамен байланысын толық түсіндіретіндей болуы керек. Ғылыми техниканың дамып, алға басып, өркендеуіне байланысты информатиканың қоғам өмірінің дамуына жалпы тұлғаның ақпараттық мәдениетінің жоғарылауына, эстетикалық білім мен тәрбие беруге елеулі әсерін тигізуде. Информатика пәнінің мазмұнын ізгілендіру арқылы ақыл-ойдың дамуына өмірге ғылыми көзқарастың қалыптасуына, информатиканың қоғамдық сананың дамуына әсерін жетілдіру, жеткіншектердің қоршаған ортаға дұрыс көзқарасын тәрбиелеуге көңіл бөлінуде.

Әрбір мәдениетті және тәрбиелі адамның өмір сүріп отырғын өзін қоршаған ортаның қалай құрылғаны туралы ең болмаса жалпылама түсінігі болуы керек.

Қазіргі информатика ғылымы жаңаша әлемдік ойлаудың қалыптасуына көмегін тигізуде. Жер бетіндегі халықтар мен дүние жүзілік халықтарының негізгі проблемасына көңіл аудару арқылы ізгілік бағытын көтеруді өз жауапкершілігіне алуға.

Информатика сабағында білім алуды зерттеуде үш міндет қойылады:

- Сезімді ынталандыру;
- Білім білік дағдыларын дамытуға қызығушылығын арттыру;
- Жауапкершілігі мен міндеттерін қалыптастыру

Информатика сабағында сезімді ынталандыру әдіс ретінде қарастырылуы керек.

Оқушының оқуға, білім алуға деген дұрыс сезімін, білім мазмұнына, оның түрлері мен әдістерін меңгеруге деген дұрыс көзқарасын қалыптастыру мұғалімнің басты міндеті. Сезімді ояту арқылы белсенді түрде тыңдау, есте сақтау, қайта ойлау арқылы сабақты жақсы түсінуге, нәтижесінде білім сапасын арттыруға, алға алға қойған мақсатына жетуге көмектеседі.

Информатика сабағында сезімді ынталандыру деген, негізінен: информатика пәнінен дұрыс білім беруге жағдай жасау, сабақ кезінде мақтау және көтермелеп отыру, оқытуда ойын түрлерін тиімді пайдалану, алға қойған мақсатты жүйелеу болып табылады.

Оқушылардың білім алуға жақсы жетістіктерге жетуіне өз күштеріне сенімін туғызып және оқу үрдісін жеңілдету арқылы жағдай жасау ойластырылды. Бұл әдіс – оқуға, білім алуға деген сезімін ынталандыратын бірден- бір дұрыс әдіс. Қуаныш, уайымдауларсыз алдағы уақытта жетістікке жету жолдарын анықтап, қиындықтарды жеңе білу мүмкін емес. Математика мен физика сабағында оқушыларға бір тапсырма берумен шектелмей біртіндеп күрделендіріп отырып, бірнеше тапсырмалар беру арқылы оларды орындағанда мақтап, марапаттай отырып, оқушыларға оңай тапсырмаларды орындатып өздерінің күшіне сенімін арттырып, оқуға деген қызығушылығын ынтасын арттыруға болады. Одан әрі біртіндеп күрделі есептерді, жаттығуларды орындатуға болады. Бірінші жеңіл, оңай есептер, жаттығулар орындатып, екінші қиын, күрделі есептер, жаттығулар орындату.

Сабақ кезінде оқушыларға жекелеп көмектесіп, қиындығы бірдей тапсырмаларды орындатып, марапаттап, ынталандыруға болады. Бұдан нашар оқитын оқушылар, компьютерде машықтану жаттығуларын орындай отырып, өз білімдерін жетілдіреді.

Көптеген тәжірибелі мұғалімдер оқушылардың еңбегін дұрыс бағалап, мақтап, марапаттау әдісі арқылы білім беруде жақсы нәтижелерге жетіп жүр. Оқушылардың сезімін басқара білу, оқушылардың еңбегін дұрыс бағалап, мақтап, жақсы сөз тауып дәл уақытында марапаттап отырудың өзі мұғалімдердің үлкен өнері. Марапаттау әр түрлі жағдайда болады. Оқу үрдісінде оқушыларды мақтау оның еңбегін дұрыс бағалау, олардың алған бағыттарының дұрыстығын қолдау, мадақтау немесе есеп шығару әдістерін мақтау және еңбегіне қарай көтермелеп бағалау және т.б. Оқушыларды мақтау және жазалау әдісін өте қажет болған жағдайда ғана қолдануға болады. Информатика сабақтарын ойын түрлерін ұйымдастыру арқылы өткізуге болады. Ойынның әр түрлі түрлерін сабақта қолдану арқылы білім алуға, сабақ оқуға деген белсенділігін арттыруға болады. Онда столда ойнайтын дайын ойындарды ойнатып, білім біліктерін дамытуға, оқу матриалына байланысты ойын ретінде құрастырылған дайын материалды пайдалануға болады.

Информатика сабағында алдағы істейтін жұмыстарын жүйелеу:

- күнделікті сабақта, сол сабақ болатын күні істелетін жұмыстарды жоспарлауда ізгілік мәселесін ескеру;
- апталық, тоқсандық, жылдық істелетін жұмыстарды дайындауда оқушыларды ізгілікке баулитын материалдарды жүйелеу.
- бірнеше жылғы мектеп бітіру және одан әрі оқуға түсу, жұмысқа орналасу, өз өмірін құру жұмыстарына жүйелеу.

Осылай жүйелеу арқылы оқушылар мектепте математика және физикадан өтетін жарыстарға, кештерге қатынасуға дайындалады, емтихан тапсыруға, мектеп бітіруге, жұмыс істеуге дайындалып, өз бетінше жұмыс істеп, жеке тұлға болып қалыптасады.

Білім, білік, таным дағдыларын дамытудың төмендегідей әдістері бар:

- Информатика сабақтарында оқу материалдарын қабылдай білуге дайындау;
- оқу материалдары бойынша ойын, қызықты оқиғалар желісін құру;
- информатика сабағында оқушыларды еліктіре алатын білім мазмұны, сондай-ақ іздене алатындай кезеңдер тұрғызу керек.

Оқу материалын қабылдай білуге дайындау үшін мұғалімдер алдымен оқушыларға сол материалға дайындық ретінде бірнеше тапсырмалар, жаттығулар, есептер берді. Сол тапсырмаларды сұрай және оларға қорытынды жасай отырып, әрі қарай мұғалім жаңа материалды айтып, түсіндіріп, жалғастырады. Сонда оқушы өздерінің ұмытқандарын естеріне түсіріп білімдерін ары қарай дамытады.

Информатика сабағын өткенде сол өтетін материалға байланысты қызықты информатикадан қызықты логикалық есептер шығарудың информатика ғылымындағы атақты ғалымдардың жаңалықтарын, қазіргі информатика саласындағы жетістіктер мен жаңалықтар туралы айта отырып, әртүрлі ақпараттық үрдістер мен ақпараттық технологиялар жайлы баяндап, сабақ мазмұнын байыта отырып оқушылардың информатика сабағына деген қызығушылықтарын арттыруға болады. Шығармашылық іздену әдісін пайдалануда жүргізілген эксперимент оқушыларды шығармашылықпен іздену, білуге үйрету білім, білік дағдыларды дамытуға үлкен себебін тигізетінін көрсетті. Бұның өзіндік қиындықтары бар. Мұғалімдер үшін әр оқушының шығармашылықпен ізденуіне жағдай жасау қажет. Олардың шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, әр түрлі сабақтарға жауап іздеп, еркін ізденуге мүмкіндік туады. Тәжірибелі мұғалімдердің ізденгіштігі арқасында жекеленген мектептерде информатика сабағында ізгілендіруді мақсатты жүйелі пайдалану жақсы нәтиже береді деп ойлаймын.

Оқушының жеке тұлғасын, оның рухани әлемін, қабілеті мен ынтасын дамыту бүгінгі педагогика ғылымындағы негізгі мәселелердің бірі. Оқушының өзіне сенімен арттыру, ынтасын жігерлендіру, шығармашылығын дамыту арқылы оны болашақта алған білімін өмірде еш қиындықсыз пайдалана алатын жеке тұлға ретінде қалыптастыруға болады. Ол үшін мұғалімнің әрбір сабағы оқушы сезіміне ой салатындай, ынта ықыласына әсер етуі тиіс. Сондықтан сабақ құрылымы әртүрлі әдістермен, жаңа технологиялық құралдармен, программалық жабдықтармен қамтамасыз етілуі керек. Бұл ретте мұғалімнің дайындығы мен шеберлігі, ізденімпаздығы да басты роль атқарады.

Сабақ беру үрдісінде мынадай факторларға сүйенуге болады:

- оқушыларды өз бетінше жұмыс істеуге үйрету;
- оқушылармен жекелей, пармен, топпен жұмыстар жүргізу;
- оқушылардың компьютерлік сауаттылығын неғұрлым жетілдіру;
- оқушылардың шығармашылық қызметін дамыту.

Оқушының өз бетімен жұмыс істеуін әртүрлі деңгейде ұйымдастыруға болады. Әр оқушының зеректігіне, ынтасына байланысты өз бетімен жұмыстың тапсырмалары да түрлі деңгейде құрастырылады.

Сондай-ақ, оқушыларды пармен, топқа бөліп оқыту арқылы нашар оқитын оқушылардың да талпынысын көруге, олардың пәнге деген қызығушылығының артқанын байқауға болады. Бұл әдістің тиімділігі сол, сабақта оқушылар түгел бағаланады.

Шығармашылық мақсаттағы жұмыс өте жоғары деңгейде жүргізіледі және ол оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырады. Сабақты түрлендіріп қызықты өткізуге көмектесетін, оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыратын ойын элементтерін пайдалану да өте тиімді. Информатика сабағында ойындарға ребустар, сөзжұмбақ құрастыру, анаграммалармен жұмыс істеу жатады. Ойын элементтері оқушылардың логикалық ойлау қабілетін арттырып, сөз байлығын кеңейтіп, елестету және қалыптан тыс ойлауын информатиканың термин сөздерін жадында сақтауға үйретеді.

Информатика пәнінде интеллектуалды ойын элементтерін қолдану барысында қазіргі өмір талабына сай компьютерлік сауаттылықты жылдам дамыта отырып, педагогикалық-психологиялық әдістемелік бастапқы дайындықты қалыптастырмайынша балар өз білім деңгейлерін көтере алмайды. Қоғамды ақпараттандыру жағдайында оқушының жеке тұлғасын қалыптастырып, ақпараттық қоғамда өмір сүруіне сонымен қатар оның ақпарат ағымында дұрыс бағдар жасап, тиімді шешім қабылдауына қажет жаңа ақпараттық технологияларды таңдап алу және оларды қолдану қабілетін қалыптастыруда информатика пәнінің орын алатыны белгілі.

Қазіргі сабақ - бұл өзіндік көрсеткіштермен ерекшеленетін мұғалім мен оқушының біріккен қызметі. Осыған сүйене келе информатика пәнінде өзіндік ерекшелігіне қарай оқушылардың теориялық білімі және практикалық жұмыс істеу дағдыларын бөліп алуға болады. Теориялық білімді тексеру үшін ауызша сұрау, жазбаша бақылау, тестілеу сияқты дәстүрлі бақылау түрлерін, ал практикалық дағдыны бағалау үшін практикалық жұмысты қолдануға болады. Информатиканы оқыту барысында оқушылардың білімін бақылау үшін осы дәстүрлі әдістермен қатар бақылаудың дәстүрден тыс түрлері, рефераттар, конкурстық жобалар, әртүрлі танымдық ойындар да қолданылады.

Танымдық (интеллектуалдық) ойын бұл күрделі, көп құрылымды құбылыс. Ол оқыту әдісі ғана емес білімді бақылау әдісі болуы мүмкін.

Информатика бойынша білімді бақылауды интеллектуалды ойындарды қолдану оқушылардың өзіндік тұлғалық ерекшеліктерін ашуға, сабаққа дайындық деңгейін арттыра түсуге көмектессе, ол мұғалімге оқушылардың білімде кеткен қателіктерді дер кезінде жөндеуге мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда тәжірибелі информатика пәнінің мұғалімдері оқытудың тиімді жаңа әдістерін және сол әдістемелік тәсілдер арқылы баланың ойлау қабілеттерін белсендіре отырып, олардың өз бетінше жаңа білім алуына талпыныстарын ашу жолдарын қарастыруда.

Оқушының сабақтағы белсенділігі мен талпынысын оның ары қарай танымдық қызығушылығын дамытуға ұштастыру керек.

Әсіресе жасөспірім кезеңінде оқушының қайсыбір пәнге деген қызығушылығы байқалып, ол бірте – бірте қалыптасады. Сол кезеңде оқушыға информатиканың басқа қырларынан мағлұматтар көбірек беріліп отырса, оның «атыс-шабыс» немесе «қашу, қуу» тәрізді компьютерлік ойындарға көңілі бөлінбес еді.

Ұлы педагог В. А. Сумомлинский: «ойын- бұл шуағы мол үлкен терезе, сол арқылы баланың ішкі дүниесінде айнала қоршаған дүние туралы нақты көріністер мен түсініктер жіберіледі.

Ойын – қызығушылық пен талпыныстың сәулесін жағатын ұшқын тәрізді » Оқушының пәнге деген қызығушылығын арттырудың әртүрлі тәсілдерінің ішіндегі ең тиімдісі – іздену. Тіпті ең нашар оқушының өзін пәнге қызығушылығын осы ізденіс материалдарын қолдана отырып арттыруға болады. Әсіресе оқушыларға ойын сабақтары өте ұнайды. Сондықтан мұғалім дәстүрлі әдістер арқылы өте баяу, қызықсыз қабылданатын оқу материалдарын ойын түрінде беруіміз керек.

Ойын кезінде оқушының бойынан ойын жинақтауға, өздігінше ойлауға, ой-өрісін дамытуға, білімге құштарлығын ашуға талпынысын байқауға болады.

Ойынға қызығуының арқасында оның танымдық белсенділігі артады, жаңа білімді қабылдайды, әртүрлі жағдаяттарда бағдар алады.

Ойын - баланы ойлау белсенділігін арттыруға тәрбиелейтін, психикалық процесті белсендіретін бірден – бір құрал. Әдістемелік әзірлемелердің жетіспеуіне және мұндай сабақтарды өткізу сценариін жасау үшін мұғалімнің уақытының шектеулігіне байланысты, осы уақытқа дейін ойындарды оның сабақ процесіндегі ролінің маңыздылығына қарамастан, тек сабақтан тыс шараларды өткізуге қолданылып келді.

Қазіргі кезде мектептерде оқыту процесін белсендіру мен сабақтың тиімділігін арттыру мақсатында информатика сабағында ойындар сабақтың бір элементі немесе оның бір бөлігі түрінде (кіріспе, түсіндіру, бекіту, жаттығу, бақылау) өтіледі. Ойындарды сабақта материалды бекіту, жүйелеу немесе қайталау кезеңдерінде пайдаланудың маңызы зор.

НАРШАБАЕВА ШОЛПАН САҚИҚЫЗЫ

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Алматы облысы, Қарасай ауданы,


Шамалған ауылындағы орта мектеп

Бөлім:	Прозадағы көркем ой
Педагогтің аты-жөні:	
Күні:	
Сыныбы: 10 « » қазақ әдебиеті	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Ж.Аймауытов «Ақбілек» романы
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	10.1.1.1 әдеби шығарманың сюжеттік-композициялық құрылысын талдау арқылы идеялық мазмұнын терең түсіну;
Сабақтың мақсаты:	Көркем шығарманың сюжеттік-композициялық құрылысына таладау жасай алады. Шығарманың идеялық мазмұнын терең түсіне алады.

Сабақтың барысы:

Сабақ кезеңі/ Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы Ұйымдастыру 2 мин.	Ұйымдастыру кезеңі: Сәлемдесу “Аялы алақан” әдісі арқылы оқушылардың бір-біріне жақсы тілек айту арқылы жағымды ахуал қалыптастыру. Топта жұмыс жасау ережені еске түсіру. Топ басшысын сайлау. Бағалау парағын тарату. Ережесін таныстыру Топтастыру. Оқушыларды түгендеу.	Оқушылар бір-біріне алақандарын түйістіріп, сәттілік тілейді. Оқушылар топтарға тақырып мақсатына сай «Рандом» арқылы 3 топқа бірігеді. I топ - Кейіпкер II топ - Іс-әрекет III топ – Нәтиже	Ынталандыру сөздері	https://castlots.org/razdelit-nagruppy/ рандом сайты слайд
Өткен білімді еске түсіру 4 минут	Мұғалім «Попкорн» әдісі арқылы өткен сабаққа қойылған сұрақтарға лезде жауап беру ұсынылады. (берілген сұраққа кім бірінші орнынан тұрса, сол оқушы жауап беріп, өзіне тиісті ұпайға ие болады) Жүсіпбек Аймауытовтың өмірі мен шығармашылығын еске түсіріп өту.	Сұрақтар 1. XX ғасырдың 30-38 жылдарында елімізде қандай тарихи өзгерістер болды? 2. Жүсіпбек Аймауытов кім? 3. Қандай қызметтер атқарды? 4. Жазушы «Ақбілек» романын жазудағы мақсаты қандай? 5. «Ақбілек» романы тұңғыш рет қай жылы және қай журналда жарияланды? 6. Шығармаға «Чудесный роман» деп баға берген кім? 7. «Ақбілек» романының басты кейіпкерлерін атап бер.	Мадақтау, оқушыны ынталандыру сөздері	Слайд 

Сабақтың ортасы Жаңа білім 31 мин.	Мұғалім сабақтың тақырыбы мен мақсатымен таныстырады Мұғалім сөзі: Оқушылар, біз алдыңғы сабақта Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романының мазмұнымен танысқан болатынбыз. Ал бүгін шығарманың сюжеттік-композициялық құрылысына талдау жасап, басты идеясын түсінетін боламыз.	8 минут	1-тапсырма. Жұптық жұмыс: Оқушылар жұп болып «Ақбілек» романындағы оқиғаларды еске түсіре отырып, шығармадан алынған үзінділерді талдайды.	<table><tr><td>Шығарманың композициялық құрылымы</td><td>Шығармадан мысалдар</td></tr><tr><td>Оқиғаның басталуы</td><td>Табиғат бейнесі, Алтай таулары</td></tr><tr><td>Оқиғаның байланысы</td><td>Ақбілектің көзінің тартуы</td></tr><tr><td>Оқиғаның дамуы</td><td>Мамырбай ауылына ақ әскердің шақыншылығы</td></tr><tr><td>Оқиғаның шиеленісуі</td><td>Оқиғаға Мұқаштың кінәлі екендігінің анықталуы, Ақбілек пен офицер тағдыры</td></tr><tr><td>Оқиғаның шарықтау шегі</td><td>Ақбілектің аузынан қалуы</td></tr><tr><td>Оқиғаның шешімі</td><td>Дуананың кездесуі, ауылға келуі</td></tr></table> Топ басшысы критерий мен дескрипторға сай баллдық жүйе бойынша тобындағы оқушыларды бағалап отырады.	Шығарманың композициялық құрылымы	Шығармадан мысалдар	Оқиғаның басталуы	Табиғат бейнесі, Алтай таулары	Оқиғаның байланысы	Ақбілектің көзінің тартуы	Оқиғаның дамуы	Мамырбай ауылына ақ әскердің шақыншылығы	Оқиғаның шиеленісуі	Оқиғаға Мұқаштың кінәлі екендігінің анықталуы, Ақбілек пен офицер тағдыры	Оқиғаның шарықтау шегі	Ақбілектің аузынан қалуы	Оқиғаның шешімі	Дуананың кездесуі, ауылға келуі	Жалпы балл -2 Критерийі: Сюжеттік-композициялық талдау жасай алады Дескриптор: - оқиғалар желісін анықтайды; -сюжеттік-композициялық құрылысын талдайды	слайд оқулық қаламдар оқушы дәптері
Шығарманың композициялық құрылымы	Шығармадан мысалдар																			
Оқиғаның басталуы	Табиғат бейнесі, Алтай таулары																			
Оқиғаның байланысы	Ақбілектің көзінің тартуы																			
Оқиғаның дамуы	Мамырбай ауылына ақ әскердің шақыншылығы																			
Оқиғаның шиеленісуі	Оқиғаға Мұқаштың кінәлі екендігінің анықталуы, Ақбілек пен офицер тағдыры																			
Оқиғаның шарықтау шегі	Ақбілектің аузынан қалуы																			
Оқиғаның шешімі	Дуананың кездесуі, ауылға келуі																			
14 мин	Топтық тапсырма Өңгіме үзіндісі «QR kod» арқылы беріледі. Шығарма оқиғаларын әр түрлі әдіс арқылы талдауы тиіс. 1-топ «Фрейер моделі» әдісі 2-топ «Синквейн» әдісі 3-топ «Әдебиет лотосы» әдісі 		2-тапсырма. Топтық жұмыс: Оқушылар топ болып «Ақбілек» романы желісімен сюжеттерді талдау арқылы идеялық мазмұнын анықтайды. 3 топқа әр түрлі әдіс-тәсіл беріледі. 1-топ «Фрейер моделі» әдісі 2-топ «Синквейн» әдісі 3-топ «Әдебиет лотосы» әдісі		Жалпы балл -3 Критерийі: -шығарма сюжетін талдау арқылы идеялық мазмұнын анықтайды Дескриптор: -идеялық мазмұнын анықтайды; -әдіс-тәсілдерді ұтымды қолданады	Флипчарт Өңгіме үзінділері QR kod Маркер														
8 минут	Жеке жұмыс. «Мен таңдаймын» әдісі Мұнда тапсырмалар сараланған. Оқушылар ұсынылған кестені толтырады. (Оқушылар өз деңгейіне сай «жедел-		3-тапсырма. Шығарманың идеялық мазмұнын анықта. Сюжет бойынша кестені толтыр.		Жалпы балл- 2 Критерийі: Берілген кестені толтырады Дескриптор: -	Слайд «Лездеме» қалташа сы														

	жәрдем қалташасынан» 1 көмек алуына рұқсат) «Лездеме» әдісі арқылы 4-5 оқушының кестесі тыңдалады. Оқушылар критерий мен дескрипторға сай бірін –бірі бағалайды. Сабак соңында мұғалім дәптерді тексеруге жинап алады. (топтағы оқушылар қаламдарын ортаға жинайды. Мұғалім кез келген қаламды қолына алады, қалам иесі жауап беруі тиіс)	<table><tr><td>Композициялық жүйе.</td><td>Негізгі оқиғасы</td></tr><tr><td></td><td></td></tr></table> Оқушылар «Мен таңдаймын» әдісі арқылы берілген кесте бойынша «лездеме қалташасынан» саралау бойынша көмек алуына болады. Оқушылар бірін-бірі дескриптор арқылы бағалайды.	Композициялық жүйе.	Негізгі оқиғасы			композициялы қ жүйесін анықтайды; -негізгі оқиғаны анықтайды	дәптер кеспе қағаздар
Композициялық жүйе.	Негізгі оқиғасы							
Сабақтың соңы Бекіту 7 мин	Эмоция кестесі  1-топ Шығармаға сатылай кешенді талдау 1) Талдау-талдау 2) Автор 3) Кейіпкерлер 4) Шығарманың темасы 5) Шығарманың басталуы 6) Шығарманың дамуы 7) Шығарманың шектенуі 8) Шығарманың соңы 9) Шығарманың мәні 10) Шығарманың стилі 11) Шығарманың жанры 12) Шығарманың темасы 13) Шығарманың идеясы 14) Шығарманың сюжеті 15) Шығарманың композициясы 16) Шығарманың композициясы 17) Шығарманың композициясы 18) Шығарманың композициясы 19) Шығарманың композициясы 20) Шығарманың композициясы 2-топ «Хикая картасы» әдісі  3-топ	4-тапсырма. Үш топқа 3 түрлі графикалық органайзер тапсырмалары беріледі. 1-топ. «Ақбілек» романындағы кейіпкерлердің көңіл-күйін эмоция картасына салады. 2-топ. Оқушылар шығармаға сатылай кешенді талдау жасау арқылы романның идеясы мен сюжетін анықтайды. 3-топ. «Хикая картасы» арқылы шығарманың оқиғалары рет-ретімен тізбектеліп көрсетіледі.	Жалпы балл-3 Критерийі: Романның оқиғалары мен кейіпкерлеріне талдау жасайды Дескриптор: -топпен жұмыс жасайды; - сюжетін ретімен орналастырады ; - кейіпкерлердің көңіл-күйін анықтайды	плакат маркер стикерлер				
2 мин	Кері байланыс «Мәзір» әдісі.  Топ басшылар топтағы оқушылардың ұпайларын есептеп, мұғалімге тапсырады.		1-10 баллдық жүйе бойынша критерий мен дескрипторға сай, оқушылардың тапсырманы орындау деңгейіне қарай бағаланады.	Слайд, таратпа қағаздар				

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІНДЕ ТЫНДАЛЫМ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

БАЙБОСЫНОВА АҚІЛГЕК ШАРАПҚЫЗЫ

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қызылорда облысы, Арал ауданы

Жаңақұрылыс ауылы «№ 74 орта мектебі» КММ

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» Қазақстан халқына жолддауында « Бізге экономикалық және қоғамдық жаңарту қажеттілігіне сай қазіргі заманғы білім жүйесі қажет» дегені мәлім.

Ұлы педагог Ы.Алтынсарин «Оқытушы бағалағанда олардың іске қатысы жоқ сөздеріне қарап емес, олардың егістерінің бетіне шыққан жемістеріне, яғни оқушыларына қарай бағалау керек» деп, айтқандай, оқушы жетістігін нақты бағалау мәселесі - білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі. Сондықтан, оқушылардың білім нәтижелерін бағалау оқыту үдерісінің маңызды бөлігі болып табылады, яғни, оқыту үдерісін басқарудың түйінді кілті бағалауда деп те айтуға болады.

Деңгейлік бағдарламалар мазмұнындағы «Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау» модулі — оқудың тиімді бағасын және оқыту үшін тиімді бағаны түсіну, оқыту мен оқудағы барлық жаңа тәсілмен байланысты.

Жаңартылған білім беру бағдарламасын жүзеге асыру үшін оқушы білімін бағалауда мүлдем жаңа бағытта жұмыс істеу қажеттілігі туындайды. Осы қажеттілікті шешу жолдарының бірден-бір жолы оқушы білімін әділ, шынайы, ашық түрде бағалау жүйесін қолдану.

Білімді бақылаудың негізгі мақсаты — оқушылардың білім алудағы жетістіктерін анықтау, білімін тереңдету және болашақта оқушыларды қоғамдық іс-әрекетке қосылудың алғышарттарын жасау.

Бұл мақсат ең алдымен оқушылардың оқу материалын меңгеру сапасын анықтаумен тығыз байланысты.

Екіншіден басты мақсаттың айқындылығы өзін-өзі бақылау мен өзара бақылауды қабылдауды үйренумен және өзін-өзі бақылау мен өзара бақылау қажеттілігін қалыптастырумен байланысты.

Үшіншіден, бұл мақсат оқушылардың орындалған жұмысқа деген жауапкершілігін, ынтасын арттыру тәрізді жеке тұлғалық қасиеттерін тәрбиелеуді жоспарлайды.

Оқыту процесінде оқушылардың білім, білік, дағдыларын есепке алу, бақылау және бағалау оның аса қажет құрамдас бөлігі болып есептеледі. Мұғалімнің сабақтар жүйесінде оны дұрыс ұйымдастыра білуі, көптеген жағдайда оқу тәрбие процесінің табысты болуының оң кепілі. Тындалым дағдысы негізінде оқушылар жаңа білімдерді қабылдайды, бұрын алған білімдерін толықтырып, жетілдіріп, белгілі бір жүйеге келтіреді.

Тәрбиелік қызметі оқушыларды жүйелі түрде жұмыс істеуге үйретеді. Нәтижесінде олар күнделікті сабаққа үзбей дайындалады, жауапкершілдік сезімдері артады. Дамыту қызметінің маңызы сол, оқушылар өз бетінше оқу тапсырмаларын орындауда жаңа білімдерді қабылдайды, қорытынды жасайды, баяндамалар әзірлейді, хабарламалар жасайды. Күнделікті бақылау оқыту процесінде күнделікті қолданылады және сабақ барысында оқушылардың оқу-танымдық әрекетіне басшылық жасайды. Ол ішкі және сыртқы байланысты жан-жақты жүзеге асыруға мүмкіндік туғызады, соның негізінде оқушылардың келесі оқу әрекетіне ықпал етеді.

Күнделікті бақылау мұғалімнің жалпы немесе жекелеген оқушылар жұмысына жүйелі түрде бақылау жасау көмегімен жүргізіледі. Бақылаудың бұл түрі оқушылардың сынып немесе үй тапсырмаларын өз бетінше орындауға деген ниеттері мен берілген тапсырманы орындауға деген олардың қызығушылығы және жауапкершілік сезімін ынталадыруда үлкен маңызға ие болады.

XXI ғасырдың жан-жақты зерделі, дарынды, талантты адамын қалыптастыру бағытындағы білім беру мәселесі мемлекетіміздің басты назарында. Білім мен ғылымның Қазақстан дамуына оңтайлы әсер етуі үшін дүниежүзілік кеңістігіне ену, білім беруді одан әрі демократияландыру, оқыту жүйесін заман талабына сай үйлестіре алу міндеті туындап, білімге бүкіл оқу- әдістемелік жүйеге жаңа талаптар қойылуда. Осы тұрғыдан алғанда мұғалімге білім берудің тиімді жолдарын қарастыру, таңдай білу еркіндігі тиіп отыр. Қай кезеңде, қай заманда болмасын мектептегі басты тұлға мұғалім десек, дүниежүзілік даму деңгейінен кем түспейтін, иық тірестіре алатын, алған білім мен тәрбиелік қазынасын туған еліне, адамзат игілігіне жұмсай алатын қазақтың ой танымының иесі, саналы азаматты жетілдіруге үлес қосатын қазақ тілі мен әдебиетін оқыту процесі, оны ұйымдастырушы мұғалімге жауапты міндет жүктеледі. Сондықтан қазіргі таңда педагогика жаңалықтарын, қазіргі қолданып жүрген пән ерекшеліктеріне қарай қолдана білу – оқыту мақсатына жетудің бірден – бір жолы.

«Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттерінен озады» деген ұлы ақын Абай сөзі барлық уақытта өз мәнін жойған емес. Озық ойлы, білімдар адамдар заманның, қоғамның дамуына, өзгеруіне өз үлесін қосады. Осындай қоғамдық әлеуметтік, мәдени өзгерістер, дамулар мектептің оқыту процесіне әсер етеді.

ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰҒЫРЫ БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМДА

БЕКЕТАЕВА МЕРУЕРТ ТҰРҒАНБЕКҚЫЗЫ

*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Жылу физикасы және техникалық аға оқытушы*

ШҮЙІНШӘЛИЕВ ТЕМІРЛАН

*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
аралығында физика-техникалық факультеті
«Жылуэнергетика» мамандығының 4 курс студенті*

Мен Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің "жылуэнергетика" мамандығының 4 курс студентімін, біздің университет қабырғаларында осыған орай көптеген іс-шаралар жүргізіледі.

Республикалық танымдық-патриоттық іс-шара «Тәуелсіздік тұғыры білім мен ғылымда» Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған вебинар. Бұл вебинардың мақсаты білім алушы жастарға еліміздің тәуелсіздік алу жолындағы зиялы ұлт перзенттерінің елдігімізді тіл мен білім арқылы айқындау жолындағы ерен еңбектерін паш ету, жастарды еліміздің өркендеуіне өз үлесін қоса білуге және Отанымыздың нағыз патриоты болуға тәрбиелеу.

Республикалық-азаматтық патриоттық іс-шара: «Тәуелсіздік – ұлы мұрат, қастерлі ұғым» - Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған, академик Т.Ш. Шармановтың қатысуымен өткізілетін Республикалық азаматтық-патриоттық іс-шара. Бұл іс-шараның мақсаты студенттердің азамат ретінде еліміздің өркендеуіне өз үлесін қоса білуге және Отанымыздың нағыз патриоты болуға тәрбиелеу

Тәуелсіздіктің бесігінде 30 жыл тербелген қазақ елі, 30 жылдық тәуелсіздігің құтты болсын!

Желтоқсанның ызғары да, қатып қалған мұздары да, қазақ жастарын қорқыта алмады, қайсарлықпен бодандыққа қарсы тұрған желтоқсаншы жастарға бас иеміз!

Ата-бабалардың аңсауымен, желтоқсаншы жастардың қайсарлығымен Тәуелсіздік есіктен еніп, жанымызға шаттық сыйлағалы міне 30 жыл, 30 жас. Отыз жылда ел жаңа, еліміз көркейіп, жеріміз жандануда, бар әлемнің назары біздің елімізде. Қазақ елі жасай берсін! Қазақстан жасай берсін!

* * * * *

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУМЕН ҮНДЕСТІГІ

РЫСҚАЛИЕВА НУРГУЛЬ ЖАНБЫРБАЕВНА

*Ақтөбе облысы, Алға ауданы
Үшқұдық орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі*

Ұлттық тарихты ұлттық болмыспен оқыту ғана емес, оны өзіндік жолмен түсіне білу – ұлттың мықты болуының басты жолы болып табылады. Себебі ұрпақты ұлт тарихымен, ұлттың барлық асыл қасиеттерін бойына жинақтаған ұлттың ірі тұлғаларының өмірбаяндарын оқыту арқылы тәрбиелеуге болады.

«Барлық қоғамдық орта секілді қазақ даласы да ғасырлар беделінде өзінің ұлы ұландарын туғызып отырды, бірақ олар өзінше ерек, далалық табиғатқа тартатын» – депкезінде атап өткен, қазақтың біртуар ұлы М.Дулатов жазғандай, Ұлы даланың ұлы есімдерін ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отыру – біздің міндетіміз.

Ресей империясының отарлау саясатының қыспағына қарамастан, оқу-ағарту мәселесін алға қойып, халықтың санасын оятуда аянбай тер төккен тұлғалардың бірі – Ыбырай Алтынсарин. Ғұмырын халықты ағарту ісіне, мектеп ашып, кітап жазып, бала оқытуға арнаған ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсариннің туғанына биыл 180 жыл.

«Менің жан сала талаптанатын себебім – қайткенмен де пайдалы адам болсам деуші едім, ал енді осы мақсатқа жетіп келемін деген ой мені барлық жағынан жұбатқандай» деп жазды. Осы тұста «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Одан басқа нәрселермен оздым демектің бәрі де ақымақтық», – деген ұлы Абайдың ой-толғамдары ойға оралады.

XIX ғасырдың екінші жартысында аса көрнекті ағартушы, ұстаз Ыбырай Алтынсарин балаларды оқытып, мектеп ашу ісімен ғана шектеліп қоймады. Ол қазіргі уақытта да өзекті сұрақтардың бірі болып отырған жан-жақты, білімді, ұстамды, өзіндік пікірі бар мұғалім дайындау сияқты мәселелермен шұғылданды.

Мұғалім – мектептің негізгі тұтқасы екендігін жақсы түсінген Ыбырай Алтынсарин, сол мектептердегі тәлім-тәрбие, оқу жұмыстарына айрықша мән берді. Бұл ретте ол мұғалімнің атқаратын рөлін жоғары бағалады. Оның «халық мектептері үшін ең керектісі – мұғалім. Тамаша жақсы педагогика құралдары да, ең жақсы үкімет бұйрықтары да, әбден мұқият түрде жүргізілетін инспектор бақылауы да мұғалімге тең келе алмайды», – деп жазуы, мұғалім мамандығының қоғамда қаншалықты орын алатындығын және беделінің зор екендігін көрсетсе керек. Мектеп меңгерушілерін даярлау нұсқау хатында: «Егер балалар бірденені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиіс емес, оларға түсіндіре алмаған өзін кінәлауы тиіс. Ол балалармен сөйлескенде ашуланбай, жұмсақ сөйлесуі, шыдамдылық етуі керек, әр нәрсені ықыласпен түсіндіру керек, орынсыз терминдерді қолданбау керек, мұндай сөздер оқушыларға түсініксіз болады да, жалықтырып жібереді» деп жазған еді.

Көрнекті әдебиетші ғалым Қ.Жұмалиев өзінің ғылыми – зерттеу еңбегінде педагог жазушыға: «XIX ғасырда қазақ даласынан шығып, орыс, Еуропа мәдениетіне қолы жеткен оқымысты, халық ағартушылар дәрежесіне көтерілген әрі педагог, ақын –жазушы Ыбырай Алтынсариннің өз халқының келешегі үшін істеген еңбегі зор»,–деп баға берді. Заманымыздың кемеңгер жазушысы М.Әуезов Ыбырай Алтынсарин туралы былай деп жазды: «Ыбырай орыстың мәдениет мектебін танымаса, Ушинский бастаған педагогикалық жаңалықтарды білмесе, орыстың адамгершіл, прогресшіл классикалық әдебиетінен қорек алмаса, Ыбырай болмас еді... Ыбырай да сол бір бағытта болумен қатар, өмірі, еңбек еткен ортасы, әлеуметтік-қоғамдық қайраты, әрекеті жөнінде Шоқанға да, Абайға да ұқсамайды. Ыбырай Шоқан мен Абайдың ісін өз өмірінде еңбегіне түйістіріп қоса білді. Сөйтіп, ол Шоқан мен Абайдың істеген тың тарихтың ұзақ өрісі бар, зор келешегі бар істердің үлгісін өз қолымен орнатты. Әрі ол жаңа үлгідегі ақын, әрі сол кездегі Ресейде батыл жаңалық жасап, тың үлгідегі мектеп ашушы. Қазақтың ең алғашқы мәдениетті мектебін жасаумен қатар, жазушылық пен оқытушылықты ол аса шебер өнерлі түрде қабыстырушы».

Алтынсариннің педагогикалық мұрасы оның жас ұрпақты адамгершілік пен ізгілікке, отан сүйгіштікке, руханилыққа, еңбек сүйгіштікке, адалдыққа, мейірімділікке тәрбиелеуге негізделген.

«Маған мұғалім бәрінен де қымбат,өйткені мұғалім мектептің жүрегі», «Мектеп қабілетсіздік пен жалқаулықтың ұясына айналмауы тиіс» –мектеп сапалы білім мен тәрбие берілуіне көңіл бөлді.

«Мектеп қазақтарға білім берудің басты құралы. Біздің барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі осы мектепте ғана», –деп ұлы педагог саналы ғұмырын осы оқу, білім беру ісіне арнады. Ыбырай Алтынсарин бұл жолда сан алуан кедергілер мен қиындықтарды жеңе отырып,артында өшпес өнеге мен мәдениетті мұра етіп қалдырды. Ұстаздың ағартушылық, педагогтық, ақындық, жазушылық тарихи қызметі мен еңбегі еш кетпей, жемісін берді.

Бүгінде қазақ елінің мәдениеті, білімі мен ғылымы дамыған. Бүгінгі жаһандану заманында ұлттық болмысымызды сақтай отырып, сапалы да озық білім беру ұстаздардың еншісінде.

Білім беру саласында ұстаздың алдына қойған мақсаты қазақтың тұңғыш педагогы Ыбырай Алтынсариннің салып кеткен сараланған жолымен жүріп, оқушыға ұлттық педагогикалық тәрбие мен білім берумен қатар олардың шығармашылық қабілеттерін арттыру.Сол себепте сабақты кәсіби түрде, ғылыми түрде әрі өмірмен байланыстыру, оқушының оқуға, білімге, ғылымға деген қызығушылығын арттырып, оқушыларды өздігінен ізденіс жасауға баулып, ойын анық жеткізуге, таза, мәдениетті сөйлеуге үйретіп, дағдыландыру –әрбір ұстаздың абыройлы борышы.

Жас ұрпақты тәрбиелеу адамгершілікке, ізгілікке, өнерге, білімге, ғылымсүйгіштікке, адалдық пен мейірімділікке, отансүйгіштікке негізделген Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық идеялары қазіргі білім беруде үндестік тауып, жалғасуда. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» дегендей, бүгінгі таңда әр оқушыны жеке тұлға деп қарастырып, сапалы білім беру, оқушының шығармашылық қабілетін арттыру керек. Ол үшін мұғалімнің өзі ғылымда болып жатқан жаңалықтармен үнемі танысып, үнемі кәсіби білімі мен біліктілігін жетілдіріп отыруы өте маңызды.

- Боданов Ж., Болеев К. Қазақтың халық педагогикасы. Жамбыл,1992 ж.
- Жарықбаев Қ. Ұстаздық еткен жалықпас. Алматы, «Мектеп» 1987ж.
- Игнатъев Е.И. Психология в беседах с учителями. Санкт Петербург, 2001ж.
- Қоянбаев Б.Ж. Педагогика.-Оқу құралы.-Алматы, «Рауан»,1992ж.
- Қазақстан мектебі №4, 1995ж

* * * * *

БАЙСАЛБАЕВА ШОЛПАН АҚЫЛБЕКОВНА
ЖШС «Бақыт-Жан» бөбекжай-бақшасы тәрбиеші
Шымкент қаласы

Тақырыбы: «Үлкен-кіші. Биік-аласа. Ұзын-қысқа»

Ғажайып сәт.

«Бір қорап таспасы бар аю»

Есіктен тықыр естіледі, есікті ашып, қолында қорабы бар аю ойыншықты көреді. Оны топқа әкеліп, балаларға көрсетеді.

-Балалар, аюмен амандасып, бізге не әкелгенін көрейік. Ол бізге сыйлық әкеліпті. Қорапты ашып көрейік.

Ішінде таспасы бар қорапты үстелге қояды. Аю қораптан екі таспадан алып, қайсысы ұзын, қайсысы қысқа салыстыруды сұрайды.

Қораптан таспаларды алады. Әрқайсысы өз таспасының ұзындығын айтады.

«Қайсысы көп» Ойыны.

Үстел үстінде 4 үлкен көк текше мен 5 кішкентай қызыл текше жатыр.

Олар бір-бірімен араласып кеткен.

Педогог қолына бір үлкен, бір кішкентай текшені алып, балаларға сұрақ қояды:

-Бұл не?

-Текше.

-Олардың түсі қандай?

-Көк және қызыл.

-Текшенің қайсысы үлкен?

-Көк текше үлкен.

-Қайсысы кішкентай?

-Қызыл текше.

(Сұраған сайын педогог текшелерді бір-біріне қояды).

-Үлкен және кішкентай текшелердің тең немесе тең еместігін қалай білуге болады?

-Бір-бірінің үстіне қойып тексереміз.

-Дұрыс, кішкентай текшені үлкеніне қойып тексереміз.

Педогог бір баланы тақтаға шақырады.

Одан үлкен текшелерді бір қатарға қойып шығуды тапсырады. Содан соң екінші баланы шақырып, кішкентай текшелерді үлкен текшелердің үстіне қойып шығуды өтінеді.

Бірінші шыққан бала үлкен текшелерді бір қатарға қатарластырып қойып шығады. Екінші бала кішкентай текшелерді үлкен текшелердің үстіне қояды.

-Текшелерді қай қолмен алу керек?

-Оң қолмен

-Оларды қай жақтан бастап қою керек?

-Солдан оңға қарай.

Балалардың жауабын тыңдап болғаннан кейін педогог:

-Дұрыс, текшелерді оң қолмен алып, солдан оңға қарай рет-ретімен қою керек.

-Үлкен текшелер жетті ме?

-Жоқ.

-Кішкентай текше көп пе?

-Кішкентай текшелер көп.

-Қайсысы аз?

-Үлкені аз.

Содан соң педогог кішкентай текшені алып тастайды да, балалардан сұрайды:

-Енді текшелер теңесті ме?

-Енді теңесті.

-Текшелер теңдей дедіндер. Неге олай ойлайсыңдар?

-Өйткені артық текше жоқ.

Содан кейін балалардан көздерін жұмуды сұрап, кішкентай текшенің тағы біреуін алып тастайды.

«Жануарларды жапсыр» ойыны.

1- тапсырма, жапсырмамен жұмыс: Үлкен және кішкентай аю.

Педогог балаларға жұмбақ жасырады:

«Қысы- жазы бір түсті». (Шырша)

-Ол не?

Педогог балалардың назарын шыршалардың суретіне аударады.

-Сендердің дәптерлеріңде қандай шыршалардың суреті салынған?

Содаң соң педогог балаларға жапсырмаларды ұсынады.

Биік шыршаның астына- үлкен аюды, аласа шыршаның астына- кішкентай аюды жапсыру тапсырылады.

-Үлкен аю қай шыршаның астында тұр?

-Биік шыршаның.

-Кішкентай аю қандай шыршаның астында тұр?

-Аласа шыршаның.

Сөздік жұмыс: Үлкен, аласа.

Сергіту сәті: «Аю».

Тәтті көрсе бас салар,

Айнымайды баладан.

Үп -үлкен боп жасқанар,

Кіп- кішкентай арадан.

Балалар қимыл қозғалыстар жасайды.

«Бір біріне қос» ойыны.

Педогог үлкен және кішкентай бал салынған бөшкелердің суретін көрсетеді.

Үлкен бөшкені үлкен бөшкемен, ал кішкентай бөшкені кішкентай бөшкемен қосуларын ұсынады.

«Үлкен және кішкентай киіз үйлер» ойыны.

Педогог балаларға үстелдегі үлестірмелі материалдар мен жолақтар салынған тәрелкені көрсетеді.

Үлкен киіз үйлерді жоғарғы жолаққа, ал төменгісіне сонымен бірдей етіп кішкентай киіз үйлерді орналастырыңдар. Солдан оңға қарай орналастыру керек.

-Үлкен киіз үйлер мен кішкентай киіз үйлер саны тең бе?

-Кішкентай киіз үй мен үлкен киіз үй тең.

-Үлкен киіз үйлер қайда тұр?

-Жоғарғы жолақта.

-Кішкентай киіз үйлер қайда?

-Төменгі жолақта.

-Енді тексеріп көрейік. Үлкен киіз үйдің үстіне кішкентайларын қойып салыстырыңдар?

-Қайсысы көп, қайсысы аз екен?

-Олардың саны бірдей.

Балалар кішкентай киіз үйлерді үлкен киіз үйдің үстіне қойып салыстырады.

Қорытындылау

Аю оқу іс- әрекеті өте ұнағанын, олардың барлығы белсенді болғанын, оның достарына шыршаның түбінен орын тауып бергендеріне және тапсырманы дұрыс орындағандары үшін рахметін айтып, қоштасады.

Балалар аюдың тапсырманын дұрыс орындағандарына қуанады.

* * * * *

ҚУАНЫШБАЕВА ЖАНАР ЛЕСОВНА
ЖШС «Бақыт-Жан» бөбекжай-бақшасы тәрбиеші
Шымкент қаласы

Тақырыбы : « Ғажайып Жаңа –жыл»

Мақсаты: әуен сазынан қыс көріністерін ести білуге, қимыл-қозғалыс жасауға, әнді әсерлі, мәнді орындауға баулу, ырғақ, тембрді сезінуге үйрету; Дамытушылық: қысқы табиғатқа қызықтыру, Жаңа жыл мерекесі туралы танымын кеңейту;

Көрнекіліктер: Алаңның барлығы жаңа жыл тақырыбына сай безендіріледі, шырша, әсем суреттер, әшекейлер.

Кейіпкерлер: Аяз ата, Ақшақар, Қоян, Түлкі, Аю

Ойын: «Жұлдызшалар»

Ән: «Шыршы» «Аяз ата»

Би: «Көжектер» «Жұлдызша» «Қонжық»

(Балалар музыкамен безендірілген залға әдемі әуенмен кіріп, жартылай шеңберге тұрады.)

Жүргізуші:

Армысыздар құрметті қонақтар бүгінгі «Ғажайып жаңа жыл» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер! Бүгінгі мерекемізді әдемі әнмен бастауға рұқсат етіңіздер!

Ән: «Шырша шырша шыршамыз» әні

(Балалар орындыққа отырады.)

Жүргізуші: балалар, шыршамызға Аяз Ата мен Ақшақар жетіспейді.

Бәрі: Қоңырау үні сыңғырла

Аяз ата Ақша қар

Тез келсінші ортаға (Зрет қайталайды)

Аяз ата: Асуларыңмен алысқан Балаларым, балғыным

Асау желмен жарысқан Тілегенім жыл бойы

Аталарың сендерге Сендердің денсаулығың

Шаршап келді алыстан Өмір гүлім, шалғыным

Жаңа жылдарыңмен! Амансың ба, ұлдарым.

Амансың ба, ұлдарым. Аппақ ару қыздарым?

Ақшақар. - Сәлеметсіңдер ме, балалар. Жаңа жылдарың құтты болсын!

Сүйсіндірер маңайды Ақшақармын аппақпын

Ақшақармын арайлы Қалай тыныш жатпақпын

Жалт - жұлт еткен жүзімнен Менсіз қыстың сәні жоқ

Күміс сәуле тарайды. Өнімін, жырмын, тақпақпын

Жүргізуші: Қош келдіңіздер! Жаңа жылымыздың сәнін кіргіздіңіздер. Бүгінгі «Ғажайып Жаңа жыл» атты мерекемізді әсерлі етіп өткізуімізге ат салысыңыздар

Аяз ата: Шыршаларыңның шамы жанбаптығой. Мен сендерге өзімнің көмекшілерімді жіберген едім, олар келмегенбе?

Жүргізуші: Жоқ, Аяз ата біз мерекемізді енді бастағалы жатырмыз.

Аяз Ата, алыс жол жүріп шаршаған боларсыз, сіз отырып демала тұрыңыз, ал біздің балаларымыз сізге би, өлең, тақпақтарын айтып өнерлерін көрсете тұрсын, оған дейін сіздің көмекшілеріңіз де шамдарды алып келіп қалар.

Тақпақтар:

Нұрасыл: Басында әсем жұлдызы

Көз тоймайды қараса.

Сания: Тамаша, тамаша

Шыршамыз тұр жараса.

Нүртілеу: Безендіріп шыршаны,

Жыл қуантты баршаны.

Мединна: Далада қар борайды

Ақ мамыққа орайды

Аделя: Мұз болады қатады

Жып жылтыр боп жатады

Жүргізуші: Балалар, тыңдаңдаршы, бізге тағы біреу келе жатқан секілді

(Музыканың сүйемелдеуімен Қоян кіреді.)

Қоян: Қатты тонып кеттім мен үйіме асығып келемін

Мұнда біреу бар секілді? Қорқып тұрмын кіруге. (дірілдей бастайды)

Жүргізуші: Қорықпашы, сүйкімді қоян, біз сған тиіспейміз. Біз Жаңа жыл мерекесін тойлағалы жатырмыз

,мүмкін бізбен бірге тойларсың,біздің көжектер саған биін билеп береді сенде қосыл.

Би: «Көжектер»

Қоян: -Ой, мүлдем ұмытып кетіппін! Аяз ата сізді көріп,маған түрлі түсті шамдарды беріп жібергеніңіз есіме енді түсті.Қазір, шыршаларыңды әдемі, түрлі түсті шамдармен безендіремін-деп,қоян қалтасынан шамдарды іздейді және бос лентаны шығарады.

Қоян: Мен қатты асықтым,
Мерекеге бүгінгі.
Сөйтіп жүріп ұмыттым
Шыршаны безендіруді.
Жол –жөнекей шамдарды Алыппын –ау түсіріп
Көңілдеріңді қалдырдым Тұрмын енді қысылып!

(қоян жылайды)

Аяз ата:Жылама қоян. Біз саған шамдарды іздеуге көмектесеміз. Тек сен қай жолмен келгеніңді көрсетші

Қоян: Рас па? Сендер маған көмектесесіңдер ғой? Онда тездетейік, жолға шығайық, шамдарды қардың астында қалмай тұрып тауып алайық.(Аяз ата,Ақшақар,қоян шыршаны айналып жүріп өтеді)

Қоян: Мынау Түлкінің іздері ғой.Мен оны жолда кезіктіріп қалғам,түлкіден қашамын деп түрлі түсті шамдарымды түсіріп алғанмын ғой.

(Музаканың сүйемелдеуімен Түлкі шығады.)

Түлкі: Кім бұл, неткен шу?Ах, қоян,сен бе бұл, Жалғыз келмепсің, кімдер жанында жүрген бұл?

Қоян: Сәлем, Түлкі! Бұл балалар- менің достарым.Аяз ата маған шам беріп жіберген,ал мен асығыстан түсіріп алыппын.

Сен осы жерден шам тауып алған жоқсың ба?

Түлкі:Мен бір шамды көріп ем,шыршамды безендіремін деп ініме апарып қойдым.

Қоян: Түлкішек, қымбаттым, шамды бізге қайтаршы, онсыз балалар мерекені тойлай алмайды.

Түлкі: Мен қуана-қуана қайтарар едім, бірақ менде шыршамды безендіретін жұлдызшаларымды жоғалтып алдым.Бұтаққа ілініп қалып, қайда түскенін таппай қалды. Енді мен оларды қардың арасынан іздеп, шыршамды безендіруім керек.

Жүргізуші:Түлкішек, ал бізде жұлдызшалар бар ғой. Қарашы олар сенікі емес пе?

Жұлдызшалар, тез бері келіндер.

Бізге бір би билеп беріндер.

Би:«Жұлдызша»

Түлкі:Жұлдызшаларың әдемі екен, бірақ олар менікі емес. Менікі шыршаның астына, қардың арасына түсіп кетті.

Жүргізуші: Түлкішек, ендеше біз балалардан жұлдызшаны іздеуге көмектесулерін сұрайық.

Ойын:«Жұлдызшалар жина»

Ойын шарты: Кішкентай түрлі-түсті шарлар мен жұлдызшалар шыршаның алдына араласып шашылады. 3-4 ұл бала мен қыздар шығады. Ұлдар ұлпа қарларды , ал қыздар жұлдызшаларды себетке жинайды.Ойынның соңында ішіне моншақ салынған себетті Түлкіге береді.

Түлкі: Рақмет, балалар менің жұлдызшаларымды жинауға көмектестіңдер. Ал мен ініме барып, сендердің шамдарыңды алып келейін. (Қоянға береді)

Ал менің қайтуым керек,

Шыршамды безендірейін тезірек.

(Түлкі қоштасып, кетіп қалады.)

Қоян: Бірақ бұл шамдар түгел емесқой

Аяз ата:Ендеше біздің моншақтарды іздеуді жалғастыруымыз керек.

(Музыканың сүйемелдеуімен аю шығады)

Аю:Мен қысқы ұйқыда болатынымын, қатты айқай – шу, тасыр - тұсыр шошып ояндым, не болып қалды деп сұрап едім, бәрінің айтатындары бір - ақ сөз: «Жаңа жыл келіп қалды, жаңа жыл» - дейді.

Машаны да іздеп, осында болар деп келдім.

Жүргізуші:Мәссаған,балалар бұл кім?

Балалар. Аю

Қоян:Аяз ата маған, шам беріп жіберген

Ал мен асығыстан, түсіріп алыппын бір-бірден.

Балалар маған шамдарды іздеуге көмектесті, ал тағы бір шамды қайдан іздеуге болатынын тіпті білмеймін.

Аю: Шамың менде, мен оны тауып алдым жерден.Мені мазалап,ұйқыдан оятқандарың үшін мен оны сендерге бермеймін

Жүргізуші:Аю,сен ашуланба ,біздің мерекелік кешке келіп қалған екенсің,онда бірге көңіл көтеріп билейік

Би: «Қонжықтар»

Аю: Ой, балалар көңіл күйімді көтеріп жібердіңдер ғой. Сол үшін де мен сендердің шамдарыңды берейін. Міне сендердің шамдарың

Қоян: Ой, көп рақмет, көмегіне, соңғы шамды тауып бердің, Жаңа жылды қарсы алайық, Шыршамызды безендіре бастайық.

(Қоян Ақшақармен бірге шыршаға шамдарды іледі. Осы кезде әуеннің сүйемелдеуімен сиыр кіреді)

Сиыр: «Мууу-мууу» мен кешікпей келдім бе? мына жер неткен керемет безендірілген, балалардың әдемісінай. қанша ертерек келемін десем де, маң-маң басып жеткенім осы болды

Жүргізуші: Жок, сен дер кезінде келдің, шырша шамын жаққалы жатыр едік, жаңа жыл басымен бірге жағатынымыз жақсы болды!

Қоян: Міне, енді біздің шыршамыздың оттары жарқырайды.

Ақшақар: Қоян, ал сен шамдар жанып- жарқырауы үшін не істеу керегін білесің бе?

Қоян: Жок, мүмкін үрлеу (үрлейді) немесе аяқты тапырлату (тапырлатады), немесе қол шапалақтау (шапалақтайды) керек шығар. Ештеңені түсінсем бұйырмасын. Олар қалай жарқырайды?

Ақшақар: Балалар, шамды қалай жағу керегін сендер білесіңдер ме?

Жүргізуші: Жок, Аяз ата мүмкін сіз бізге көмектесерсіз.

Аяз ата: Көмектесемін, әрине шамдарды жағамын бірден

Тек сендер артта қалмай менімен бірге қайталаңдар.

«Топ-топ, хлоп – хлоп, ай-яй-яй (2 рет тапырлатады, 2 рет шапалақтайды)

Шамдарыңды жарқырат!»

Жүргізуші: Шыршамыз жарқырады, жан-жағына сәуле шашып.!

Жаңа жылды қарсы алып би билейік, ән салып

Ән: «Аяз ата»

Аяз ата: Өнерлі екен ұлдарың. Өнерлі ару қыздарың

Жарқын, жарқын жүздерің. Жайнап өссін гүлдерің

(Қаптан кішкене қораптарын шығарады. балаларға береді.)

Жүргізуші: Бұл жерде сыйлық өте көп екен, Рахмет, Аяз ата!

Аяз ата:

Ақ көрпемді жамылып

Әр жыл сайын сендерге

Мұздан алқа тағынып

Келіп тұрамын сағынып

Ақшақар: Жаңа жылдарыңмен, достарым! Жыл сайын келіп тұрамыз!

Аяз ата: Рақмет сендерге балалар, бізді басқа да балалар күтіп отыр, сол жаққа да баруымыз керек. сау болыңдар!

(Аяз ата мен Ақшақар музыканың сүйемелдеуімен шығып кетеді.)

Аю: Менің де ұйым келді, менде кеттім үйіме (аю шығып кетеді)

Қоян: Сендермен қоштасып, жиналатын уақыт жетті.

Сау болыңдар, достарым! (Музыканың сүйемелдеуімен қоян кетіп қалады.)

Жүргізуші:

Ал балалар осымен біздің «Ғажайып Жаңа –жыл» атты ертеңгілігіміз аяқталды. Келесі көріскенше күн жақсы!!!

* * * * *

ОНГАРБАЕВА ГҮЛШАТ КАРСЫБАЕВНА

ЖШС «Бақыт-Жан» бөбекжай-бақшасы тәрбиеші

Шымкент қаласы

Тақырыбы : «Жайдарлы Алтын күз!»

Максаты: Балаларды күз әлемімен таныстыруды жалғастыру.

Күз мезгіліндегі өнім көкөністерден көрініс сахналандыру.

Балалардың ойын, ән, билер арқылы күзгі мерекелік көңіл-күйлерін көтеру.

Табиғатты сүйіп, қорғауға, аялауға тәрбиелеу.

Дауыс: Міне, өлкемізге алуан түсті жапырақтарымен толқып, билеп күз де жетті. Күздің келуін бәріміз де асыға күттік. Ал, күз бізге мол өнімдерін сыйға тартуда.

(Әуен ойналады. Жапырақтар биін билеп балалар келеді. Би аяқталған соң өз орындықтарының қасына барып тұрады.)

Би: Жапырақтар

Жүргізуші: Армысыздар құрметті қонақтар! Біздің шағын орталықта « Жайдарлы Алтын күз!» мерекесін бізбен бірге өткізуге қош келіпсіздер!

Бүгін мейрам, бүгін той

Қуаныш күн, біліп қой

Күзгі бақта сыңғырлап

Алақанды ұрып қой.

Қонақтардың көңіл-күйін көтеру үшін қолдарымызды бұлғап амандасайық!

(Балалар қолдарын бұлғайды)

Жарайсыңдар балалар! Қонақтар мен балалардың жүзінен қуаныш пен шаттықтың ізін байқайық!

Берекесін сыйлауға	Көптен күткен күз келді
Өлкемізге күз келді	Жеміс жидек піседі
Жемістерін жинауға	Жапырақтар сарғайып
Шақырады біздерді	Ағаштардан түседі
Қуандырып біздерді	Көбейді құт береке
Кел жемісті алтын күз	Астық толы қамбамыз
Өлкемізге күз келді	Құтты болсын мереке,
Кемелденсін халқымыз.	Алтын күзді тойлаймыз.

Ән: Алтын күз

Балалар қазір бізде күз мерекесі, күз мезгілінің неше айы бар екен?

Күз айларын кім атап шығады?

Күз айларын ортаға шақырайық. *(Қыркүйек, қазан, қараша)*

Сыңғырлайды қоңыраулар	Туыстық, адам достықпен
Қыркүйек айында	Жалғаса берсін өмірлерін
Сағынышпен біз барамыз	Күздің қараша айында
Өнер білім тойына	Алма, алмұрт піседі
Қазан айы басталды	Жапырақтар сарғайып
Құстар қайта бастады	Сыбыр, сыбыр түседі

Ойын: «Өз ағашынды тап!»

Шарты: Шашылған жапырады теріп алып, өз ағаштарының қасына тез барып тұру.

Бағбаншы: кіреді.

Жүргізуші: Сіз кімсіз? Қайдан келдіңіз?

Бағбаншы: Бақша, бақты күтетін бағбаншымын. Балаларды мейрамымен құттықтауға келдім. Ал сендер неге жалғызсыңдар? Күз ханшайымы қайда?

Жүргізуші: Біз сізбен келеді деп ойладық.

Бағбаншы: Мен күз ханшайымын көрген жоқпын, ол орманда адасып қалған шығар.

Жүргізуші: Келіп қалатын шығар тосайық, оған дейін көкөністер мен жемістерді қазір өздерін таныстырсың.

Ортаға жемістер мен көкөністер, өздері туралы тақпақтар

Өрік	Картоп
Дөп дөнгелек сап сары	Картоп біздің атымыз
Ішінде бар дәні	Жер астында жатырмыз
Қызығасын көріп	Бір тамырдан тараған,
Менің атым өрік.	Ағайынбыз бәріміз.
Алма	Алмұрт
Пісіп тұрған алмамын,	Тіл үйірген алмұртпын
Тамсандырар бал дәмім	Таңсығымын бар жұрттың
Жерге сілкіп түсірме	Жақсы өсіре алмайды,
Ісіп кетер маңдайым.	Қараса егер салғырт кім.
Сәбіз	Қызанақ
Өсіретін бойынды	Тал шыбығым бұралып,
Дамытатын ойынды.	Бақшаларда қызарып
Қоянға да азықпыз,	Тұрған ол мен қызанақ
Сәбіздерміз жазықсыз.	Күнге қарап ұялып.
Пияз	Шие
Асханадан шықпаймын,	Мен моншақты шиемін
Атым пияз, бұқпаймын.	Құмарсындар білемін
Көзден жасты шығарам.	Кетіп қалып жүрмесін
Тұмаудан бірақ сақтаймын.	Тамағыңа сүйегім

Бағбаншы: Балалар мен бір ойын білемін, бірге ойнайық.

Ойынның аты: «Көкөністер»

(Әуен: Жел мен жаңбырдың дауысы.)

Күз бен жел кіреді:

Күз. Маған көмектесіңдер, көмектесіңдер.

Әуен: Сиқырлы

Жел: Ахалай, махалай суф! Күзді ұйықтатып тастайын. Қара бұлтымен күзді жауып тастайды.

Бағбаншы: Желдің артынан қуады.

Жүргізуші: Жел сен неге күзді сиқырлап тастадын

Бағбаншы: Күз бізге керек, оны балалар тосып отыр.

Жел: мен мықтымын, мен шапшаңмын мен күзді сыйқырлап тастадым.

Жүргізуші: Біздің балаларда шапшаң! Ондай болса ойын ойнап, шапшаңдығымызды көрсетейік.

Ойын: «Тауық пен әтеш»

Екі баладан ортаға шығып, музыка әуені аяқталғанша тауық – қызыл бұршақ, ал әтеш – ақ бұршақ дәнін жинау керек. Қайсысы көп жинаса соның жеңіске жеткені болады.

Бағбаншы: Өне, көрдің бе, біздің балалар қандай шапшаң?

Жел: жарайды сендер мықтысыңдар, сендер шапшаңсыңдар, сендер жеңдіңдер.

Жүргізуші: күзді бізге қайтар, біздің балалар мерекеге күзді тосып отыр.

Күз оянады.

Береке бақ дарыған

Жомарт көңіл жарқын күз

Сары алтынға малынған

Мен Күз ханшайымымын.

Сендерді көргеніме өте қуаныштымын.

Жүргізуші: Қош келдің, Күз ханшайымы! Төрлет!

Бүгінгі мерекеміздің қонағы бол, балалардың өнерін тамашалайық.

Күз ханшайымы: Өте жақсы, балалар, рахмет.

Күз ханшайымы: Өте қызықты ертегі екен. Рахмет, балалар.

Ән: Жаңбыр.

О, алақай тамаша!

Шашу шашты жапырақ

Бақтың іші күлімдеп

Аунап ма еді, жатып ап!

Күн шуаққа маужырап,

Жатыр еді атырап,

Ағаштардан жамырап,

Ұшты кенет жапырақ.

Ән: «Күз келгенде».

Жүргізуші:

Балалар, күз ханшайымының сиқырлы орамалы бар, солмен ойын ойнағысы келеді, ойнағыларың келеме?

Ойын: «Сиқырлы орамал»

Қане, шеңбер құрайық,

Билеп-билеп алайық.

Шыр етіп айналып,

Теріс қарап отырайық.

Балалар теріс қарап тұрғанда күз ханшайымы ортаға орамал жабылған себетті қояды. Ал балалар енді бұрылып қарайық.

Күз: Орамалды ашайық,

Астында не, қарайық?

Бұл не?

Себет қой!

Себеттің бетін жапырақтар жауып тұрады.

Екінші рет ойналғанда, себеттің ішінде алмалар болады. Бұл күздің сыйы, байлығы деп алмаларды балаларға үлестіреді. Балалар алғыстарын айтады.

Күз ханшайымы: Қандай керемет шеттеріңнен өнерлі екенсіңдер Ендеше мені басқа балалар тосып отыр, Сау болыңдар балалар!, Келгенше жыл айналып.

(Күз кетеді)

Балалар: Күз ханшайымымен қоштасады.

Жүргізуші: Осымен «Балбөбек» тобының «Жайдарлы Алтын күз!» атты ертеңгіліміз аяқталды. Күзге айтарымыз берер сыйы жылдан жылға көп болсын. Елімізде тыныштық, береке болсын!

* * * * *

БАЯМБЕТОВА МАРЖАН ПЕРНЕБАЕВНА
ЖШС «Бақыт-Жан» бөбекжай-бақшасы тәрбиеші
Шымкент қаласы

Тақырыбы: «Біз не үйреніп, не білдік?» Қорытынды сабақ

Мақсаты: Оқушыларды ізденімпаздыққа, өз бетінше еңбектенуге, білімдерін тереңдете түсулеріне тәрбиелеу

Сабақ әдісі: сұрақ- жауап, іздену

I Ұйымдастыру кезең	-Саламатсыңдар ма? балалар. -Сәлеметсіз бе! -Мен Білім ханшайымынан қонаққа сендердің білімдеріңді тексеруге қонаққа келдім. Өзімн бірге сендерге көптеген тапсырмалар әкелдім. -Сауат ашу сабағында не үйреніп, не білеміз? -Әріптермен танысамыз, жазу жазып үйренеміз. -Дұрыс айтасыңдар. -Дыбыстар нешеге бөлінеді? -Дыбыстар екіге бөлінеді. Дауысты, дауыссыз дыбыстар. -Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?, Дауыссыз дыбысты ше? -Дауысты –қызыл, дауыссыз-көк. -1-тапсырма: «Үндемес» ойыны Мен әріптерді айтамын сендер алдарыңдағы дөңгелекшені көтересіңдер, дауысты дыбыста-қызыл, дауыссыз дыбыста көк дөңгелекшені. -2-тапсырма: «Бұл қай жануар?» ойыны Мен жұмбақ жасырамын шешуін балалар тауып , тақтаға суреті ілініп сол жануар атына дыбыстық талдау жасалады. (Сиыр, түйе, ешкі, қой) Кезікті бір жануар, Үстінде екі тауы бар. Мойны ұзын, көзі үлкен, Бұл не, өзің тауып ал? (Түйе) Төрт бұлағы-сүт Баққанға ол –құт. (Сиыр) Кішкентай ғана бойы бар, Айналдырып киген тоны бар. (Қой) Төрт аяғы бар, Басында таяғы бар, Иегінде екі сақалы бар. (Ешкі) -3-тапсырма: «Кім тапқыр?» ойыны «А» әрпінен басталатын суреттерді тап: (Ата, ана, аю, алмұрт, алма, ағаш) -4-тапсырма: «Буын ұйқас» ойыны -Мен буын оқимын, сендер ұйқасын табыңдар. 1. Ақ, ақ, ақ Сарғайды күзгі жапырақ 2. Са, са, са, Ызындайды маса. 3. Із, із, із, Бақшадағы сәбіз. 4. Ай, ай, ай, Ұшып кетті торғай. 5. Ға, ға, ға, Ұшып кетті қарға. 6. Ыз, ыз, ыз, Айгуль жақсы қыз. 7. Ме, ме, ме, Келе жатыр кеме.
---------------------	---

-5-тапсырма: «Сөз ойла,тез ойла»

- 1 буынды сөздер айту (су,от,қол,көз,бас,ту)
- 2 буынды сөз айту (а-на,ба-ла,са-бақ, ба-қа)
- 3-буынды сөз айту (ма-ши-на,ба-ла-пан,те-ре-зе)

-6-тапсырма: «Сөйлем құрастыр»

-7-тапсырма: «Кім жылдам?»

-тақтағы шарларды құрастырып буындардан сөз табу.
(Аққу-лебедь- ,балапан-цыпленок-,бағдаршам-светофор-

-8-тапсырма: Ребус шешу

А	Ж	І
А		
С	Б	С
	Қ	М

-9- тапсырма: «Жоғалған әріпті тап»ойыны

С	А		А	Т
	Ү	Л	К	І
А		М	А	
Ш	А		А	

-10-тапсырма: «Суреттегі сөздерді жаз»ойыны

(Ата,әке,әже,бала) сөздерін кеспе әріптермен жазады.
()орыс,ағылшын тілінде айту

-11-тапсырма: «Өз атыңды жаз»ойыны.

-Балалар кеспе әріптермен өз аттарын жазып оқиды.

-12-тапсырма: «Әліппе»әнін айту.

Сергіту сәрі:

1,2,3

Бойға жинап күш

Жалқаулықты тастаймыз

Жаңа сабақ бастаймыз.

-Ал енді балалар біз математика сабағында не үйрендік?

-Сандарды тура,кері санауды,сандарды салыстыруды,есеп шығаруды.

-Бір аптада неше күн бар?

-7 күн.

-1 жылда неше ай бар?

-12 ай.

-1-тапсырма: «Сандар ретін тап» ойыны.

-Сандар орнын шатастырып алыпты кәне көмектесіп өз орындарын тауып берейік.

1 ,5, 9,7 ,3,4, 6, 8 ,10,2.

-Сандарды,тура,кері санату.4 бала.

- «Көршісін тап» ойыны.

	2	
--	---	--

-Ондықтарды санату. 10,20,30,40,50,60,70,80,90.

-2-тапсырма: «Дұрыс сана» ойыны.

Суреттерді сандармен сәйкестендіру.

	-3-тапсырма: «Салыстыр» ойыны: <, >, = Сурет бойынша салыстырып керекті таңбаны қояды. -4-тапсырма: «Кім шапшаң?» ойыны Алма мен алмұрт ағашындағы жемісті тез санау, керекті таңбасын қою. -5-тапсырма «Сандар құрамын тап» ойыны 4 санының құрамын табу. -6-тапсырма: «Логикалық» сұрақ-жауап. -Бағдаршамның неше көзі бар? 3 -Аспанда неше күн бар? 1 -Қолғапта неше саусақ бар? 10 -Бір жылда неше мезгіл бар? 4 -Дүкеншіде 5 жұмыртқа болды, біреуін жарып алды. Дүкеншіде неше жұмыртқа қалды. -4. -Ермек дүкеннен 3 алма алды, жолда біреуін жеді. Ермекте неше алма қалды? -2. -4-қонжық орманда келе жатты қорбандап. Біреуі шаршады әрмен қарай бармады. Қанша қонжық кетті? -3. -Алма ағашта 5 алма Қандай тәтті жесе алма Бесеуінде жеп қойсаң Қалады онда неше алма? 0 -7-тапсырма «Суретке қарап есеп шығар» ойыны Суреттер бойынша есеп шығарады. $3+2=5$ $4-1=3$ -«Санамақ» айту. -8- тапсырма: «Дұрыс санай біл!» Өзіндік жұмыс Сурет бойынша санап, жазу. -9-тапсырма: «Пішіндер құрастыр» -Алдарындағы қимадан пішіндер геометриялық құрастыру. -Қорытынды: -Балалар бүгінгі сабақта біз қандай тапсырмалар орындадық? -Бүгінгі сабақ ұнады ма? -Қонақтарға «Көңілді күн» әнін орындап берейік.
--	---

М. П.БАЯМБЕТОВА

*ЖШС «Бақыт-Жан» бөбекжай-бақшасы тәрбиеші
Шымкент қаласы*

Тақырыбы: «Мамандығым-мақтанышым!» - 2021 ж (жас мамандар сайысы)

Мақсаты: Жас ұстаздардың біліктілігін, жан-жақты өз кәсібінің шебері екендігін сынау арқылы, оларды іскерлікке, мәдениеттілікке, өз кәсібіне үлкен жауапкершілікпен қарауға бар күш жігерін жұмсауға баулу.

Жүргізуші: Қайырлы күн, ұстаздар және жас мамандар! «Мамандығым-мақтанышым!» -2021 жыл жас мамандар сайысына қош келдіңіздер!

Жүргізуші:

«Мұғалім - тәуелсіз мемлекетіміздің болашағын қалап жатқан маман. Өйткені, ел болашағының кілті - бүгінгі жас ұрпақтың қолында. Жас ұрпақтың тағдыры олардың бойына білім мен ізгілік нұрын себуші - ұстаздардың қолында.

Жүргізуші:

Ұстаз кім? Ұстаздық не? Ұғамын ба,
Әлде ол қарапайым мұғалім ба?
Беттерін ұстаз дастан парактасаң,
Жанымды толтырады бұла мұңға.
Ұстаз! Ол - ақыл ойдың кені емес пе?
Көш бастар замананың ері емес пе?
Жатталып кейінгіге хаты қалған,
Ұстаз ол - күллі әлемнің нұры емес пе?

Жүргізуші:

Осы орайда ұстаздықты жүрек қалауымен таңдап, жоғары оқу орындарын ойдағыдай аяқтап, бала жүрегіне жол таба білген, білім нәрімен сусындатып қана қоймай, бала бойына тәлім-тәрбиенің асыл қазынасын құя білетін, жас та болса ұстаз деген атқа лайық, ортамызға келіп еңбек жолын бастап жатқан жас мамандарға қадамдарың құтты, еңбек жолдарың сәтті болсын деген тілек білдіреміз.

Жүргізуші:

«Жас маман деген кім?

Ж - жігерлі

А - алғыр

С - сұлу да сымбатты

М - мақсаткер

А - айтқанды екі етпейтін

М - мінезі жайсаң

А - арманшыл

Н - насихатты тез қабылдайтын жас мамандарды ортаға шақырамыз.

1. Шешендікке баулытып

Ана тілді сүйгізген

Айсұлудай қызыңыз

Танысыңыз, біліңіз.

Жүргізуші: Кутимова Айсулу Алишеровна «Балдырған» ересектер тобының тәрбиешісі

Туған айы-күні, жылы: 26.02.1986 ж

Сүйікті түсі- ақ

Сүйікті тағамы- палау

Сүйікті әншісі- Қайрат Нұртас

Еңбек өтілімі- 3,8 ай жыл

Жұлдызнамасы- балықтар

Өмірлік ұстамы: «Өзіңді құрметте, өзгелерді де құрметте»

2. Ата, әже, ана деп үйреткен

Қазақ тілінде сөйлеткен

Құралай бүгін ортамызда

Бақытын тауып жүр еңбектен.

Жүргізуші: Омарова Куралай Кальмуратовна «Балбұлақ» кіші тобының тәрбиешісі

Туған айы-күні, жылы: 26.01.1983 ж

Сүйікті түсі- қызыл

Сүйікті тағамы- манты

Сүйікті әншісі- Нұрлан Еспанов

Еңбек өтілімі- 8 ай

Жұлдызнамасы- суқұйғыш

Өмірлік ұстамы: «Шыдаудың өзі ащы болса да, жемісі тәтті».

3.Ойында мейірім, ақ тілек.

Жүреді әр кез,бәріне көмектесіп , бақ тілеп.

Арайлым біздің қашанда

Сыпайы, мақтап қойсаң әрі ақ жүрек.

Жүргізуші: Орынбаева Арайлым Назарқызы «Балапан» ортаңғы тобының тәрбиешісі

Туған айы-күні,жылы: 23.11.1994ж

Сүйікті түсі- қызыл

Сүйікті тағамы- манты

Сүйікті әншісі- Ернар Айдар

Еңбек өтілімі-1ж 2 ай

Жұлдызнамасы- мерген

Өмірлік ұстамы: «Дүниедегі ең оңай нәрсе –біреуге ақыл айту,ең қиын нәрсе-өзінді-өзің түсіну»

4.Өнеге мол сөзінде,

Өнері көп өзінде.

Ақ ниетті кең пейіл, 4 баланың анасы

Балжанның көр өнерін

Жүргізуші: Айқынбаева Балжан Балтабайқызы «Балдәурен» ортаңғы тобының тәрбиешісі

Туған айы-күні,жылы: 01.01.1987 ж

Сүйікті түсі- жасыл

Сүйікті тағамы- манты

Сүйікті әншісі- Тамара Асар

Еңбек өтілімі- 6 жыл

Жұлдызнамасы-тауешкі

Өмірлік ұстамы: Қандай атақ-даңққа жетсеңде қарапайым бол!

5.Әсем әннің шебері.

Әрбір сөзі мәнерлі.

Баулыған әрбір өренді,

Акерке біздің өнерлі

Жүргізуші: Ыслам Ақерке Еркінбекқызы «Балбөбек» II кіші тобының тәрбиешісі

Туған айы-күні,жылы: 31.07.1994ж

Сүйікті түсі-жасыл

Сүйікті тағамы-палау

Сүйікті әншісі- Құрманай Бақтиярқызы

Еңбек өтілімі-4,4

Жұлдызнамасы-арыстан

Өмірлік ұстамы: «Өзіңе сен,өзінді алып шығар.Еңбегіңмен ақылың екі жақтап»

Жүргізуші:Шын жүйріктер сыналады жарыста,

Жарыстың ба, орта жолда қалыспа!

Әділқазы бағалайды сіздерді,

Жеңіс мәре жақын ба, әлде алыс па?

Ендеше сіздердің өнерлеріңізді бағалап отыратын әділқазы мүшелерімен таныс болыңыздар.

ЖПС «Бақыт-Жан» бөбекжай-бақшасының құрылтайшысы - Умаралиева Азима Сайрамбековна

Ағылшын тілі пәні мұғалімі – Қажабекова Балгуль Сатбайқызы

Музыка пәнінің мұғалімі – Булегенова Райхан Сериковна

Жүргізуші: Сайысымызды бастамас бұрын байқаудың кезеңдерімен таныстырып кетейік.

Бірінші – «Сәлем сөздің анасы» Таныстыру сайысы

Бұл сайыста байқауға қатысушы өзі туралы және өзінің қызмет атқаратын ұжымын қызықты етіп таныстырады.

Бұл сайыс қатысушының қалаған түрінде жүргізіледі(*қатысушы ән айту, өлең оқу, т.б өзінің ізденісіне байланысты таныстыруына болады*).

Жүргізуші: Екінші Үй тапсырмасы «Әр білім саласы бойынша таратпа кеспелер»

Бұл сайыстың мақсаты баланың шығармашылық қабілетін, өнерге бейімділігін ашу. Сайыскер өз қалауына қарай сабақта қолданып жүрген ертегі түрлерімен таныстырады, шығармашылық қабілетін көрсетеді.

Жүргізуші: Үшінші «Білікті маман – Ел тірегі»

Бұл сайыс жекелеген мамандықтар негізінде сұрақ-жауап арқылы қатысушының білім деңгейін, кәсіптік біліктілігін, ой-өрісін тексеру мақсатында өтеді.

Жүргізуші: Төртінші «Портфолио» тексеру

Бұл сайыста тәрбиешінің жинақ папкасы тексеріледі.

Жүргізуші: Бесінші «Балабақша өмірінен» көрініс

Бұл сайыстың мақсаты қатысушының шығармашылық қабілетін, өзінің жұмыс барысындағы қабілеттілігін көрсетеді.

Жүргізуші: Алтыншы «Менің қиялым»

Тәрбиеші алған тобының апталық жүктемесін талдап айтып беру.

1. Бүгінде озық – дәстүр, салт-сананы

Берік ұстап, сүйетін от панасын.

Ұстаздар кетсін өзін таныстырып.

Қуанып жолдас-жора, құрдастарын.- деп сайысымыздың келесі шарты, ата салтымыздан қалыптасып қалған «Сәлем – сөздің анасы» дегендей сайыскерлеріміз өздерін-өзі таныстыруға кезек берейік.

Бағасы:

2. Үй тапсырмасы «Әр білім саласы бойынша таратпа кеспелер»

Бұл сайыстың мақсаты баланың шығармашылық қабілетін, өнерге бейімділігін ашу. Сайыскер өз қалауына қарай сабақта қолданып жүрген ертегі түрлерімен таныстырады, шығармашылық қабілетін көрсетеді.

3. **«Білікті маман – Ел тірегі» демекші.** Бұл сайыс жекелеген мамандықтар негізінде сұрақ-жауап арқылы қатысушының білім деңгейін, кәсіптік біліктілігін, ой-өрісін тексеру мақсатында өтеді.

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты қай жылы бекітілді және өзгерістер қашан енгізілді? Қандай бағдарламамен жұмыс жасайсыз?

2. Мониторинг мақсаты?

Баланың материалды игеру нәтижелері қанша балдық жүйеде бағаланады?

Диагностика оқу жылында неше рет жүргізіледі?

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны қанша білім беру саласын қамтиды?

Мектепке дейінгі ұйым топтарындағы балалардың апталық оқу жүктемесі атап өтіңіз.

4. 1 жастан 6(7)жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары қашан бекітілді және өзгерістер қашан енгізілді? Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы қандай?

Бағасы:

4.«Талпынған бала, талпынған құстай,

Құмары қанбас, аспанға ұшпай», - деп бабаларымыз дәл тауып айтқан.

Қазір ХХІ ғасырда ең бірінші орынға білім қойылды. Ұрпақ тәрбиесі мен оларға сапалы білім беру ұстазға байланысты. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсін» дегендей өнегелі ұстаздан білімді шәкірт шығатыны сөзсіз. Біз тек біліммен ғана алға жылжымыз. Ал сол білім нәрін беруші – ҰСТАЗ. Ендеше келесі бөлімде қатысушы жас ұстаздар «Тәрбиешілердің кешенді жинақ папкасы» қаралып, талапқа сай үздік толықтыру жинағы тексеріледі.

5. Жас мұраты білім, тәлім талабы.

Өнер, оқу – жастық қару жарағы – демекші бүгінгі сайысқа қойылатын бесінші кезең балабақша өмірінен өнерін көрсету.

Жүргізуші:

Өнер менен білімде,

Әркімнің өз жолы бар.

Сайысарлық бүгінде,

Өзіндік дара үні бар,- дегендей әділқазы төрелерге кімнің өнерлері ұнады екен, қане көрейік.(өнер сайысының бағаларын айту)

Ұшқыр ойға серік болсын шеберлік,

Сөз кезегін әділ қазыларға берейік.

Арамызда білімді достар көп екен,

Солардың біз нәтижесін көрейік. – деп бүгінгі сайысымыздың да өз шешімін хабарлауға «Бақыт-Жан» бөбекжай-бақшасының құрылтайшысы - Умаралиева Азима Сайрамбековнаны ортаға шақырамыз.

Жүргізуші: ХХІ ғасыр – Білім ғасыры. Ендеше ғасырдың сайысынан қалмайық. Еңсесі биік егеменді еліміздің адалдықты ту еткен алғыр ойлы, адал азамат ұл - қыздарына саналы тәрбие, сапалы білім беруде шаршамай, талмай еңбек етіп, еңбектеріңіздің жемісін көре беріңіздер. Біз сіздермен қоштаспаймыз, келесі кездескенше күн нұрлы болсын! – дейміз.

АБДУХАЙМОВА АЙНҰР АБДУАЛИЕВНА
ЖШС «Бақыт-Жан» бөбекжай-бақшасы тәрбиеші
Шымкент қаласы

Тақырыбы: «Р дыбысы мен әріпі»

Білім беру саласы: Қатынас

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Мақсаты: «Р» дыбысы мен әріпімен таныстыру,буындарды оқыту, сөздерге дыбыстық талдау жасату,сөйлем құрауға үйрету,балаларды тазалыққа ,ұқыптылыққа үйрету.

Көрнекі құралдар: әріп қималары,қолайна, жұмыс дәптері,түрлі суреттер.

Шаттық шеңбері:

Кел, балалар күлейік,

Күлкіменен түлейік!

Қабак түйген не керек,

Көңілді болып жүрейік.

Балалар бүгін біз «Р» дыбысымен танысамыз.

Әріп деген не?

Дыбыс деген не?

Қандай дыбыстарды білесіңдер?

«Р» әріпі үнді ,дауыссыз дыбыс.Р дыбысын айтуда дыбыс кедергіге ұшырап,тіліміз дірілдейді.Есте сақтап алыңдар.Енді суреттерге қарап сөз құрастырып көрейік.

«Р» Раушан «Р» Ракета «Р»Ромашка

Есік қағылады.Пошташы ағай сендерге сиқырлы сандық алып келдім деп сандықшаны береді.Қане балалар бұл сандықта не бар екен ашып көрейік.Ішінен әріп қималары шығады.Балалар қараңдаршы мұнда әріп қималары бар екен. Осы қималардан сөздер құрастырып көрейік. Ара, Роза, Рая, Арпа,Ар, Нар,Ор т.б

Енді «Р» әріпін жұмыс дәптерімізге жазайық.

Сергіту сәті: Саусақ жаттығуы

Бас бармағым бастап берді

Сұқ саусағым ән сап берді

Шылдыр шүмек шылдырлайды

Саусақтарым былдырлайды

«Телефон» дидактикалық ойын.

Ойын шарты:телефон арқылы айтылған сөзді басқа балаға жеткізі керек. Егер үзіліп қалса,үзіп алған балаға айыбын отейді.

«Р» әріпін тақтаға ілу

Р-ға тілі келмейді

Кей баланың басында

Р-де десең «И» дейді

Ол басқа әріп басында.

Шынымен балалар кей балалардың Р ға тілі келмейді екен.Қане, бәріміз дыбыстап көрейікші Р- Р- Р- Р- Р .

«Кім тапқыр» ойыны

Р дыбысы бар сөздер табу,сол сөзге қатыстырып сөйлес құрау.(Ойын гүл арқылы жүргізіледі).

Бағалау.

Қорытынды: Балалар гүл шоқтарын тілек шоғына айналдырайықшы.Жақсы тілектер айта отырып,гүл шоқтарын бір-біріне қосып жинау.Міне балалар қараңдаршы қандай әсем гүл шоқтары пайда болды. Келешекте сендерде осы гүл сияқты жайқалып өсе беріңдер.Сабағымызды аяқтаймыз.

ПСИХОЛОГИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ПАЙДАЛАНУ

СҮЙЕРҚҰЛ МАРЖАН БЕКҚЫЗЫ

Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Жаңабазар елді мекені

«М.Әуезов жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

Мамандық: Педагог-психолог Пән: Педагог-психолог

Бүгінгі таңда Қазақстанда білім берудің деңгейі мен сапасына жаңа талаптар қойылып отыр.

Қазақстан Республикасында соңғы жылдары білім беру саласындағы жүргізіліп жатқан реформалар еліміздегі білім беру сапасының әлемдік деңгейге сәйкес келуін қамтамасыз ету, сол арқылы әлемдік сұранысқа жауап бере алатын мамандарды даярлау және бәсекеге қабілетті білім беру болып табылады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев қазақстандық мұғалімдердің кәсіби даму саласындағы жаңа көзқарасы олардың педагогикалық өміріндегі қосымша оң өзгерістер енгізуге мүмкіндік беруде.

Білім сапасын көтеру мақсатында түрлі жаңалықтарды мектеп өміріне енгізіп жүрміз.

Жаңа заманның білімді ұрпақтарын тәрбиелеп оқытуда түрлі қиындықтар кездеседі. Соның жолдарын іздеуде көптеген іс- тәжірибелер жасаудамыз.

Сапалы білім беру – оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз үдерісі. Қазіргі кезде білім берудегі мақсат жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім өзіндік ой- талғамы бар, адамгершілігі жоғары, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру.

Қазір бүкіл әлемде интерактивті қатынас жасауға оны жүзеге асыратын техникалық мүмкіндіктерді дамытып отыра алатын ақпараттық қоғамға көштік. Бүгінгі күні инновациялық әдістермен ақпараттық технологияларды қолдану арқылы оқушының ойлау қабілетін арттырып, ізденушілігін дамытып, қызығушылығын тудыру, белсенділігін арттыру ең негізгі мақсат болып айқындалады.

Бүгінгі таңда білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді көздейді. Бұл білім беру жаңаша ұйымдастыру-оның философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді.

Сондықтан бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр. Ақпараттық және педагогикалық технологиялар негізінде оқытушының рөлін түбегейлі өзгертуге мүмкіндік туды, оқытушы тек қана білімді алып жүруші ғана емес, сонымен қатар оқушының өзіндік шығармашылық жұмысының жетекшісі және бағыт берушісі болып анықталды.

Оқушының өз бетімен жұмыс жүргізуі - шығармашылық қабілетті дамытудың басты жолы.

Бұл ізденіс, ойлау әрекетімен тікелей байланысты. Ол үшін балаға берілетін білім сабақтастықты қажет етеді. Мысалы, мәтін тақырыбына орай айналадағы естілген дыбысты, адамдардың, жануарлардың сыртқы пішініне әр түрлі сөздер арқылы қатысты сипаттама мәтін құрату, көркем мәтіннен сөздерді табу, оқушының тілін дамыту ғана емес, шығармашылықпен жұмыс жүргізуге де әсер етеді, яғни оқушы ізденеді, талаптанады, ойланады. Сонымен қатар қайталау сабағында ән-музыка, бейнелеу түрлерін көбірек пайдалану, оқушыға ұсынылған жаттығуда мәтін құрауға жиі көңіл бөлу де шығармашылық қабілетті арттырады.

Жаттығулардың бір қатары оқушының танымдық белсенділігін дамытып, шығармашылық әрекетін қалыптастыруға негізделеді. Оқушы тақырыпты меңгергеннен кейін жаттығу арқылы ойын жүйелеп, жұмыс жүргізуде, тапсырманы орындауда ойлау қабілетін жетілдіре түседі.

Ойлау мен сқйлеу қабілеті бір-бірімен тығыз байланысты.

Оқушының ойын жүйелеуде әртүрлі әдіс-амалдар қолданылады:

- жаңа материалды меңгеру;
- оқушыға бағыт беруғ яғни түрткі сұрақ, реплика беру;
- оқушының өзін көбірек сөйлету;
- тақырыпты бекіту;
- игерілген білімді тиынақтау;
- көрнекіліктердің әсерлігін тиімді пайдалану;

Оқушының өз бетімен ізденісіне деген қарым-қатынастық машықтар жүзеге асырылып, олар оқушылардың шығармашылық қабілетін жетілдіре түседі, яғни мәтін тақырыбын түсіну, ашу, ондағы негізгі ойды бөліп алу; шығармадағы негізгі кейіпкер, оқиға, құбылыс туралы өз пікірін тұжырымдау; өз ойын дұрыс жазу, айту оқушының байланыстырып сөйлеуін қалыптастырып, жетілдіруге, сөз қорын молайтуға, өзіндік көзқарасын орнықтыруға септігін тигізеді.

Оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдер ретінде «Диалог арқылы оқыту», «Қалай оқу керектігін үйрету» деп қарастырамыз. Диалог негізінде оқыту мен оқу оқушылардың өзара сұқбаттасуы және мұғаліммен оқушы арасындағы диалогтің шәкірттердің өзіндік ой-пікірін жүйелеу мен дамытуына көмектесетін амал.

АКТ-ны пайдалану бұл оқушыларға интерактамен жұмыс жасай білуге, ол арқылы сурет сала білуге, интернет желісін пайдаланып ақпараттар алуға, сюжетті суреттерді анық көруге, видеороликтер көруге дағдыландырады.

Қазақстанның көркеуі үшін оқушылардың таланты мен қабілетін ашып, оларды оқыту барысында дамыту өте маңызды. Мектепшілік шаралар өткізуде әр оқушының талантын байқаймыз, ал ешқандай шараға қатыспайтын тұйық оқушылар арасында әртүрлі қызықты жарыстар өткізу арқылы дарынын байқау болып табылады. Дамыта оқыту – дәстүрлі оқытуға соңғы уақыттарға дейін балама жүйе деп қарастырылды.

Оның нәтижесінде әр оқушы өзін - өзі өзгертуші субъект дәрежесіне көтерілуі көзделіп, соған оқыту барысында лайықты жағдайлар жасау үлкен нәтиже берді.

Дамыта оқытуда баланың ізденушілік – ойлау әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады.

Ол үшін бала өзінің бұған дейінгі білетін амалдарының, тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезетіндей жағдайға түсуі керек. Содан барып оның білім алуға деген ынта-ықыласы артады, білім алуға әрекеттенеді. Сабақ мұндай жағдайда төмендегідей үш құрамдас бөліктерден тұратын болады.

Оқу мақсаттарының қойылуы.

Оны шешудің жолын бірлесе қарастыру.

Шешімнің дұрыстығын дәлелдеу.

Оқушы алдына оқу мақсаттарын қоюда ешқандай дайын үлгі берілмейді. Мақсатты шешу іштей талқылау, сосын жинақтау арқылы жүзеге асады. Мұғалім сабақ үрдісін ұйымдастырушы, бағыттаушы адам рөлінде шешім табылған кезде әркім оның дұрыстығын өзінше дәлелдей білуге үйретіледі.

Әр оқушыға өз ойын, пікірін айтуға мүмкіндік беріледі, жауаптар тыңдалады. Әрине, жауаптар барлық жағдайда дұрыс бола бермес. Дегенмен әр бала жасаған еңбегінің нәтижесімен бөлісіп, дәлелдеуге талпыныс жасайды, жеке тәжірибесін қорытындылауға үйренеді.

* * * * *

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ БИОЛОГИЯ ПӘНДЕРІНДЕ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

ТӘЖІХАН АЙДАНА МАРАТҚЫЗЫ

Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Жаңабазар елді мекені

«М.Әуезов жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

Мамандық: Биология Пән: Биология.

Биология – ХХІ ғасыр ғылымы. Сондықтан да ол жаңа ақпараттық технологиялармен тығыз байланысты. Қазіргі кездегі білім беру жүйесіндегі негізгі мақсат оқушыға жеке тұлға ретінде қарап оның дамуына көп көңіл бөлуде. Бұл пәнді оқыту мұғалімнен зор міндеттерді талап етеді, өйткені ол бүкіл сыныптың қажеттіліктеріне жауап беруі тиіс.

Қазіргі уақытта Қазақстанның жалпы орта білім беретін мектептердің барлығы дерлік интерактивті тақтамен қамтамасыз етілген. Интерактивті әдіс диалогтік әдіс нәтижесінде сабаққа қатысушылар бір – бірімен байланыса отырып, мәселелерді шешеді. Интерактивті тақта мектеп сыныптарында әр пән бойынша, соның ішінде биологиядан зертханалық сабақтарды өткізген кезде оның құрылғылары қолданылады. Қарапайым тақта және компьютер проекторына қарағанда, интерактивті тақта сабақ мазмұнын кеңінен ашуына мүмкіншілігі өте зор. Интерактивті тақтаны пайдалану кезінде үлкен жетістікке қол жеткізу үшін, тек қана сауатты сабақ жоспарлап, керекті материалдарды дұрыс дайындау керек.

Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің оқу – тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруына көмектеседі. Сонымен қатар мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа көптеген адами қабілеттерінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді.

Мектептегі пәндерді оқыту процесінде компьютермен сабақ өткізу мұғалім мен оқушы қарым – қатынасы жүйесін, олардың іс - әрекетінің мазмұнын, құрылымын, өзгерте отырып, олардың мотивациялық эмоционалдық ортасына, сезімінің өсуіне әсер етеді.

Сабақта мұғалім интерактивті тақтаны бір емес бірнеше рет пайдалана алады, қарапайым тақтаға қарағанда интерактивті тақта пайдалануға ыңғайлы, әрі уақытты үнемдейді.

Интерактивті тақтаны оқытудың басқа тәсілдеріне қарағанда көптеген жетістіктері бар. Бұл жетістіктер туралы өз сабағында интерактивті тақтаны пайдаланатын мұғалімдер айта алады. Мұғалім әріптестерімен бірге отырып сабақ беру мен уақытты үнемдеу ғана емес, сонымен қатар берілген материалдардың сапасын да арттырады. Мұғалім оқытудың жаңа ақпараттық технологияларын меңгері, оны пайдалану арқылы өзінің материалдық базасын толықтырып, әрі уақытты үнемдейді.

Білім саласындағы міндеттерді жүзеге асыру үшін, мектеп ұжымында әр мұғалім күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен өзгерістерді сабақтарында енгізіп отырады. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше жан-жақты сауатты маман болу мүмкін емес.

Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік және көптеген адами қабілеттің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Оқыту мен тәрбиелеуге тың әдіс-тәсілдер енгізілді. Нәтижесінде тұтас педагогикалық үрдістер өзгертіліп, білім берудің тиімді деп танылған жаңа технологиялары дүниеге келеді.

Кез-келген оқыту технологиясы мұғалімнен терең теориялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік білімді, үлкен педагогикалық шеберлікті, шәкірттердің жан дүниесіне терең үңіліп, оны ұғына білуді талап етеді. Сондықтан оқушының рухани өсуіне жағдай туғыза алатын, жаңалықтарды қабылдауға даяр, өз әрекетіне өзгеріс енгізе алатын педагогтар ғана бүгінгі қоғамның мүддесі мен әр баланың үрдісінен шыға алады.

Ойы жүйрік, ақылы жетік, бәсекеге қабілетті, өзгерістерге бейім, жеке тұлғаны тек қана педагог қалыптастыра алады.

1. Білім беру мен білім алуға жаңа тәсілдер

Білім беру – жекелеген құбылыс немесе дағды емес, ол оқушылардың оқуға қабілетін жақсартуға мүмкіндік беретін педагогикалық тетіктердің біртұтас кешені деп айқындалған. Бағдарлама жалпы алғанда әлемдік дәрежеге жету мақсатын көздей отырып, жаңаша қырда қолданылатын технологияларды тиімді пайдалану.

2. Сыни тұрғыдан ойлауға оқыту

Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз - ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау. Өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау.

3. Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау

Бағалау – одан арғы білім туралы шешімді қабылдау мақсатымен оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жиынтықтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылатын термин. Мұғалімдер мен оқушылар өздерінің қандай мақсатқа жететіндерінің өлшемдерін түсіну. Осыған байланысты бағдарлама критерийлі бағалау тәсілдерін қарастырады.

4. Оқытуда ақпараттық – коммуникациялық технологияларды АКТ пайдалану

Оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану қоғамдағы өзгерісті танып білуге және оларды тез қабылдауға мол мүмкіндік береді. Жоспарланған сабақты тиімді өткізуге көмектеседі, оқушының ой өрісінің дамуына, зерттеулік жұмыстар жүргізуіне ықпал етеді. Бағдарлама соңында мұғалімдер ақпараттық-коммуникациялық технологияларды сенімді және сыни тұрғыдан пайдаланушыларға айналады.

5. Талантты және дарынды балаларды оқыту

Талантты және дарынды оқушыларға білім беруді дамытудың инклюзивті тәсілі негізінде осындай балаларды анықтау туралы ой-пікірлер мен зерттеулер жасау. Оқушылардың қабілеттерін дер кезінде анықтай білген ұстаз болашақ талантты да тани біледі.

6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқу

Белгілі бір шақтық кезеңге тән анатомиялық-физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерді әдетте жас ерекшеліктері деп атайды. Сондықтан педагогика және психология балалардың жас ерекшеліктеріндегі ширақтықты, өзгерімпаздықты айқындайды, тәрбиеленушінің және қоршаған ортамен жасайтын қарым-қатынастар жүйесіне тәуелді болатынын атап көрсетеді. Сол себепті бастауыш сынып оқушыларына сергіту сәтін жүргізуде жас ерекшеліктерді ескеріп отырып орындату қажет.

7. Білім беруді басқару және көшбасшылық

Аталған модуль білім берудің кез келген жүйесіндегі тұрақты даму мен өзгерістердің сырттан енгізілуі мүмкін емес, олар нақты сыныптардағы мұғалімдердің тәжірибесі мен түсініктеріндегі өзгерістерден бастау алу керек деген тұжырымға саяды. Қандай жағдай болмасын, өзіңіздің өмірлік ұстанымыңызды таңдай білу, адамдық көшбасшылыққа негізделеді. Олай болса, бағдарламаның негізгі идеясы сыни тұрғыдан бағалау, өзгерту және тәжірибе мен білім саясатын қайта бағалау мұғалімдер бастамасымен барлық деңгейлерде өзгерістердің іске асырылатыны негізделеді. Мектеп жұмысының бағдарламасына балаларға көшбасшы болуға үйрететін тренингтер, рөлдік ойындар кіреді.

Осы модульдерді тиімді пайдалану арқылы құзыретті мұғалім өз тәжірибесін жетілдіре түспек. Құзыретті мұғалімнің міндеті оқушының жеке тұлғалық ерекшелігіне мән беру. Құзырлы білім беруде ұстанатын факторы оқушының өздігінен білімнің мәнін меңгеруі және бағалай білуі. Бағдарлама нәтижесінде - тәуелсіз, ғылымға қызығушылығы ояңған, білім алуға бейім, сенімді, жауапты, сын тұрғысынан ойлай алатын, өзгелермен еркін тіл табысатын, сандық технологияларда құзыреттілігін көрсететін оқушылар дайындалады.

Биология пәнінен сабақ өту барысында интерактивті оқыту технологиясын, яғни белсенді «Естігенді мен ұмытпаймын», «Істеген ісіме жауап беремін» әдістерін қолдану оқушыларды іс-әрекеттеріне дұрыс баға беруге тәрбиелейді. Міндетім - сабақта берілген материалдарды оқушылар толық түсіну үшін, қолайлы жағдай туғызамын.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ КЕЙС ТЕХНОЛОГИЙ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

ХАИТОВА НАДИРАБЕГИМ АБДУЛАЗИЗОВНА

Город Шымкент, Енбекшинский район

КГУ «Общеобразовательная средняя школа № 96 им. М. Ауэзова»

Учитель русского языка и литературы

В соответствии с принципами обновленной системы образования развитие казахстанских учащихся будет проходить с помощью внедрения активных форм обучения, которые предполагают самостоятельное развитие функциональной грамотности, активного поиска знаний, желание развивать коммуникативные навыки общения со сверстниками и творчески подход к решению проблем.

В частности, целью уроков русского языка и литературы должны стать не только расширение словарного запаса учеников, не только изучение произведений классиков русской словесности, но и развитие у школьников умения мыслить, анализировать, развивать способности к собственному творчеству с использованием богатства устной и письменной речи.

Для решения поставленных задач педагоги в учебном процессе используют современные образовательные технологии. Одним из них являются кейс-технологии, которые позволяют учащимся осуществлять познавательную и творческую деятельность, улучшать качество знаний и эффективно использовать урочное время. Кейс-технологии сочетают в себе ролевые игры, методы проектов и ситуативный анализ. Кейсы отличаются от обычных образовательных задач.

Обычные задачи имеют, как правило, одно решение и один правильный путь, приводящий к этому решению, а кейсы имеют несколько решений и множество альтернативных путей приводящих к нему. В кейс-технологии производится анализ реальной ситуации, описание которой одновременно отражает не только какую-либо практическую проблему, но и актуализирует определенный комплекс знаний, который необходимо усвоить при разрешении данной проблемы.

Кейс-технология применима в преподавании любых предметов, если основные задачи, поставленные на уроке - это обучение навыкам критического мышления, принятия решений независимого характера.

Самыми удобными для использования кейс-технологии являются уроки русского языка и литературы, поскольку именно на этих уроках при работе с текстом мы подводим детей к той или иной мысли. При решении общей проблемы на уроках русского языка и литературы полезной оказывается совместная деятельность, которая позволяет всем учащимся полностью осмыслить и усвоить учебный материал, дополнительную информацию, а главное – научиться работать совместно самостоятельно.

Суть кейс-технологии – анализ реальной ситуации, описание которой одновременно отражает не только какую-либо практическую проблему, но и актуализирует определенный комплекс знаний, который необходимо усвоить при разрешении данной проблемы. При этом сама проблема не имеет однозначных решений. Будучи интерактивным методом обучения, он позволяет повысить интерес учащихся к предмету. Применение данной технологии помогает развить в детях такие важные для дальнейшей жизни качества, как коммуникабельность, социальная активность, умение правильно представить своё мнение и выслушать мнение другого человека. Кейсы могут быть представлены в различной форме: от нескольких предложений до множества страниц. Однако следует иметь в виду, что большие кейсы вызывают у обучающихся некоторые затруднения по сравнению с малыми, особенно при работе впервые.

Наиболее простой вариант кейса – учащимся дается некий отрывок текста, несущего в себе нравственную проблематику, и предлагается придумать, предугадать, как будут развиваться события дальше. Например, рассказ Льва Толстого «После бала» или отрывок из произведения того же писателя «Детство», где основой анализа может стать поступок мальчика, имеющего очень чуткую, «жалостливую» натуру, тем не менее, поддается всеобщему негативному порыву и вместе со своими товарищами издевается над другим мальчиком.

ОБНОВЛЕННАЯ ПРОГРАММА - НОВОЕ СОДЕРЖАНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ

ХАИТОВА ДАНА АЗАТОВНА

*Город Шымкент, Енбекшинский район
ДМЦ «Жамал» Группа «Карлыгаш» Воспитатель*

Русский язык как средство межнационального общения и как официальный язык Республики Казахстан занимает одно из ведущих положений. Функционирующее в обществе казахско-русское двуязычие играет позитивную роль в процессе овладения русским языком учащимися казахской школы. Изучение языка помогает ученикам приспособиться к изменениям на мировом уровне, понять языковые ценности и по-новому взглянуть на окружающую его жизнь.

Сегодня речевая культура испытывает значительные изменения. Среди них мы можем выделить такие положительные тенденции, как:

- расширение словарного состава языка в области экономической, политической и юридической лексики;
- приближение языка СМИ к потребностям достоверного освещения реальности. Наряду с этими положительными тенденциями в современной речи получили развитие и
- отрицательные тенденции:
- множество необоснованных заимствований;
- бесчисленное количество нововведений;
- следование речевой моде;
- чрезмерное употребление просторечий, жаргонов, вульгаризмов, обесцененной лексики;
- употребление сленгов;
- снижение уровня общей культуры и как следствие культуры речи.

Поэтому наша задача, состоит в том, чтобы сохранить национальные языковые и культурные традиции. В среде школьников заметно усилилось использование слов сниженной стилистической окраски, что ведет к снижению уровня языковой компетенции носителей языка, к обеднению индивидуального словаря, к расшатыванию норм языка литературного.

Источником формирования речевой культуры школьника в современном мире является не только школа, но и семья, книги, друзья, СМИ, Интернет, телевидение.

Чтобы научить ребенка не только говорить правильно и отличать правильные в языковом отношении выражения от неправильных, но и использовать языковые средства применительно к контексту и ситуации общения. Учащиеся должны уметь выбрать из всего языкового богатства необходимые по смыслу слова или его формы, соблюдать единство стиля, избегать повторений, заботиться о чистоте и благозвучии речи. Этому его должен научить педагог.

Перед педагогами встала новая дилемма: учащиеся должны стать самостоятельными, мотивированными, заинтересованными, уверенными и интеллектуально развитыми личностями.

Необходимо воспитывать и развивать эти качества у учащихся, используя:

- деятельностный подход в обучении и преподавании (на основе учебной деятельности учащиеся приходят к пониманию необходимости получения новых знаний);
- исследовательский подход (что я знаю, что я хочу узнать, чему я научился);
- развивающее обучение (учащийся овладевает способами действий, учится конструировать свою учебную деятельность и управлять ею);
- мотивирование, поддержка обучения учащихся посредством «оценивания для обучения»;
- взаимообучение, взаимооценивание учащихся;
- организация индивидуальной, групповой деятельности учащихся и работы всего класса;
- дифференцированное обучение (постановка задач согласно потребностям ученика, через формирующую оценку).

Рекомендуемые стратегии, методы и технологии обучения предмету «Русский язык»:

- стратегии: самоуправляемая, экспериментальная, критическая, коммуникативная, контекстная;
- технологии: работа в малых группах (команде), кейс-стадии (анализ конкретных ситуаций), ролевые и деловые игры, модульное обучение;
- методы: проблемное обучение, индивидуальное обучение, междисциплинарное обучение, обучение на основе опыта, проектный метод.

Необходимо обратить внимание на постановку четких целей обучения и критериев успеха для измерения успешности и определения последующих шагов в обучении.

Важность предмета «Русский язык» определяется необходимостью создания условий для развития у учащихся четырех видов речевой деятельности (аудирования, говорения, чтения и письма).

Изучение предмета «Русский язык» способствует:

- формированию навыков слушания, чтения и понимания текста, говорения и письма;
- пополнению словарного запаса коммуникативной лексики русского языка;
- развитию коммуникабельности, диалогической и монологической речи;
- развитию умения работать в паре, в группе, выполнять различные роли (лидера, исполнителя);
- получению первоначальных знаний о разделах русского языка (лексике, грамматике, орфографии и пунктуации);
- развитию уважения к культуре народов многонационального Казахстана и других стран.

Предмет «Русский язык» способствует развитию навыков общения, создавая стимулирующую и поддерживающую среду, в которой поощряется и ценится коммуникация в различной форме и где учащиеся уверенно выражают свое мнение.

Значительное внимание уделяется осуществлению связи с родным языком при обучении русскому языку и считаю эффективным перевод текстов и хоровое проговаривание слов со специфическими русскими звуками. В проговаривании русских звуков большую помощь могут оказать качественная аудиозапись или видеофильмы.

Таким образом, тщательный подбор дидактического материала, интересных заданий творческого и поискового характера помогают воспитывать у учащихся интерес к изучению русского языка, развивают творческие способности, формируют умения и навыки учебного труда и потребности самостоятельно пополнять свои знания.

Язык – наше бесценное наследство, с ним мы не расстаемся на протяжении всей жизни, поэтому нельзя быть безразличным к тому, как мы пользуемся языком, как выражаем свои чувства и мысли, как ценим родное слово. Этому мы должны научить и своих учеников.

* * * * *

ЕРУБАЕВА ЛИДА КЕНЖЕБАЕВНА

Бастауыш білім беру мұғалімі

Ақтөбе қаласы Ш.Құдайбердіұлы атындағы

№ 66 жалпы білім беретін орта мектебі

Бөлім	Өнер	
Педагогтің аты - жөні		
Күні		
Сынып:3 «»	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны
Пәні	Әдебиеттік оқу	
Сабақтың тақырыбы	Шешеннің сөзі ортақ. «Әнет баба өсиеті» Б. Адамбаев	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	3.1.3.1 шығармадағы кейіпкерлердің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне, ондағы оқиғаларға сүйеніп, сюжеттің дамуын болжау	
	Барлық оқушылар: шығармадағы кейіпкерлердің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне, ондағы оқиғаларға сүйеніп, сюжеттің дамуын болжайды; Оқушылардың басым бөлімі: сызбаға сүйеніп, шешендік сөздер туралы ойын қарытып айтады; Кейбір оқушылар: Мәтіндегі ақпаратты қажетіне жаратады;	
Бағалау критерийі	- сызбаға сүйеніп, шешендік сөздер туралы ойын қарытып айтады; - сызбаға сүйеніп, шешен адамға тән сипаттарды айтады; - мәтіндегі ақпаратты қажетіне жаратады;	

Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі /уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 8 минут	Сабақтың тақырыбы мен мақсатымен таныстырады Үй тапсырмасы (1балл) Қызығушылығын ояту Мақал мәтелдерді оқы, мағынасын түсіндіріп көр. 1.Жақсы сөз жаныңды жадыратады, Жаман сөз уйымға салындырады; 2.Тауып айтқан сөзге күн жетпейді, Біліп йатқан сөзге мін жетпейді; 3.Жақсы сөз –жарым ырыс	Сабақтың тақырыбы мен мақсатымен танысады Мақал – мәтелдерді оқып, мағынасын түсіндіреді Сұраққа жауап береді	Үй тапсырмасы (16)	Оқулық 12-13-бет
Сабақтың ортасы 15мин	1-тапсырма «Болжам» әдісі Түсініп оқы. Әнет бабаның өсиетін Қазыбек би қалай түсінді? Сызбаға сүйеніп, шешендік сөздер туралы ойыңды қорытып айтыңдар Дескриптор: -сұраққа жауап береді(16) - Сызбаға сүйеніп, шешендік сөздер туралы ойын қорытып айтады (36) 2-тапсырма Сызбаға сүйеніп, шешен адамға тән сипаттарды айтады, өздеріңнің қосатындарыңды айтыңдар Дескриптор: Сызбаға сүйеніп, шешен адамға тән сипаттарды айтады (26) - өздеріңнің қосатындарың айтады(36)	Түсініп оқиды, сұраққа жауап береді, сызбаға сүйеніп, шешендік сөздер туралы ойыңды қорытып айтады; Сызбаға сүйеніп, шешен адамға тән сипаттарды айтады, өздеріңнің қосатындарың айтады	4 балл 5 балл Барлығы 10 балл	Әнет бабаның суреті Қазыбек бидің суреті
Сабақтың аяғы 7минут	«Сұрақ -жауап» әдісі Бүгінгі сабақта не үйрендің? Сен үшін не қиын болды? Саған қандай тапсырма қызықты болды?	Оқушылар қойған сұрақтарға жауап береді	«Басбармақ» әдісі	Үйге тапсырма 12-13 бет оқу, мазмұны

РЕИМОВА ЗИНЕГҮЛ СЫРЛАНҚЫЗЫ

Бастауыш білім беру мұғалімі

Ақтөбе қаласы Ш.Құдайбердіұлы атындағы

№ 66 жалпы білім беретін орта мектебі

Бөлім	Табиғат құбылыстары	
Педагогтің аты - жөні		
Күні		
Сынып:4	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны
Пәні	Әдебиеттік оқу	
Сабақтың тақырыбы	Төрт түсті - жер үсті	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	4.2.3.1 шығарманың тақырыбы және негізгі ойды анықтау, автордың ойын мәтін деректерінен келтіре отырып дәлелдеу 4.2.9.1 түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты табу, өңдеу және тұжырым жасау және себеп-салдарлық байланысын сызба түрінде көрсету	
	Барлық оқушылар: шығарманың тақырыбы және негізгі ойды анықтайды, автордың ойын мәтін деректерінен келтіре отырып дәлелдейді, түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты табады, өңдейді және тұжырым жасайды және	

	себеп-салдарлық байланысын сызба түрінде көрсетеді Оқушылардың басым бөлімі: шартты белгілерге түсініктеме береді, шартты белгі ойлап табады. Кейбір оқушылар: негізгі ойды оқиды және жазады.		
Бағалау критерийі	- шартты белгілерге түсініктеме береді, шартты белгі ойлап табады - негізгі ойды оқиды және жазады.		
Сабақтың барысы			
Сабақтың кезеңі /уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау
Сабақтың басы 8 минут	Жаңа бөліммен таныстыру Ой қозғау Сурет бойынша жыл мезгілдері туралы әңгімеле. Сабақтың тақырыбы мен мақсатымен таныстырады Өлеңдегі негізгі ойды анықтайсың. Тапсырманың себеп – салдарлық байланысын сызба арқылы көрсетесің Жыл мезгілдерін, айларын сызба арқылы бейнелеп көрсетіндер.	Баланың назарын сабаққа аудару Сабақтың тақырыбы мен мақсатымен танысады	
Сабақтың ортасы 9 минут	Автор туралы әңгімелеу 1-тапсырма. «Қойын дәптер» әдісі Түсініп оқы. Сұрақтарға жауап бер.	Өлеңді оқып,сұрақтарға жауап береді	Дескриптор: түсініксіз сөздің мағынасын ашады-1б өз ойын қисынды және жүйелі түрде жеткізеді-1б
6 минут	2-тапсырма Пікіріңді айт. Сұрақтарға жауап бер.	Берілген сұрақтар бойынша пікір айтады. Шартты белгілерге түсініктеме береді. Шартты белгі ойлап табады.	автор туралы әңгімелейді-1б
7 минут	3-тапсырма Қай табиғат құбылыстарының шартты белгілері берілген? Табиғат құбылысының бір түріне шартты белгі ойлап тауып, суретін сал.		Дескриптор: сұрақтар бойынша пікір айтады-1балл әңгімедегі оқиғалардың дәйектілігін анықтайды-1балл
8 минут	4 тапсырма «Қорытындылау» әдісі Атасының Шырайлымға айтқан сөзінен негізгі ойды тауып,оқы және жаз.	Негізгі ойды оқиды және жазады.	Дескриптор: шартты белгілерге түсініктеме береді-1балл шартты белгі ойлап табады-1балл Дескриптор: негізгі ойды тауып,оқиды-1балл негізгі ойын жазады-1балл кейіпкердің іс-әрекетін бағалайды, қорытынды жасай алады-1балл
Сабақтың аяғы 7 минут	«Білім банкасы» әдісі Оқушылар стикерге сабақтан алған қажетті ақпараттарыңды жаз және оқы. Үйге тапсырма. Жер ананың адамға ұқсастығы туралы жаз.	Оқушылар стикерге сабақтан алған қажетті ақпараттарын жазады және оқиды.Білім банкасына салады.	«Комментарий» әдісі

МАЗМҰНЫ

- СУЛТАНБЕКОВА ГҮЛЬЗАДА ГАЙНЕДЕНОВНА
- ШОКИБАЕВА РИМА МАМРАИМОВНА
- СЕРДАЛИНА АЙНАШ ИДЕЯТОВНА
- АЙМАГАНБЕТОВА ИЛЬМИРА АБДИГАЛИЕВНА
- ИЗТЛЕУОВА НҰРЖАМАЛ АЗАМатовНА
- СКАКОВА ЖАРҚЫН ШАРИПОВНА
- МУСАБАЕВА БАҚЫТ ОРЫНБАЕВНА
- АЙТЫМ АЙДАНА РАХЫМБЕКҚЫЗЫ
- КОШАНОВ ЕРНАР КАНАТОВИЧ
- ТЛЕУБЕКОВА АНАР КОМЕКБАЕВНА
- ЕСЕНТАЕВА ГҮЛЬХАН БУЛАТОВНА
- БОРАНБАЕВ ГАЛЫМ САДУАКАСОВИЧ
- КУРЖУБАЕВА ПЕРИЗАТ АМАНГЕЛЬДИКЫЗЫ
- ХАЛАМИ БЕРГЕНГҮЛ
- НАРШАБАЕВА ШОЛПАН САҚИҚЫЗЫ
- БАЙБОСЫНОВА АҚЛГЕК ШАРАПҚЫЗЫ
- БЕКЕТАЕВА МЕРУЕРТ ТҰРҒАНБЕКҚЫЗЫ
- ШҮЙІНШӘЛИЕВ ТЕМІРЛАН
- РЫСҚАЛИЕВА НҰРГУЛЬ ЖАНБЫРБАЕВНА
- БАЙСАЛБАЕВА ШОЛПАН АҚЫЛБЕКОВНА
- ҚУАНЫШБАЕВА ЖАНАР ЛЕСОВНА
- ОНГАРБАЕВА ГҮЛШАТ КАРСЫБАЕВНА
- БАЯМБЕТОВА МАРЖАН ПЕРНЕБАЕВНА
- М. П.БАЯМБЕТОВА
- АБДУХАЙМОВА АЙНҰР АБДУАЛИЕВНА
- СҮЙЕРҚҰЛ МАРЖАН БЕКҚЫЗЫ
- ТӘЖІХАН АЙДАНА МАРАТҚЫЗЫ
- ХАИТОВА НАДИРАБЕГИМ АБДУЛАЗИЗОВНА
- ХАИТОВА ДАНА АЗАТОВНА
- ЕРУБАЕВА ЛИДА КЕНЖЕБАЕВНА
- РЕИМОВА ЗИНЕГҮЛ СЫРЛАНҚЫЗЫ